- Проекторды 1500 м шамадан жоғары биіктікте пайдалансаңыз, проектордың ішкі температурасы дұрыс реттелгеніне көз жеткізу үшін **Installation** мәзірінде **High Altitude Mode** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Проекторды ылғалдылығы жоғары және шаңды жерлерде, сондай-ақ өрт немесе темекі түтіні шығатын орындарда орнатпаған дұрыс.


### » Қатысты сілтемелер

- "Проекторды реттеу және орнату опциялары" [p.31](#)
- "Интерактивті мүмкіндіктерді пайдалану кезіндегі параметрлер" [p.32](#)

## Проекторды реттеу және орнату опциялары


Проекторды келесі әдістер бойынша реттеуге немесе орнатуға болады:

Алды/Арты




Проекторды үстел сиякты бетте қолданған кезде аяқтарын тіркеңіз (берілген болса).

Алдыңғы бөлігі төңкерілген/артқы бөлігі төңкерілген



Алдыңғы бөлігі төңкерілген/артқы бөлігі төңкерілген (тігінен)



Проектордың **Installation** мәзірінде пайдаланылып жатқан орнату әдісі бойынша дұрыс **Projection** опциясын таңдаңыз. Қажет болса, проектордың **Operation** мәзірінде **Inv Direction Button** параметрін іске қосыңыз және проектордың **Display** мәзірінде **Menu Rotation** параметрін баптаңыз.



- Өдепкі **Projection** параметрі — **Front/Upside Down**.
- **Projection** параметрін қашықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін шамамен 5 секунд бойы басу арқылы өзгертуге болады.
- **Front** параметрін **Front/Upside Down** етіп ауыстыру
- **Rear** параметрін **Rear/Upside Down** етіп ауыстыру

» Қатысты сілтемелер

- "Проекциялау режимдері" [p.58](#)

## Интерактивті мүмкіндіктерді пайдалану кезіндегі параметрлер

Экранның алдындағы интерактивті мүмкіндіктерді, жобаларды пайдаланған кезде (EB-770Fi/EB-760Wi).

**Projection** параметрін **Front/Upside Down** немесе **Front** параметріне орнатыңыз.



## Назар аударыңыз

Интерактивті мүмкіндіктер инфрақызыл диапазондағы байланыс арқылы басқарылады. Проекторды орнатқан кезде келесі нүктелерді ескеріңіз.

- 3° немесе одан көп градус бұрышқа еңкейтілген проекторды орнатпаңыз. Интерактивті мүмкіндіктер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Интерактивті қалам қабылдағышында, проекция экранында, проектордың өзінде немесе проектордың артқы жағында қатты жарықтың немесе күн сәулесі шағылысуының болмауын тексеріңіз.
- Проекторды терезе арқылы тікелей күн сәулесі әсеріне ұшырайтын жерге орнатпаңыз. Бұл интерактивті мүмкіндіктердің дұрыс жұмыс істемеуіне әкеліп соқтырады.
- Проекторды интерактивті қалам қабылдағышы флюоресцентті сәулелерге тым жақын болмайтындай етіп орнатыңыз. Егер айналадағы аймақ тым жарық болса, интерактивті мүмкіндіктер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер интерактивті қалам қабылдағышына қандай да бір шаң қонған болса, ол инфрақызыл диапазондағы байланысқа кедергі тудырып, нәтижесінде интерактивті мүмкіндіктер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Лас болса, қабылдағышты тазалаңыз.
- Интерактивті қалам қабылдағышының қақпағын сырламаңыз немесе оған ештеңе жабыстырмаңыз.
- Интерактивті мүмкіндіктерді пайдаланған кезде инфрақызыл қашықтан басқару пульті немесе микрофонды онымен бір бөлмеде қолданбаңыз. Интерактивті қалам дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Айналмалы құрылғылар немесе трансформаторлар сияқты қатты шу шығаратын құрылғыларды проектордың жанында қолданбаңыз, себебі интерактивті мүмкіндіктер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



- Бұдыр емес тегіс, тақта түріндегі экранды қолдану ұсынылады. Проекцияланған экран тегіс болмаса, проекцияланған суретте бұрмаланулар болуы мүмкін.
- Проекцияланған экранда бұрмаланулар экранның материалына және орнату әдісіне байланысты туындауы мүмкін.
- Интерактивті мүмкіндіктерді пайдаланған кезде проекторды ешбір бұрмаланусыз тік етіп орнатыңыз.
- Бірнеше проекторлармен бір бөлмеде интерактивті мүмкіндіктерді қолданып жатсаңыз, интерактивті қалам әрекеттері тұрақсыз болуы мүмкін. Бұндай жағдайда сатып алуға болатын 3,5 мм стерео шағын ұяшықты аудио кабельдерін проекторларға жалғаңыз және проектордың **Pen/Touch** мәзіріндегі **Sync of Projectors** параметрін **Wired** параметріне ауыстырыңыз.  
☛ **Pen/Touch > Installation of Projectors > Sync of Projectors**

## » Қатысты сілтемелер

- "Түрту құрылғысын пайдалану кезіндегі параметрлер" [p.33](#)
- "Компьютерді интерактивті мүмкіндіктермен пайдалану үшін жалғау" [p.37](#)

## Түрту құрылғысын пайдалану кезіндегі параметрлер

Түрту құрылғысын пайдаланған кезде проекторды келесі әдістердің бірі арқылы орнатыңыз. Басқа орнату әдісі қолданылған кезде, түрту құрылғысын пайдалану мүмкін болмайды.

- Проекторды қабырғаға орнатыңыз немесе оны төбеге іліңіз де, кескіндерді экранның алдыңғы жағынан проекциялаңыз (орнату тақтасы немесе сатып алуға болатын төбе кронштейні қажет).
- Үстелге тік орнатыңыз және үстелдің алдында проекциялаңыз (сатып алуға болатын үстел кронштейні қажет).

Түрту құрылғысын орнату әдістері мен бұрышты реттеу әдістерін проектордың *Орнату нұсқаулығы*нан қараңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Интерактивті түрту әрекеттеріне арналған қауіпсіздік нұсқаулары" [p.101](#)
- "Саусағыңызбен интерактивті түрту әрекеттерін қолдану" [p.99](#)

- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)

Проекторды түрлі проекция көздеріне қосу үшін осы бөлімдерді қараңыз.

## Назар аударыңыз

- Жалғау үшін жоспарланған кез келген кабельдегі қосқыштардың пішінін және бағдарын тексеріңіз. Егер сәйкес келмесе, қосқышты портқа күштемеңіз. Құрылғы немесе проектор зақымдалып немесе дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.



Проекторыңызбен бірге берілетін кабельдер тізімін көру үшін *Қысқаша іске қосу нұсқаулығы* ішінен қараңыз. Қажет болғанда қолжетімді кабельдерді сатып алыңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Компьютерге жалғау" [p.34](#)
- "Бейне көздеріне жалғау" [p.38](#)
- "Сыртқы USB құрылғыларына жалғау" [p.39](#)
- "Құжат камерасына жалғау" [p.41](#)
- "Принтерді қосу" [p.41](#)
- "Сыртқы құрылғыларға жалғау" [p.41](#)
- "Бірдей модельді бірнеше проекторды жалғау" [p.43](#)

## Компьютерге жалғау

Компьютерді проекторға қосу үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "VGA бейне және аудио үшін компьютерге жалғау" [p.34](#)
- "USB бейне және аудио үшін компьютерге жалғау" [p.35](#)
- "HDMI бейне және аудио үшін компьютерге жалғау" [p.36](#)
- "Қабырға тақтасына орнатылған шағын компьютерге қосу" [p.36](#)
- "Компьютерді интерактивті мүмкіндіктермен пайдалану үшін жалғау" [p.37](#)

## VGA бейне және аудио үшін компьютерге жалғау

VGA компьютер кабелі арқылы проекторды компьютерге жалғауға болады.

Сатып алуға болатын 3,5 мм стерео ықшам ұялы аудио кабелін жалғап, проектордың динамик жүйесі арқылы дыбысты ойнатуға болады.




- VGA бейне порты жоқ компьютерге жалғау үшін проектордың VGA бейне портына қосылуға мүмкіндік беретін адаптер сатып алу қажет болады.
- Computer2/Monitor Out портына қосылған сурет көзінен проекциялау үшін проектордың **Signal I/O** мәзірінде **Monitor Out Port** параметрін **Computer2** етіп орнатыңыз.
- Сонымен қатар порты проектордың **Signal I/O** мәзірінде компьютер көзін **Audio Output** параметрі ретінде проекциялау кезінде аудио дыбысын кіргізуге орнатуға болады.
- Аудио кабелі "No resistance" (Кедергі жоқ) деп белгіленгеніне көз жеткізіңіз.

**1**


Компьютер монитормының портына VGA компьютер кабелін жалғаңыз.

**2**

Басқа шетін проектордағы Computer портына жалғаңыз.



- 3** VGA қосқышындағы бұрандаларды бекемдеңіз.
- 4** Аудио кабелін ноутбук құлаққабына немесе аудио шығыс ұясына не жұмыс үстелі динамигіне не болмаса аудио шығыс портына жалғаңыз.
- 5** Басқа шетін өзіңіз пайдаланып жатқан Computer портына сәйкес келетін Audio портына жалғаңыз.




## USB бейне және аудио үшін компьютерге жалғау

Егер компьютер жүйе талаптарына сәйкес болса, компьютердің USB порты арқылы проекторға бейне және аудио шығысын жіберуге болады. Бұл функция USB Display деп аталады. Проекторды компьютерге USB кабелінің көмегімен жалғаңыз.



- USB хабын пайдалансаңыз, қосылым дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. USB кабелін тікелей проекторға жалғаңыз.
- USB Display функциясын пайдалану үшін, проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **USB Display** параметрін **On** күйіне орнатыңыз (EB-770Fi/EB-760Wi).

- 1** Кабельді проектордың USB-B1 немесе USB-B портына жалғаңыз.



- 2** Басқа шетін компьютердегі кез келген қолжетімді USB портына жалғаңыз.
- 3** Проекторды және компьютеріңізді қосыңыз.
- 4** Epson USB Display бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін келесінің бірін орындаңыз:



Проекторды компьютерге жалғаған уақытта бірінші осы бағдарламалық жасақтаманы орнату ғана қажет.

- Windows: Epson USB Display бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, көрсетілген диалогтік терезеден **Run EMP\_UDSE.EXE** параметрін таңдаңыз.
- Mac: Epson USB Display орнату қалтасы экраныңызда көрсетіледі. Epson USB Display бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, **USB Display Installer** параметрін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз. USB Display **Орнату** қалтасы автоматты түрде көрсетілмесе, **EPSON\_PJ\_UD > USB Display Installer** тармағын екі рет басыңыз.

- 5** Экрандағы кез келген нұсқауларды орындаңыз.

Проектор кескінді көрсеткенге дейін USB кабелін ажыратпаңыз немесе проектор қуатын өшірмеңіз.

Проектор компьютердің жұмыс үстелінен кескінді көрсетеді және презентацияңыз аудионы қамтитын болса дыбыс шығарады.



- Проектор қандай да бір кескінді проекцияламайтын болса, келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
- Windows: **All Programs** бөліміне немесе **Start > EPSON Projector > Epson USB Display Ver.x.xx** тармағына өтіңіз.
- Mac: **Application** қалтасындағы **USB Display** белгішесін екі ерт басыңыз.
- Проекциялау аяқталған кезде келесі әрекеттің бірін орындаңыз:
- Windows: USB кабелін ажыратыңыз. **Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу** функциясын басқару қажет емес.
- Mac: Мәзір жолағындағы **USB Display** белгішесі мәзірінен немесе **Dock** ішінен **Ажырату** опциясын таңдаңыз және USB кабелін ажыратыңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "USB Display жүйесінің талаптары" [p.323](#)

## HDMI бейне және аудио үшін компьютерге жалғау


Компьютеріңізде HDMI порты бар болса, проекторға HDMI кабелі арқылы жалғануға және проекцияланған кескіні бар компьютер аудиосын жіберуге болады.

**1**

Компьютердің HDMI шығыс портына HDMI кабелін жалғаңыз.

**2**

Басқа шетін проектордың HDMI портына жалғаңыз.



HDMI қосылымы арқылы аудионы естуге байланысты мәселелер орын алса, сатып алуға болатын 3,5 мм стерео ықшам ұялы аудио кабелінің бір шетін проектордың Audio портына және басқа шетін компьютердің аудио шығыс портына жалғаңыз. Жалғанған аудио кіріс портын проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **HDMI Audio Output** параметрі ретінде таңдаңыз.


## Қабырға тақтасына орнатылған шағын компьютерге қосу

Проекторыңызды қабырға тақтасына орнатылған шағын компьютерге қосуға болады (EB-770Fi/EB-760Wi).


### Назар аударыңыз

Шағын компьютердің ауа кіріс немесе ауа шығыс саңылауларын жаппаңыз. Саңылаулар жабылса, ішкі температура көтеріліп, ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

- 1** HDMI кабелінің көмегімен шағын компьютер мен проектордың HDMI портын жалғаңыз.



- 2** Интерактивті мүмкіндіктерді пайдаланатын болсаңыз, USB кабелін проектордың USB-B2 портына жалғаңыз.



- 3** Басқа шетін компьютердегі кез келген қолжетімді USB портына жалғаңыз.

- 4** Проекторды және компьютеріңізді қосыңыз.

- 5** USB кабелін жалғасаңыз, **Pen/Touch** мәзіріндегі **USB-B2** параметрін шағын компьютерді проекторға қосу үшін пайдаланылатын HDMI портына орнатыңыз.

☛ **Pen/Touch > PC Interactivity > USB-B2**



HDMI қосылымы арқылы аудионы естуге байланысты мәселелер орын алса, сатып алуға болатын 3,5 мм стерео ықшам ұялы аудио кабелінің бір шетін проектордың Audio портына және басқа шетін компьютердің аудио шығыс портына жалғаңыз. Жалғанған аудио кіріс портын проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **HDMI Audio Output** параметрі ретінде таңдаңыз.

## Компьютерді интерактивті мүмкіндіктермен пайдалану үшін жалғау

Проектор компьютерге USB кабелі арқылы жалғанған кезде, тінтуірді пайдаланғандай интерактивті қаламдар немесе саусағыңыз арқылы компьютерді проекцияланған экраннан басқаруға болады (EB-770Fi/EB-760Wi).


Компьютер бағдарламаларына проекцияланған экраннан өтуге, оларды таңдауға немесе олармен әрекеттесуге болады.



USB хабын пайдалансаңыз, қосылым дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. USB кабелін тікелей проекторға жалғаңыз.

- 1** Компьютерді проекторға USB кабелінен басқа кескін сигнал кабелінің көмегімен жалғаңыз.

## 2 USB кабелін проектордың USB-B1 портына жалғаңыз.



## 3 Басқа шетін компьютердегі кез келген қолжетімді USB портына жалғаңыз.

### Бейне көздеріне жалғау

Бейне құрылғыларын проекторға қосу үшін осы бөлемдердегі нұсқауларды орындаңыз.



- Егер қосылуы қажет құрылғыдағы порт пішіні әдеттен тыс болса, проекторға қосу үшін құрылғымен бірге қамтамасыз етілген кабельді немесе қосымша кабельді пайдаланыңыз.
- Кабель жалғанған бейне жабдығынан шығатын сигналға байланысты ерекшеленеді.
- Бейне жабдықтарының кейбір түрлері сигналдардың бірнеше сигнал түрін шығара алады. Қандай сигналдардың шығарыла алатынын растау үшін бейне жабдығымен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

#### » Қатысты сілтемелер

- "HDMI бейне көзіне қосу" [p.38](#)
- "Композиттік бейне көзіне жалғау" [p.39](#)


### HDMI бейне көзіне қосу

Бейне көзінде HDMI порты болса, оны HDMI кабелі арқылы проекторға жалғауға және кескін көзінің аудиосын проекцияланған кескінмен жіберуге болады.

#### Назар аударыңыз

Бейне көзін проекторға жалғамас бұрын оны қоспаңыз. Олай жасау проекторды зақымдауы мүмкін.

- 1 Бейне көзінің HDMI шығыс портына HDMI кабелін жалғаңыз.
- 2 Басқа шетін проектордың HDMI портына жалғаңыз.



HDMI қосылымы арқылы аудионы естуге байланысты мәселелер орын алса, сатып алуға болатын 3,5 мм стерео ықшам ұялы аудио кабелінің бір шетін проектордың Audio портына және басқа шетін бейне көзінің аудио шығыс портына жалғаңыз. Жалғанған аудио кіріс портын проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **HDMI Audio Output** параметрі ретінде таңдаңыз.

## Композиттік бейне көзіне жалғау

Бейне көзінде композиттік бейне порты болса, оны RCA түріндегі бейне немесе A/V кабелі арқылы проекторға қосуға болады.


Стерео ықшам ұялы аудио кабелін жалғап, проектордың динамик жүйесі арқылы дыбысты ойнатуға болады.



Аудио кабелі "No resistance" (Кедергі жоқ) деп белгіленгеніне көз жеткізіңіз.


**1** Сары қосқышы бар кабельді бейне көзінің сары бейне сигнал шығыс портына жалғаңыз.

**2** Басқа шетін проектордың Video портына жалғаңыз.



**3** Бейне көзінің аудио шығыс порттарына аудио кабелін жалғаңыз.

**4** Басқа шетін проектордың Audio портына жалғаңыз.



## Сыртқы USB құрылғыларына жалғау

Сыртқы USB құрылғыларын проекторға қосу үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "USB құрылғысын проекциялау" [p.39](#)
- "USB құрылғыға қосу" [p.40](#)
- "USB құрылғысын ажырату" [p.40](#)

## USB құрылғысын проекциялау

Компьютер немесе бейне құрылғыны пайдаланбай-ақ проекторға келесі құрылғылардың кез келгенін жалғау арқылы кескіндерді және басқа мазмұнды проекциялауға болады:

- USB флэш-жетегі
- Сандық фотокамера немесе смартфон
- USB қатты дискі





- Сандық фотокамералар немесе смартфондар TWAIN үйлесімді құрылғылар емес, USB орнатылатын құрылғылар және USB ауқымды жады класы үйлесімді болуы қажет.
- USB қатты дискілері мына талаптарға сәйкес болуы қажет:
  - USB ауқымды жады класы үйлесімді (барлық USB ауқымды жады класы құрылғыларын қолдамайды)
  - FAT16/32 пішіміне пішімделген
  - Өз AC қуат көздерімен өздігінен зарядталатын (шинадан қуатталатын қатты дискілер ұсынылмайды)
  - Бірнеше бөлшекті қатты дискілерді пайдалануды болдырмау

USB флеш-жадында сақталған кескіндер мен фильмдері бар ойнату тізімін де Content Playback режимінде проекциялауға болады (EB-775F/EB-770F).

## » Қатысты сілтемелер


- "Content Playback режимінде проекциялау" [p.139](#)
- "PC Free қолданбасы арқылы презентацияны проекциялау" [p.133](#)

## USB құрылғыға қосу

USB құрылғысын проектордың USB-A портына жалғап, оны кескіндер мен басқа мазмұнды проекциялау үшін пайдалануға болады.

- 1** Егер USB құрылғысы қуат адаптерімен жеткізілсе, құрылғыны электр розеткасына салыңыз.

- 2** USB кабелін немесе USB флэш жадын көрсетілгендей USB-A портына жалғаңыз.



## Назар аударыңыз

- Осы құрылғы үшін жабдықталған немесе көрсетілген USB кабелін пайдаланыңыз.
- 3 метрден ұзын USB концентраторын немесе USB кабелін жалғамаңыз, себебі құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- 3** Қажет болса, басқа шетін құрылғыңызға қосыңыз.

## USB құрылғысын ажырату

Жалғанған USB құрылғысы арқылы проекциялау аяқталған кезде құрылғыны проектордан ажыратыңыз.

- 1** Қажет болса, құрылғыны өшіріп, оны розеткадан шығарыңыз.
- 2** USB құрылғысын проектордан ажыратыңыз.

## Құжат камерасына жалғау

Камера арқылы қаралған кескіндерді проекциялау үшін құжат камерасын проекторға жалғауға болады.

Қосылым әдісі Epson құжат камерасының үлгісіне байланысты өзгереді. Қосымша мәліметтер үшін құжат фотокамерасының нұсқаулығын қараңыз.

Проекторыңыздың және құжат камерасының модельдеріне байланысты интерактивті мүмкіндіктер арқылы құжат камерасын басқаруға болады.

### » Қатысты сілтемелер

- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)


## Принтерді қосу

Epson принтерін немесе көпфункционалы құрылғыны USB-A портына жалғап, оны тақтада проекцияланған және аннотацияланған мазмұнды басып шығару үшін пайдалануға болады (EB-770Fi/EB-760Wi).



- Принтердің басқару пәрмені талаптарына сай келетіндігіне көз жеткізіңіз.
- Сонымен қатар проектордың **Interactive** мәзіріндегі **Print** параметрі арқылы желілік принтерді қосуға болады.

- 1** USB кабелін проектордың USB-A портына жалғаңыз. Кабель ұзындығы 5 м-ден аспайтындығына көз жеткізіңіз.



- 2** Кабельдің екінші ұшын принтердің USB type B портына жалғаңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Сызба мазмұнын басып шығару" [p.118](#)

## Сыртқы құрылғыларға жалғау

Сыртқы құрылғыларды проекторға қосу үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "VGA монитормына қосу" [p.41](#)
- "Сыртқы динамиктерді жалғау" [p.42](#)
- "Микрофонды қосу" [p.43](#)

## VGA монитормына қосу

Егер проекторды компьютерге Computer порты арқылы жалғаған болсаңыз, сіз проекторға сондай-ақ сыртқы мониторды жалғай аласыз.

Ол сізге тіпті проекцияланған кескін көрінбейтін болған кезде проеентацияңызды сыртқы монитордан көруге мүмкіндік береді.

Кескіндерді сыртқы мониторға шығару үшін проектордың **Signal I/O** мәзірінен **Monitor Out Port** параметрін **Monitor Out** етіп орнатыңыз.




- Егер проектор кескіндерді проекцияламайтын кезде кескіндерді сыртқы мониторға шығарғыңыз келсе, проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **A/V Output** параметрін **Always On** күйіне орнатыңыз.
- Экранда интерактивті мүмкіндіктер арқылы салынған мазмұн сыртқы мониторда көрсетілмейді (EB-770Fi/EB-760Wi). Салынған мазмұнды сыртқы мониторда көрсету үшін, Easy Interactive Tools құралдарын пайдаланыңыз.
- 60 Гц-тен төмен жаңарту жиілігін пайдаланатын мониторлар кескіндерді дұрыс көрсете алмауы мүмкін.

**1** Сіздің компьютеріңіз проектордың Computer портына жалғанғанына көз жеткізіңіз.



- Екі компьютер порты бар болса, Computer1 портын пайдаланып жатқандығыңызға көз жеткізіңіз.
- Тек қана Computer1 портының аналогты RGB сигналдарын ғана сыртқы мониторға шығаруға болады. Шығыс сигналдарын басқа порттардан кірістіре алмайсыз.

**2** Сыртқы монитордың кабелін проекторыңыздың Monitor Out портына жалғаңыз.



## Сыртқы динамиктерді жалғау

Проекторды сыртқы дербес қуаттандыру жүйесіне ие динамиктерге қосуға болады. Проектордың қашықтан басқару құралын пайдаланып дыбысты басқаруға болады.


Сыртқы динамиктерден аудио дыбысын шығару үшін, проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **Audio Out Device** параметрін **Projector** күйіне орнатыңыз. Аудио/бейне жүйесі проекторға жалғанбаған кезде, тіпті **Audio Out Device** опциясы **AV System** параметріне орнатылған болса да, аудио сыртқы динамиктерден шығады.

🖱️ **Signal I/O > HDMI Link > Audio Out Device**



- Егер проектор кескіндерді проекцияламайтын кезде аудио дыбысын сыртқы динамиктерден шығарғыңыз келсе, проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **A/V Output** параметрін **Always On** күйіне орнатыңыз.
- Сондай-ақ, проекторды динамиктері бар күшейткішке жалғауыңызға болады.
- Сыртқы динамиктерге қосылған кезде проектордың кірістірілген динамиктер жүйесі өшірулі болады.

- 1** Компьютеріңіз немесе бейне көзіңіздің проекторға аудио және бейне кабельдері арқылы тиісті түрде жалғанғандығына көз жеткізіңіз.
- 2** Сыртқи динамиктеріңізді жалғау үшін стерео мини ұяшықтан байланыс ұяшығына жалғау кабелі сияқты тиісті кабельді немесе кабель не адаптердің басқа түрін табыңыз.
- 3** Кабельдің бір жақ шетін сыртқи динамиктеріңізге тиісті түрде жалғаңыз.
- 4** Кабельдің стерео мини ұяшық шетін проекторыңыздың Audio Out портына жалғаңыз.




## Микрофонды қосу

Презентациялар барысында аудио қолдауын қамтамасыз ету үшін проекторыңыздың Mic портына микрофон жалғауыңызға болады (EB-770Fi/EB-770F/EB-760Wi/EB-760W).



- Штепсельді қуат көзіне қолдау көрсетілмейді.
- Егер проектор кескіндерді проекцияламайтын кезде аудио дыбысын микрофоннан шығарғыңыз келсе, проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **A/V Output** параметрін **Always On** күйіне орнатыңыз.
- Микрофон дыбысын есту қиын болса немесе нашар контактілер шуылы нәтижесінде дыбыс тым қатты болса, **Signal I/O** мәзіріндегі **Mic Input Level** параметрін баптаңыз.

- 1** Микрофонның кабелін проектордың Mic портына жалғаңыз.



- 2** Қажет болса, микрофонды іске қосыңыз.


## Бірдей модельді бірнеше проекторды жалғау

Бір бөлмеде бірнеше проекторларды және интерактивті мүмкіндіктерді сатып алуға болатын 3,5 мм стерео шағын ұяшықты аудио кабельдерін жалғаңыз (EB-770Fi/EB-760Wi). Кабельдер қосылған кезде интерактивті қалам тұрақты жұмыс істейді.




Аудио кабельдері "No resistance" (Кедергі жоқ) деп белгіленгеніне көз жеткізіңіз.


**1** Аудио кабелін проектордың SYNC OUT портына жалғап, екінші жақ шетін басқа проектордың SYNC IN портына жалғаңыз.



Егер үш немесе одан да көп проекторды жалғайтын болсаңыз, проекторларды көрсетілгендей тізбек бойынша жалғаңыз.



**2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.




**3** Pen/Touch мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Pen/Touch
Image	Auto Calibration
Signal I/O	Manual Calibration
Installation	Touch Unit
Display	Installation of Projectors
Operation	Pen Hovering On
Management	PC Interactivity
Network	Reset Pen/Touch Settings
Pen/Touch	Interactive
Interactive	Drawing Function On
Multi-Projection	Display Toolbars Always Show
Memory	Toolbar Color Black
ECO	Display Drawing Area
Initial/All Settings	Mouse Icon on Toolbar Off
	Confirm Clear Screen On
	Pen Button Function Eraser
	Page List Position
	Display Clock Date & Time

**4** Installation of Projectors параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

- 5** **Sync of Projectors** параметрін таңдаңыз және **Enter** түймесін басыңыз.



- 6** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Қашықтан басқару пульті проектормен бірге жеткізілетін екі АА батареясын пайдаланады.


## Назар аударыңыз

Батареяларды пайдалану алдында *Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар* оқып шығыңыз.



Батареялардың заряды біте салысымен оларды ауыстырыңыз. Қашықтықтан басқару пульті АА марганец немесе сілтілі екі батареяны пайдаланады.

**1** Батарея қақпағын көрсетілгендей алыңыз.




**2** Қажет болса, ескі батареяларды алыңыз.



Пайдаланылған батареяларды жергілікті заң талаптарына сай жойыңыз.


**3** Батареяларды + және – шеттерін көрсетілгендей бір-біріне қарсы етіп салыңыз.



## ⚠ Ескерту

Батареялар дұрыс салынғанына көз жеткізу үшін батарея ұстағышындағы (+) және (-) белгілерінің орындарын тексеріңіз. Дұрыс пайдаланбаса, батареялар жарылып немесе ағып, өртке, жарақатқа немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

**4** Батарея қақпағын ауыстырыңыз және орнына сырт етіп түскенше басыңыз.



Интерактивті қалам бірге берілегін бір АА батареясын пайдаланады (EB-770Fi/EB-760Wi).

## Назар аударыңыз


Батареяны пайдалану алдында *Қауіпсіздік бойынша нұсқауларды оқып шығыңыз.*



Батарея қуаты азайған кезде қаламның бүйіріндегі түймені басқан кезде қаламның индикаторы жыпылықтайды.

Батарея заряды таусылған кезде қаламның индикаторы сөнеді. Батареяны заряды біте салысымен ауыстырыңыз. Интерактивті қалам бір АА марганец батареясын, АА сілтілі батареясын немесе EneLoop (BK-3MCC) қайта зарядталатын батареясын пайдаланады.

- 1** Батарея қақпағын көрсетілгендей ашыңыз.




- 2** Қажет болса, ескі батареяларды алыңыз.



Пайдаланылған батареяларды жергілікті заң талаптарына сай жойыңыз.


- 3** Батареялардың + және – шеттерін көрсетілгендей қаратып салыңыз.



## ⚠ Ескерту

Батареяның дұрыс салынғанына көз жеткізу үшін батарея ұстағышындағы (+) және (-) белгілерінің орындарын тексеріңіз. Батарея дұрыс қолданылмаса, ол жарылып немесе ағып, өртке, жарақатқа немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.


- 4** Батарея қақпағын ауыстырыңыз және орнына сырт етіп түскенше басыңыз.





Қашықтықтан басқару пульті бөлмедегі кез келген жерден басқаруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан басқару пультін проектор қабылдағыштарының осы жерде берілген қашықтық пен бұрыштары шеңберінде бағдарлағаныңызға көз жеткізіңіз.



- Қашықтан басқару пультін жарық флуоресценттік шамдар немесе тікелей күн сәулесі түскен жағдайда пайдаланбаңыз немесе проектор пәрмендерге жауап бермеуі мүмкін. Қашықтан басқару құрылғысын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды алып тастаңыз.

# Негізгі проектор функцияларын пайдалану


Проектордың негізгі функцияларын пайдалану үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Проекторды қосу" [р.50](#)
- "Проекторды өшіру" [р.53](#)
- "Күн мен уақытты орнату" [р.54](#)
- "Проектор мәзірлерінің тілін таңдау" [р.57](#)
- "Проекциялау режимдері" [р.58](#)
- "Экран түрін орнату" [р.60](#)
- "Кескінді фокустау" [р.63](#)
- "Проектордың еңкеюін реттеу" [р.66](#)
- "Кескін пішіні" [р.67](#)
- "Түймелермен кескін өлшемін өзгерту" [р.77](#)
- "Кескінді жылжыту мүмкіндігін пайдалану арқылы кескін күйін реттеу" [р.78](#)
- "Кескін көзін таңдау" [р.79](#)
- "Кескіннің пропорционалдық коэффициенті" [р.81](#)
- "Кескіннің сапасын реттеу (түс режимі)" [р.83](#)
- "Кескін түсін реттеу" [р.85](#)
- "Кескін ажыратымдылығын реттеу" [р.88](#)
- "Жарықтықты реттеу" [р.90](#)
- "Дыбыс түймелерімен дыбысты басқару" [р.93](#)

Проекторды қосқаннан кейін пайдаланғыңыз келген компьютерді немесе бейнені қосыңыз.

- 1** Қуат сымын проектордың қуат кірісіне жалғаңыз және оны электр розеткасына қосыңыз.



## Ескерту

Розеткаға қосудан бұрын міндетті түрде жерге қосыңыз. Жер қосылымын шығарған уақытта қуат сымын розеткадан шығарып, жерден ажыратыңыз.

Проектордың қуат индикаторы көк түске ауысады. Ол проектордың қуат алып жатқанын, алайда әлі қосылмағанын көрсетеді (ол күй режимінде).

- 2** Проекторды қосу үшін басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару құралында қуат түймесін басыңыз.

Проектор жылығанда проектор сигнал шығарады және күй индикаторы көк түспен жыпылықтайды. Проектор жылынғаннан кейін, күй индикаторы жыпылықтауды тоқтатып, көк түске ауысады.



- Проекторды алғаш рет іске қосу кезінде, бастапқы орнату шебері көрсетіледі. Басқару панеліндегі немесе қашықтан басқару пультііндегі көрсеткі мен [Enter] түймелерін пайдалану арқылы **Projection, Language**, және **Date & Time** параметрлерін орнатыңыз. Содан кейін қажетінше проекцияланған кескін үшін пішім және позиция параметрлерін реттеңіз.
- **Quick Startup** проектордың **Operation** мәзірінде қосылса, келесі уақытта қуат түймесін басқан кезде проектор бірнеше секунд ішінде пайдалануға дайын болады.

Проекцияланған кескін көрінбесе, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Жалғанған компьютер немесе бейне құрылғысын қосыңыз.
- Ноутбукты пайдаланған кезде компьютердегі экран шығысын өзгертіңіз.
- DVD немесе басқа бейне құралын енгізіңіз және ойнату түймесін басыңыз (қажетінше).
- Көзді анықтау үшін қашықтықтан басқару пультііндегі немесе басқару панеліндегі [Source Search] түймесін басыңыз.
- Қашықтан басқару пультііндегі қалаған бейне көзінің түймесін басыңыз.
- Home screen экраны көрсетілсе, проекциялау қажет көзді таңдаңыз.

## ⚠ Ескерту

- Жарық көзі қосулы кезде проектор объективіне ешқашан қарамаңыз. Ол көзіңізді зақымдауы мүмкін, әсіресе балалар үшін қауіпті.
- Қашықтан басқару пультіні қолданатын қашықтықта проекторды қосқан кезде ешкімнің линзаларға қарамайтынын тексеріңіз.
- Проектордан шығатын жарық бөгеттелген болса, жарықтың түсетін аймағы ысып, оның еруі, күйі немесе өрттің басталуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, шағылысқан жарыққа байланысты объективтің ысуы және проектордың ақаулығына әкелуі мүмкін. Проекциялауды тоқтату үшін A/V Mute функциясын пайдаланыңыз немесе проекторды өшіріңіз.



- Проектордың **Operation** мәзірінде **Direct Power On** параметрі **On** күйіне орнатылған жағдайда, проектор оны розеткаға қосқаннан кейін бірден қосылады. Проектор, сондай-ақ қуат көзі ажыратылып қалпына келген жағдайларда автоматты түрде қосылады.
- **Operation** мәзірінде белгілі бір порт ретінде **Auto Power On** параметрі таңдалған болса, проектор сол порттан сигнал немесе кабель қосылымын анықтағаннан кейін бірден қосылады.

## » Қатысты сілтемелер


- "Басты экран" [p.51](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - Операция мәзірі" [p.238](#)

## Басты экран

Home Screen мүмкіндігі кескін көзін оңай таңдау және пайдалы функцияларды алуды мүмкін етеді. Басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Home] түймесін басу арқылы негізгі экранды көрсетуге болады. Сондай-ақ негізгі экран проектор қосылғанда және ешқандай сигнал кірмегенде көрсетіледі.

Мәзір элементін таңдау үшін басқару панелін немесе қашықтықтан басқару пультінен көрсеткісі бар түймені басыңыз, содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.

Сондай-ақ, мәзір элементтерін интерактивті қалам немесе саусағыңызбен таңдауға болады (EB-770Fi/EB-760Wi).



- 1 Проекцияланатын көзді таңдайды. Ағымдағы кіріс көзінің жоғарғы оң жағында құсбелгі пайда болады. Көптеген көздерге арналған ағымдағы кіріс кескінінің алдын ала көрінісін нобай (Мазмұнды ойнату режиміндегі USB кіріс көзінен басқа) ретінде тексеруге болады.
- 2 Проекторды өшіріңіз (EB-770Fi/EB-760Wi).
- 3 Бастапқы экранды жабады (EB-770Fi/EB-760Wi).
- 4 Ақ тақта режимін іске қосады (EB-770Fi/EB-760Wi).
- 5 Кескіндерді екі немесе төрт әртүрлі кескін көздерінен бір уақытта тор пішімінде проекциялайды.
- 6 Бірдей желіге қосылған басқа проектордан таратылған кескінді қабылдау үшін бағыттау экранын көрсетеді.
- 7 Connection Guide көрсетеді. Смартфондар немесе компьютерлер сияқты пайдаланылып жатқан құрылғыларға сәйкес, сымсыз байланыс әдістерін таңдауға болады.

- 8 Келесі ортақ проектор параметрлерін таңдау мүмкіндігін береді (параметрлер басқа таңдалған параметрлерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін):
- **Color Mode**
  - **Brightness Level**
  - **Volume**
  - **Geometry Correction (H/V-Keystone және Quick Corner** параметрлері қолжетімді.)
  - **Auto Calibration** (EB-770Fi/EB-760Wi)
  - **Aspect**



- **Fixed Installation** параметрі **Off** күйіне орнатылғанда ғана **Geometry Correction** параметрі көрсетіледі және проектордың **Installation** мәзірінде **Geometry Correction** параметрі **H/V-Keystone** немесе **Quick Corner** күйіне орнатылады.
- Интерактивті қаламдар немесе саусағыңыз көмегімен **Geometry Correction** орындау кезінде, жүйені қайта калибрлеу қажет (EB-770Fi/EB-760Wi).

- 9 Тоғыз қолжетімді кіріс көзінен артық болса, алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
- 10 Проектор аты мен проектор кілтсөзін көрсетеді.
- 11 Ағымдағы уақытты көрсетеді.



10 минут пайдаланылмаған уақыттан кейін Home Screen жойылады.

## » Қатысты сілтемелер

- "Тақта экрандары (Тақта режимі)" [p.103](#)
- "Экранды бөлісу" [p.198](#)
- "Бірнеше кескінді бір уақытта проекциялау" [p.130](#)

Пайдаланғаннан кейін проекторды өшіріңіз.



- Проектордың жұмыс мерзімін ұзарту үшін, пайдаланылмаған кезде өнімді өшіріңіз. Жарық көзінің жұмыс мерзімі таңдалған үлгіге, қоршаған орта жағдайларына және пайдалануға байланысты өзгереді. Жарықтық бірте-бірте азаяды.
- Проектордың **Management** мәзіріндегі **Light Source Calibration** параметрі **Run Periodically** күйіне орнатылса, проекторды іске қосқанда және келесі шарттарға орындалған жағдайда шам көзін калибрлеу автоматты түрде басталады (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F):
  - Соңғы шам көзін калибрлеуден 100 сағат өткеннен кейін
  - Проекторды 20 минуттан артық үздіксіз пайдаланғанда
  - Проектор тікелей өшіру мүмкіндігіне қолдау көрсететіндіктен, оны ажыратқыш арқылы өшіруге болады.

**1** Басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару пультііндегі қуат түймесін басыңыз.

Проектор өшіру туралы растау экранын көрсетеді.

Power Off?

Yes: Press  button

No : Press any other button

**2** Қуат түймесін қайта басыңыз. (Қосулы күйде қалдыру үшін, кез келген басқа түймені басыңыз.)


Проектор екі рет сигнал шығарады, жарық көзі өшіріледі және күй индикаторы өшіріледі.

**3** Проекторды тасымалдау немесе сақтау үшін, қуат индикаторы көк түсті (бірақ жыпылықтамайды) және күй индикаторы өшірулі екендігіне көз жеткізіңіз, кейін қуат сымын розеткадан шығарыңыз.

Проектор үшін күн және уақытты орнатуға болады.

**1** Проекторды қосыңыз.


**2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.




**3** Management параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Management
Image	User Button Light Source Mode
Signal I/O	User's Logo
Installation	User Pattern
Display	Control Panel Lock Off
Operation	Color Uniformity
Management	Refresh Mode
Network	Light Source Calibration
Pen/Touch	Date & Time
Interactive	Schedule Settings
Multi-Projection	Wireless LAN Power
Memory	Wireless LAN Diagnosis 1
ECO	Log Save Destination USB and Internal Memory
Initial/All Settings	Batch Setup Range
	Language English
	Information
	Display Logs
	Reset Management Settings

**4** Date & Time параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.  
Мына экранды көресіз:




**5** Date & Time параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.  
Мына экранды көресіз:



**6** Date параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және бүгінгі күнді енгізу үшін көрсетілген пернетақтаны пайдаланыңыз.

**7** **Time** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және ағымдағы жергілікті уақытты енгізу үшін көрсетілген пернетақтаны пайдаланыңыз.

 **Time Difference (UTC)** параметрін 8-қадамда түсіндірілгендей орнату үшін, ағымдағы жергілікті уақыттың орнына Дүниежүзілік үйлестірілген уақытты енгізіңіз.

**8** **Time Difference (UTC)** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және Үйлестірілген әмбебап уақыттан уақыт айырмашылығын орнатыңыз.

**9** Орнатып болған соң, **Set** пәрменін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.


**10** Күндізгі уақытты белсендіру үшін **Daylight Saving Time** параметрін таңдап, оны **On** күйіне орнатыңыз. Содан кейін параметрлерді таңдаңыз.

[ Daylight Saving Time ]		Return
Daylight Saving Time	On	^
DST Adjustment (min)	0	
DST Start		
Month	1	
Week	1	
Day of the Week	Mon	
Time	00:00	
DST End		
Month	1	
Week	1	
Day of the Week	Mon	
Time	00:00	
		Set

**11** Орнатып болған соң, **Set** пәрменін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.




- 12** Уақытты интернеттің уақыт сервері арқылы автоматты түрде жаңарту үшін **Internet Time** параметрін таңдап, оны **On** күйіне орнатыңыз. Содан кейін параметрлерді таңдаңыз.



- 13** Орнатып болған соң, **Set** пәрменін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 14** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Проектордың мәзірлері мен хабарларын басқа тілде көргіңіз келсе, **Language** параметрін өзгертуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз.
- 2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультііндегі [Menu] түймесін басыңыз.



- 3** **Management** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Management
Image	User Button Light Source Mode
Signal I/O	User's Logo
Installation	User Pattern
Display	Control Panel Lock Off
Operation	Color Uniformity
Management	Refresh Mode
Network	Light Source Calibration
Pen/Touch	Date & Time
Interactive	Schedule Settings
Multi-Projection	Wireless LAN Power
Memory	Wireless LAN Diagnosis 1
ECO	Log Save Destination USB and Internal Memory
Initial/All Settings	Batch Setup Range
	Language  English
	Information
	Display Logs
	Reset Management Settings

- 4** **Language** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 5** Пайдаланғыңыз келген тілді таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 6** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Проектордың орналасуына байланысты, кескіндер дұрыс проекциялануы үшін проекциялау режимін өзгерту қажет болуы мүмкін.

- **Front** параметрі экранның алдындағы үстелден проекциялауға мүмкіндік береді.
- **Front/Upside Down** параметрі қабырға кронштейнінен немесе төбеден астын үстіне келтіріп проекциялау үшін кескінді жоғарыдан төменге аударады.
- **Rear** параметрі жартылай мөлдір экран артынан проекциялау үшін кескінді көлденең аударады.
- **Rear/Upside Down** параметрі қабырға кронштейнінен немесе төбеден және жартылай мөлдір экранның артында проекциялау үшін кескінді жоғарыдан төменге және көлденең аударады.


» **Қатысты сілтемелер**

- "Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялау режимін өзгерту" [p.58](#)
- "Мәзірлер арқылы проекциялау режимін өзгерту" [p.58](#)
- "Проекторды реттеу және орнату опциялары" [p.31](#)

## Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялау режимін өзгерту

Кескінді жоғарыдан төменге дейін аудару үшін, проекциялау режимін өзгертуге болады.

- 1 Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2 Қашықтықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.




Кескін қысқа уақытқа жоғалып кетіп, жоғарыдан төменге аударылған күйде қайта пайда болады.

- 3 Проекциялауды кері бастапқы режимге ауыстыру үшін, [A/V Mute] түймесін 5 секунд бойы қайта басып тұрыңыз.

## Мәзірлер арқылы проекциялау режимін өзгерту

Кескінді жоғарыдан төменге және/немесе сол жақтан оң жаққа аудару үшін проектор мәзірлерін пайдаланып проекция режимін өзгертуге болады.

- 1 Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2 Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.



**3** **Installation** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Installation	
Image	Fixed Installation	Off
Signal I/O	Test Pattern	
Installation	Setting Plate Installation Gui...	
Display	Vertical Installation	No
Operation	Projection	Front/Upside Down
Management	Auto Screen Adjustment	
Network	Geometry Correction	Point Correction
Pen/Touch	Digital Zoom	▼
Interactive	Connect ELPCB02	Off
Multi-Projection	Touch Unit	
Memory	Remote Receiver	Off
ECO	Screen Type	16:9 ▼
Initial/All Settings	High Altitude Mode	Off
	Reset Installation Settings	
	Display	
	Pattern Display	
	Pattern Type	


**4** **Projection** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**5** Проекциялау режимін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

[ Projection ]	Return
Front	
Rear	
✓ Front/Upside Down	
Rear/Upside Down	


**6** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Көрсетілген кескіннің кадр пішімін қолданыстағы экранмен сәйкестендіру үшін **Screen Type** параметрін пайдалануға болады.



- Төмендегі кіріс көздері пайдаланылғанда, бұл параметр қолжетімсіз болады:
- USB
- LAN
- Проектордың **Operation** мәзірінде **Content Playback** параметрі **On** күйіне орнатылған кезде, **Screen Type** параметрін өзгерту мүмкін емес (EB-775F/EB-770F).

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіңдегі [Menu] түймесін басыңыз.



**3** **Installation** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Installation
Image	Fixed Installation Off
Signal I/O	Test Pattern
Installation	Setting Plate Installation Gui...
Display	Vertical Installation No
Operation	Projection Front/Upside Down
Management	Auto Screen Adjustment
Network	Geometry Correction Point Correction
Pen/Touch	Digital Zoom
Interactive	Connect ELPCB02 Off
Multi-Projection	Touch Unit
Memory	Remote Receiver Off
ECO	Screen Type 16:9
Initial/All Settings	High Altitude Mode Off
	Reset Installation Settings
	Display
	Pattern Display
	Pattern Type

- 4** **Screen Type** функциясын таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 5** Экран формасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

[ Screen Type ]	Return
4:3	
16:6	
✓ 16:9	
16:10	
21:9	



Қолжетімді арақатынас проектор моделіне байланысты әртүрлі болады.

**6** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] түймесін басыңыз.



Проекторды қайта іске қосу қажет. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**7** Қажет болса, проекцияланған кескін өлшемдерінің арақатынасын реттеңіз.



Screen Type параметрі өзгергенде, EDID параметрлері автоматты түрде реттеледі.

» **Қатысты сілтемелер**


- "Кескін орнын Screen Position опциясын пайдаланып реттеу" [p.61](#)

## Кескін орнын Screen Position опциясын пайдаланып реттеу

Кескін жиегі мен проекцияланған экран жақтауының арасында шеттер бар болса, кескіннің орнын реттеуге болады.

**1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.

**2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіңдегі [Menu] түймесін басыңыз.




**3** Installation мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Installation
Image	Fixed Installation Off
Signal I/O	Test Pattern
Installation	Setting Plate Installation Gui...
Display	Vertical Installation No
Operation	Projection Front/Upside Down
Management	Auto Screen Adjustment
Network	Geometry Correction Point Correction
Pen/Touch	Digital Zoom
Interactive	Connect ELPCB02 Off
Multi-Projection	Touch Unit
Memory	Remote Receiver Off
ECO	Screen Type 16:9
Initial/All Settings	High Altitude Mode Off
	Reset Installation Settings
	Display
	Pattern Display
	Pattern Type

**4** Screen Position функциясын таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.


- 5** Кескін орнын реттеу үшін басқару панеліндегі немесе қашықтан басқару пультііндегі көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз.



16:6 арақатынасына ие интерактивті мүмкіндіктерді пайдалану кезінде, **Screen Position** параметрін тігінен орталық немесе жоғарғы күйіне орнатыңыз (EB-770Fi).


- 6** Өрекетті аяқтаған кезде, [Menu] түймесін басыңыз.

Сынақ үлгісін көрсетіп, содан кейін фокустауды реттеуге болады.

 Фокусты проекциялауды бастаған соң 30 минуттан кейін реттеген жөн, себебі проекторды қосқан кезде кескіндер тұрақты болмайды.

**1** Проекторды қосыңыз.

**2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.




**3** Installation мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Installation
Image	Fixed Installation Off
Signal I/O	Test Pattern
Installation	Setting Plate Installation Gui...
Display	Vertical Installation No
Operation	Projection Front/Upside Down
Management	Auto Screen Adjustment
Network	Geometry Correction Point Correction
Pen/Touch	Digital Zoom
Interactive	Connect ELPCB02 Off
Multi-Projection	Touch Unit
Memory	Remote Receiver Off
ECO	Screen Type 16:9
Initial/All Settings	High Altitude Mode Off
	Reset Installation Settings
	Display
	Pattern Display
	Pattern Type


**4** Test Pattern нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.





**5** Сынақ үлгісін таңдаңыз және қажетті үлгіні көрсету үшін, [Enter] түймесін басыңыз (EB-775F/EB-770F).



**6** Ауа сүзгісінің қақпағын ашыңыз.




**7** Фокустау иінтірегін жылжытыңыз және проекцияланатын экранның орталық төменгі жағына фокустаңыз.



Басқа сынақ үлгісін көрсеңіз, сынақ үлгіні көру кезінде фокусты реттеңіз.

- 8** Фокустаудың проекцияланған экранның бұрыштарына сәйкес болуын тексеріңіз.




Кез келген аймақтар фокустаудан тыс болса, бұрыштары бірдей фокустауда болмайынша реттеу үшін фокустау иінтірегін пайдаланыңыз.

- 9** Сынақ үлгісін алу үшін, [Esc] түймесін басыңыз.

Проекторды үстелге немесе басқа тегіс бетке орнату кезінде, проекцияланатын кескін көлденеңінен еңкейетін болса (проекцияланған кескіннің сол және оң жағы әртүрлі биіктікте), алдыңғы аяқтарды екі жағы да бір-бірімен тең болатындай етіп реттеңіз.

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2** Кескін еңкейтілсе, биіктігін реттеу үшін алдыңғы аяқтарды бұрыңыз.



- 1** Алдыңғы аяқты ұзартыңыз
- 2** Алдыңғы аяқты тартыңыз

Егер проекцияланған кескін тегіс емес төртбұрышты болса, кескін пішінін өзгерту қажет.

Проекторды экран ортасының алдыңғы жағына тікелей орналастырып және сол деңгейді сақтай отыра тегіс төртбұрышты кескінді проекциялауға болады. Проектор экранға қатысты бұрышта орналастырылса немесе жоғары не төменге еңкейтілсе, не бір жаққа жылжытылса, кескін пішінін түзету қажет болуы мүмкін.

Түзетуден кейін кескін сәл кішірек болады.


Ең жақсы кескін сапасын қамтамасыз ету үшін, дұрыс кескін өлшемі мен пішіміне қол жеткізу мақсатында проектордың орнату орнын баптау ұсынылған.

### » Қатысты сілтемелер

- "Трапеция тәрізді бұрмалау түймелерімен кескін пішінін түзету" [p.67](#)
- "Бұрыштық өзгеріс параметрімен кескін пішінін түзету" [p.68](#)
- "Кескін пішінін Arc Correction көмегімен түзету" [p.70](#)
- "Нүктелік түзету арқылы кескін пішімін түзету" [p.73](#)
- "Жадтан кескін пішінінің параметрін жүктеу" [p.75](#)
- "Кескін пішімін бұрыш маркерлерінің көмегімен түзету" [p.75](#)

## Трапеция тәрізді бұрмалау түймелерімен кескін пішінін түзету

Тегіс емес төртбұрышты кескін пішінін түзету үшін проектордың трапеция тәрізді түзету түймелерін пайдалануға болады.





Оң, сол, жоғары және төмен жағы 3° дейінгі кескіндерді түзету үшін трапеция тәрізді түймелерді пайдалануға болады.




- **Screen Type** және **Screen Position** параметрлерін өзгертсеңіз, реттеулер қайта орнатылады.
- Басқа түзету әдістерімен біріктіру мүмкін емес.

**1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.

**2** Keystone реттеу экранын көрсету үшін, басқару панеліндегі трапецияны реттеу түймелерінің бірін басыңыз.




### 3 Кескін пішінін реттеу үшін трапеция түймесін басыңыз.



- Егер проектор сізге қолжетімсіз орнатылса, кескін пішінін қашықтықтан басқару пультімен де түзетуге болады.
  - ☛ **Installation > Geometry Correction > H/V-Keystone**
- Реттелген кескіннің ағымдағы пішінін сақтау үшін, **Save Memory** опциясын таңдаңыз. Жадта ең көбі үш кескін пішінін сақтауға болады.
  - ☛ **Installation > Geometry Correction > Memory > Save Memory**


### Бұрыштық өзгеріс параметрімен кескін пішінін түзету

Тегіс емес төртбұрышты кескін пішіні мен өлшемін түзету үшін проектордың **Quick Corner** параметрін пайдалануға болады.



**Screen Type** және **Screen Position** параметрлерін өзгертсеңіз, реттеулер қайта орнатылады.

- 1 Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2 Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.



**3** **Installation** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Installation
Image	Fixed Installation Off
Signal I/O	Test Pattern
Installation	Setting Plate Installation Gui...
Display	Vertical Installation No
Operation	Projection Front/UpSide Down
Management	Auto Screen Adjustment
Network	Geometry Correction Point Correction
Pen/Touch	Digital Zoom
Interactive	Connect ELPCB02 Off
Multi-Projection	Touch Unit
Memory	Remote Receiver Off
ECO	Screen Type 16:9
Initial/All Settings	High Altitude Mode Off
	Reset Installation Settings
	Display
	Pattern Display
	Pattern Type


**4** **Geometry Correction** нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**5** **Quick Corner** параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз. Содан кейін қажет болса, **Yes** жауабын таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

[ Geometry Correction ]	Return
H/V-Keystone	
✓ Quick Corner	
Arc Correction	
Point Correction	
Memory	

Ауданды таңдау экранын көресіз.

**6** Реттеу қажет кескіннің аймағын таңдау үшін көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз. Содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.



**Quick Corner** параметрлерін бастапқы қалпына келтіру үшін, ауданды таңдау экраны көрсетілген кезде [Esc] пернесін шамамен 2 секунд ішінде басып тұрыңыз және содан кейін **Yes** нұсқасын таңдаңыз.


**7** Кескін пішінін қажетінше реттеу үшін көрсеткісі бар түймелерді басыңыз.

Ауданды таңдау экранына қайту үшін, [Enter] түймесін басыңыз.



- Сондай-ақ қашықтықтан басқару пультіндегі сандық түймелерді басу арқылы аймақты таңдауға болады.
- [1] жоғарғы сол жақ аймақты таңдайды.
- [3] жоғарғы оң жақ аймақты таңдайды.
- [7] төменгі сол жақ аймақты таңдайды.
- [9] төменгі оң жақ аймақты таңдайды.
- Осы экранды көрсеңіз, сұр үшбұрыш арқылы көрсетілген бағытта әрі қарай пішінді реттей алмайсыз.

[ Quick Corner ]



- Құрылғыдағы қалта деңгейін артқа жылжыту үшін **Back to Top** опциясын бөлектеңіз және [Enter] түймесін басыңыз.
- Қалтадағы қосымша файлдарды көру үшін **Next Page** немесе **Previous Page** бөлектеп, [Enter] түймесін басыңыз немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Page] жоғары немесе төмен түймелерін басыңыз.

**3** Фильмді ойнату үшін, файлды бөлектеу мақсатында көрсеткісі бар түймелерді басыңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- Егер файл аттары дисплей аймағынан ұзын болса немесе қолдау көрсетілмейтін белгілерді қамтыса, файл аттары тек экран дисплейінде қысқартылуы немесе өзгертілуі мүмкін.
- Егер қалтадағы барлық фильмдерді ретімен ойнату қажет болса, экранның төменгі жағындағы **Slideshow** опциясын таңдаңыз.

**4** Фильмнің ойнатылуын тоқтату үшін [Esc] түймесін басыңыз, **Exit** опциясын бөлектеп, [Enter] түймесін басыңыз.

Файл тізімінің экранына ораласыз.


**5** Қажет болса, USB құрылғысын өшіріңіз, содан кейін құрылғыны проектордан ажыратыңыз.

» **Қатысты сілтемелер**

- "PC Free көрсету опциялары" [p.137](#)
- "USB құрылғыға қосу" [p.40](#)

## PC Free көрсету опциялары

PC Free пайдалану кезінде осы көрсету опцияларын пайдалануға болады. Осы экранға өту үшін, PC Free файл тізімі экранының төменгі жағындағы **Option** бөлектеп, [Enter] түймесін басыңыз.



Параметр	Опциялар	Сипаттама
Display Order	Name Order	Файлдарды атау реті бойынша көрсетеді
	Date Order	Файлдарды күн реті бойынша көрсетеді
Sort Order	In Ascending	Файлдарды біріншіден соңғыға дейін ретпен сұрыптайды
	In Descending	Файлдарды соңғыдан біріншіге дейін ретпен сұрыптайды
Continuous Play	On	Слайд көрсетілімін үздіксіз көрсетеді
	Off	Слайд көрсетілімін бір рет көрсетеді

Параметр	Опциялар	Сипаттама
Screen Switching Time	No	Келесі файлды автоматты түрде көрсетпейді
	1 секундтан 60 секундқа дейін	Файлдарды таңдалған уақыт бойынша көрсетеді және келесі файлға автоматты түрде ауыстырады; жоғары ажыратымдылық кескіндері сәл баяу жылдамдықта ауысуы мүмкін
Effect	No	Әсер жоқ
	Wipe	Кескіндердің тез алмасуы әсерін пайдаланушы кескіндер арасындағы ауысулар
	Dissolve	Кескіндердің бірқалыпты алмасуы әсерін пайдаланушы кескіндер арасындағы ауысулар
	Random	Кездейсоқ түрлі әсерлерді пайдаланушы кескіндер арасындағы ауысулар

Проектордың Content Playback мүмкіндігі сандық маңдайша мазмұнын проекциялауға мүмкіндік береді (EB-775F/EB-770F). Сыртқы жад құрылғысына сақталған кескіндер мен фильмдер бар ойнату тізімін оңай проекциялай аласыз. Сонымен қатар проекцияланған кескінге түс пен пішін әсерлерін қосуға болады.



## » Қатысты сілтемелер

- "Content Playback режимін қосу" [p.139](#)
- "Ойнату тізімдерін проекциялау" [p.140](#)
- "Проекцияланған кескіндерге әсерлер қосу" [p.143](#)
- "Content Playback режимінің шектеулері" [p.144](#)

## Content Playback режимін қосу

Ойнату тізімдерін проекцияламас бұрын, Content Playback режиміне ауысу керек.



**Screen Type** параметрі проектор ажыратымдылығынан басқа арақатынасқа орнатылғанда **Content Playback** параметрі **On** күйіне орнатылса, **Screen Type** параметрі қайта орнатылады.


- 1** Проекторды қосыңыз.
- 2** [Menu] түймесін басып, **Operation** мәзірін таңдаңыз, содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Operation	
Image	Auto Source Search	On
Signal I/O	Light Source Brightness Cont...	
Installation	Direct Power On	Off
Display	Auto Power On	Off
Operation	Sleep Mode	On
Management	Sleep Mode Timer	10 min.
Network	A/V Mute Timer	On
Pen/Touch	Standby Mode	Communication On
Interactive	Port	Wired LAN
Multi-Projection	Quick Startup	Off
Memory	USB Power	On While Projecting
ECO	Inv Direction Button	Off
Initial/All Settings	Reset Operation Settings	
	Management	
	User Button	Light Source Mode
	User's Logo	
	User Pattern	

- 3** **Content Playback** параметрін таңдап, оны **On** күйіне орнатыңыз. Растау хабарын көресіз.
- 4** Content Playback режимін қосу үшін проекторды өшіріп, қайта қосыңыз.

## Ойнату тізімдерін проекциялау

Кескіндер мен фильмдер бар ойнату тізімін Content Playback режимінде проекциялауға болады.



**1** Ойнату тізіміңізді жасап, келесі әдістердің бірін пайдалану арқылы USB флэш-жадына экспорттаңыз.

- Epson Projector Content Manager бағдарламалық жасақтамасы ойнату тізімдерін жасау мүмкіндігін жасау және оларды сыртқы жад құрылғысына сақтау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар проекцияланған кескінге түс және пішін әсерлерін қосуға және ойнату тізімдерін жоспарлауға болады.

Келесі веб-сайттан Epson Projector Content Manager бағдарламасын жүктеп алып, орнатуға болады.

[epson.sn](http://epson.sn)


Нұсқауларды *Epson Projector Content Manager* қолдану нұсқаулығынан қараңыз.

- Epson Web Control қолданбасы браузердің көмегімен ойнату тізімдерін жасау және оларды желідегі проекторға жалғанған сыртқы жад құрылғысына сақтау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар проекцияланған кескінге түс пен пішін әсерлерін қосуға болады.
- Epson Creative Projection қолданбасы iOS құрылғыларында мазмұн жасау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар мазмұнды проекторға сымсыз тасымалдау мүмкіндігін береді.

Epson Creative Projection қолданбасын App Store дүкенінен жүктеп алуыңызға болады. App Store дүкеніне кірген кезде алынатын қандай да бір ақы үшін тұтынушы жауапты болады.

**2** Content Playback режимінде USB флэш-жадын проектордың USB-A портына жалғаңыз.

**3** Қашықтықтан басқару пультіндегі [USB] түймесін басыңыз.



Соңғы ойнатылған ойнату тізімі проекцияланған. Уақыт кестесі тағайындалған болса, ойнату тізімі кестедегі жоспар бойынша ойнатылады.



- Таңдаулы ойнату тізіміңізді проекциялау үшін [Num] және сандық түймелерді басып тұруға болады. Ойнату тізімдерін жасау үшін қолданылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану арқылы қашықтан басқару жылдам қол жеткізу түймесін орнатуға болады.
- Тізімнен мақсатты ойнату тізімін таңдау үшін, проектордың **Operation** мәзіріндегі **USB Viewer** опциясын таңдап, көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Epson Web Control көмегімен ойнату тізімдерін жасау" [p.140](#)
- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)

### Epson Web Control көмегімен ойнату тізімдерін жасау


Content Playback режимінде браузердің көмегімен ойнату тізімдерін жасауға және желідегі проекторға қосылған USB флэш жадына сақтауға болады.

## Назар аударыңыз


Ойнату тізімдерін құру кезінде USB флэш-жадын проектордан алуға немесе проектордың қуат сымын ажыратуға болмайды. USB флэш-жадында сақталған деректер зақымдалуы мүмкін.

- 1** Проектордың Content Playback режимінде жұмыс істеуін тексеріңіз.
- 2** Компьютер немесе құрылғыңыз проектормен бірдей желіге қосылғанын тексеріңіз.
- 3** USB флэш жады проектордың USB-A портына жалғанғанын тексеріңіз.
- 4** Компьютер немесе құрылғыңызда браузерді іске қосыңыз.
- 5** Проектордың IP мекенжайын шолғыштың мекенжай өрісіне енгізу арқылы Epson Web Control экранына өтіңіз. IPv6 мекенжайын терген кезде оны [ және ] арасына қойыңыз.

## 6 USB Memory Device таңдаңыз.



## 7 Upload New Data опциясын таңдаңыз.



## 8 Ойнату тізіміне қосқыңыз келетін кескіндерді немесе бейнелерді таңдаңыз.



.avi, .jpeg (.jpg), .png, .bmp немесе .gif файлдарын жүктеп салуға болады.


Ойнату тізіміне .mp4 немесе .mov файлдарын қосқыңыз келсе, Epson Projector Content Manager бағдарламалық жасақтамасын немесе Epson Creative Projection қолданбасын пайдаланыңыз.

Таңдалған файлдар қосылған USB флэш жадына көшірілді.

## 9 Келесі әрекеттің бірін орындаңыз:

- Оларды бұрыннан бар ойнату тізіміне қосу үшін, **Add to Playlist** таңдап, оларды қосқыңыз келген ойнату тізімін таңдаңыз.
- Жаңа ойнату тізімін құрып, файлдарды осы тізімге қосу үшін, **Create New Playlist** опциясын таңдаңыз.

## 10 Ойнату тізімін өзгертіңіз.



- 1 Ойнату тізімінің атауын өзгертіңіз.
- 2 Қайта ойнатуды іске қосуды немесе қоспауды таңдайды.
- 3 Ойнату тізімін таңдаулылар тізіміне тіркейді.  
Ойнату тізімі таңдаулы ретінде тіркелгенде, **Remote** экранын немесе қашықтан басқару құралын пайдалану арқылы ойнатуды жылдам бастауға болады.
- 4 Ойнату тізіміне қосқан кескіндерді немесе бейнелерді көрсетеді. Ойнату тізімі кескіндерді немесе бейнелерді ретімен ойнатады.
- 5 Ойнату тізіміне кескіндерді немесе бейнелерді қосады.
- 6 Ойнату тізімінен кескіндерді немесе бейнелерді жояды.

- 7 **Switch Image** экранын ашады.  
Келесі кескін файлына ауыстыратын уақыт аралығын көрсетуге болады. Өту әсерін де таңдауға болады.
- 8 **Effects** экранын ашады.  
Ойнату тізіміне алдын ала анықталған түс және пішін әсері сүзгілерін қосуға болады. Теңшелген әсерді де жасауға болады.
- 9 Ойнату тізімін алдын ала көреді.

## 11 Ойнату тізімін өңдеуді аяқтаған кезде, **Finish** опциясын таңдаңыз.



- Ойнату тізімін **Remote** немесе **Playlist** экранынан ойнатуға болады.
- Ойнату тізімінің басталу және аяқталу уақытын көрсеткіңіз келсе, ойнату тізімін Epson Projector Content Manager бағдарламасымен жоспарлаңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Веб-басқару опциялары" [p.205](#)

## Проекцияланған кескіндерге әсерлер қосу

Content Playback режимінде проекцияланған кескінге түс пен пішін әсерлерін қосуға болады.



- Әсерлер функциясын пайдалану үшін, **Refresh Mode** режимін жүйелі түрде жаңартуыңыз керек.  
☛ **Management > Refresh Mode**
- Бұл мүмкіндік **Edge Blending** мүмкіндігін пайдалану кезінде қолжетімді емес.

## 1 Content Playback режимінде, [Menu] түймесін, **Operation** мәзірін, содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Operation	
Image	Auto Source Search	On
Signal I/O	Light Source Brightness Cont...	
Installation	Direct Power On	Off
Display	Auto Power On	Off
Operation	Sleep Mode	On
Management	Sleep Mode Timer	10 min.
Network	A/V Mute Timer	On
Pen/Touch	Standby Mode	Communication On
Interactive	Port	Wired LAN
Multi-Projection	Quick Startup	Off
Memory	USB Power	On While Projecting
ECO	Inv Direction Button	Off
Initial/All Settings	Reset Operation Settings	
	Management	
	User Button	Light Source Mode
	User's Logo	
	User Pattern	

## 2 Overlay Effect тармағын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



- 3** **Overlay Effect** параметрін ретінде **On** опциясын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

[ Overlay Effect ]	Return
Overlay Effect	On
Shape Filter	Circle 1
Color Filter	Off
Lightness	100

- 4** **Shape Filter** опциясын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 5** Келесі опциялардың әрқайсысын қажетінше реттеңіз:

- Шеңберлер, тік төртбұрыштар немесе реттелетін пішіндер ішінен пішін әсерін таңдауға арналған **Shape** опциясы.



Epson Projector Content Manager бағдарламалық жасақтамасының көмегімен кескіндерді реттелген пішіндер ретінде қосуға болады. Толық мәліметті *Epson Projector Content Manager қолдану нұсқаулығы*нан қараңыз.

- Таңдалған пішіннің ішінен немесе сыртынан маскалауды таңдауға арналған **Filter Effect** опциясы.
- Пішін өлшемін орнатуға арналған **Size** опциясы.
- Пішін күйін орнатуға арналған **Position** опциясы.



Теңшелген пішінді пайдалану кезінде, **Size** және **Position** параметрлерін өзгерту мүмкін емес.

- 6** **Color Filter** опциясын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 7** Келесі опциялардың әрқайсысын қажетінше реттеңіз:

- Түс таңдауға арналған **Color Filter** опциясы.
- **Red**, **Green** және **Blue** опцияларын жекелей реттеу арқылы реттелетін түсті орнатуға арналған **Custom** опциясы.

- 8** Жарықтық деңгейін орнату үшін **Lightness** түймесін басыңыз.

- 9** Әрекетті аяқтаған кезде, мәзірлерден шығу үшін [Menu] түймесін басыңыз.

## Content Playback режимінің шектеулері

### Жұмыс істеу шектеулері

Келесі операцияларды Content Playback режимінде орындау мүмкін емес.

- **Image** мәзірінде **Color Temp.** Параметрін өзгерту (**Warm White** немесе **Cool White Color Filter** ретінде таңдалғанда)
- **Split Screen**
- **Installation** мәзірінде **Screen Type** параметрін өзгерту
- **Display** мәзірінде **No-signal Screen** параметрін өзгерту
- **Management** мәзірінде **Log Save Destination** параметрін өзгерту
- **Effects** мүмкіндігіне ие **Edge Blending** үйлесуі функциясын пайдалану
- Кіріс сигналын автоматты анықтау
- **Network Settings** мәзірінде **Remote Password** параметрін өзгерту
- PC Free
- USB құжат камерасы
- Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасының көмегімен экранды жеткізу функциясы

### » Қатысты сілтемелер


- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.228](#)
- "Желілік мәзір - Желі параметрлері мәзірі" [p.247](#)
- "Бірнеше кескінді бір уақытта проекциялау" [p.130](#)

- "Экран түрін орнату" [р.60](#)
- "PC Free Қолданбасы арқылы презентацияны проекциялау" [р.133](#)

Болжалды кескінді және дыбысты уақытша өшіруге болады.

Бұл презентация барысында тыңдармандардың назарын бұру қажет болғанда тиімді.


Кез келген дыбыс немесе бейне әрекеті орындалуын жалғастырады, алайда проекциялауды тоқтаған жерден жалғастыра алмайсыз.



## » Қатысты сілтемелер

- "Тақта режимінің құралдар тақтасы" [p.104](#)
- "Аннотация режимінің құралдар тақтасы" [p.111](#)

- 1** Проекциялауды уақытша тоқтатып және кез келген дыбысты өшіру үшін, қашықтықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін басыңыз.



- 2** Кескінді және дыбысты қайта қосу үшін, [A/V Mute] түймесін қайта басыңыз.




- Интерактивті құралдар тақтасын пайдалану арқылы проекциялауды тоқтатуға болады (EB-770Fi/EB-760Wi).
- A/V Mute қосылғаннан кейін проектордың қуаты 30 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Бұл мүмкіндікті өшіруге болады.

☛ **Operation > A/V Mute Timer**


Бейне немесе компьютер презентациясындағы әрекетті уақытша тоқтатып, экранда ағымдағы кескінді ұстап тұруға болады. Кез келген дыбыс немесе бейне әрекеті орындалуын жалғастырады, алайда проекциялауды тоқтаған жерден жалғастыра алмайсыз.

- 1** Бейне әрекетін тоқтату үшін, қашықтықтан басқару пультіңдегі [Freeze] түймесін басыңыз.




- 2** Бейнені ойнату барысында қайта бастау үшін, [Freeze] түймесін қайта басыңыз.

Кескіннің бөлігін үлкейтіп және оны экранда үлкейте отыра презентация бөлімдеріне назар аудартуға болады.



Проектордың **Image** мәзіріндегі **Scale** параметрі іске қосылғанда, бұл мүмкіндік қолжетімсіз болады (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).

**1** Қашықтықтан басқару пультііндегі [E-Zoom] + түймесін басыңыз.



Экранда үлкейту аймағының ортасын көрсететін айқас шенін көресіз.

**2** Үлкейтілген кескінді реттеу үшін қашықтан басқару пультііндегі келесі түймелерді пайдаланыңыз:

- Үлкейткіңіз келген кескін аймағында айқас шенін орналастыру үшін көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз. Айқас шенін диагональ бойынша жылжыту үшін, жақын орналасқан көрсеткісі бар түймелер жұбын басыңыз.
- Кескін аймағын үлкейту үшін [E-Zoom] + түймесін бірнеше рет басыңыз. Тезірек үлкейту үшін [E-Zoom] + түймесін басып тұрыңыз.

- Үлкейтілген кескін аймағын панорамалау үшін көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз.
- Кескінді кішірейту үшін [E-Zoom] – түймесін басыңыз.
- Бастапқы кескін өлшеміне қайтару үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Үлкейтілген кескін проекцияланған және үлкейту қатынасы экранда көрсетіледі.

Таңдалған аймақты 25 арттыру қадамымен бірден төрт есеге дейін үлкейтуге болады.

Erson құжат камерасынан USB қосылымы арқылы кескіндерді проекциялаған кезде таңдалған аймақты 57 арттыру қадамымен сегіз есеге дейін үлкейтуге болады.

Проектордағы кескінді сақтап, оны проектор әрбір қосылған кезде көрсетуге болады. Сондай-ақ проектор кіріс сигналын қабылдамаған кезде, кескінді көрсетуге болады. Бұл кескін пайдаланушы логотипінің экраны деп аталады.

Сонымен қатар ұрлықты болдырмау мақсатында проектор иесін анықтауда пайдалы болатын пайдаланушы логотипі ретінде фотосурет, сызба немесе компания логотипін таңдауға болады. Құпия сөзбен қорғау орнату арқылы пайдаланушы логотипі өзгерістерінің алдын алуға болады.



- **User's Logo** параметріне арналған **Menu Protection** функциясы іске қосылса, пайдаланушы логотипін сақтау үшін мұндағы қадамдарды орындаудан бұрын, оны **Off** күйіне орнатыңыз.
- Топтамалық орнату функциясы арқылы бір проектордан екіншісіне мәзір параметрлерін көшіргенде, пайдаланушы логотипі де көшіріледі. Бірнеше проекторлармен бөліскіңіз келмеген ақпаратты пайдаланушы логотипі ретінде тіркемеңіз.
- HDCP арқылы қорғалған мазмұнды сақтай алмайсыз.
- **Content Playback** параметрін **On** күйіне орнатылса, проекторды іске қосу кезінде ғана пайдаланушы логотипін көрсетуге болады (EB-775F/EB-770F).

**1** Пайдаланушы логотипі ретінде проекциялағыңыз келген кескінді көрсетіңіз.

**2** [Menu] түймесін басып, **Management** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Management	
Image	User Button	Light Source Mode
Signal I/O	User's Logo	
Installation	User Pattern	
Display	Control Panel Lock	Off
Operation	Color Uniformity	
Management	Refresh Mode	
Network	Light Source Calibration	
Pen/Touch	Date & Time	
Interactive	Schedule Settings	
Multi-Projection	Wireless LAN Power	
Memory	Wireless LAN Diagnosis	1
ECO	Log Save Destination	USB and Internal Memory
Initial/All Settings	Batch Setup Range	
	Language	English
	Information	
	Display Logs	
	Reset Management Settings	

**3** **User's Logo > Start Setting** тармағын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Көрсетілген кескінді пайдаланушы логотипі ретінде пайдалану қажеттілігін сұрайтын хабарды көресіз.



**Geometry Correction, E-Zoom, Aspect, Scale** (тек EB-775F/EB-770Fi/EB-770F) немесе **Screen Type** сияқты баптаулар **User's Logo** параметрін таңдағанда уақытша тоқтатылады.

**4** **Yes** нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



Ағымдағы кескін сигналына байланысты, экран өлшемін кескін сигналының ажыратымдығына сәйкестендіру үшін өзгеруі мүмкін.

**5** Көрсетілген кескінді тексеріп, оны пайдаланушы логотипі ретінде сақтау үшін, **Yes** күйін таңдаңыз.

Пайдаланушы логотипі қайта жазылады және аяқталуы жөнінде хабар көрсетіледі.

**6** Хабар экранынан шығу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

**7** **Display** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Display
Image	Pattern Display
Signal I/O	Pattern Type
Installation	No-signal Screen      Blue
<b>Display</b>	Startup Screen      On
Operation	Home Screen Auto Disp.      On
Management	Sort Source Thumbnails      On
Network	Messages      On
Pen/Touch	Menu Rotation      Off
Interactive	Menu Color      White
Multi-Projection	Panel Alignment      On      ^
Memory	Select Color      R
ECO	Pattern Color      R/G/B
Initial/All Settings	Start Adjustments
	Reset
	Split Screen Setting
	Reset Display Settings
	Operation

**8** User's Logo экранын көрсету қажет болған жағдайда таңдаңыз:

- Өрдайым кіріс сигналы болмаған кезде көрсету үшін **No-signal Screen** параметрін таңдап, оны **Logo** күйіне орнатыңыз.

- Өрдайым проектор қосулы болған кезде көрсету үшін **Startup Screen** параметрін таңдап, оны **On** күйіне орнатыңыз.




User's Logo параметрлерінің өзгерістерін болдырмау үшін, User's Logo параметріне арналған **Menu Protection** функциясын іске қосып, құпия сөзді орнатыңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау" p.169

Түзетілген сызықтар және координаталық торлар сияқты проекторда алдын ала тіркелген үлгілердің төрт түрі бар. **Pattern Display** параметрлерін пайдалану арқылы презентацияларға қолдау көрсету үшін осы үлгілерді проекциялауға болады.

Сондай-ақ, ағымдағы уақытта проекцияланып жатқан кескінді User Pattern ретінде де сақтауға болады.

 • User Pattern сақталғанда, үлгіні зауыттық әдепкі қалпына қайтару мүмкін болмайды.

• HDCP арқылы қорғалған мазмұнды сақтай алмайсыз.


**1** User Pattern ретінде сақтау керек болған кескінді проекциялаңыз.

**2** [Menu] түймесін басып, **Management** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Management
Image	User Button Light Source Mode
Signal I/O	User's Logo
Installation	User Pattern
Display	Control Panel Lock Off
Operation	Color Uniformity
Management	Refresh Mode
Network	Light Source Calibration
Pen/Touch	Date & Time
Interactive	Schedule Settings
Multi-Projection	Wireless LAN Power
Memory	Wireless LAN Diagnosis 1
ECO	Log Save Destination USB and Internal Memory
Initial/All Settings	Batch Setup Range
	Language English
	Information
	Display Logs
	Reset Management Settings

**3** User Pattern нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Көрсетілген кескінді User Pattern ретінде пайдалану қажеттілігін сұрайтын хабарды көресіз.

 **Keystone, E-Zoom, Aspect** немесе **Image Shift** сияқты реттеулер User Pattern таңдалған кезде уақытша болдырылмайды.

**4** Yes нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Кескінді User Pattern ретінде сақтау қажеттілігін сұрайтын хабарды көресіз.

**5** Yes нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Орындалғаны туралы хабарды көресіз.

**6** Display мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Display
Image	Pattern Display
Signal I/O	Pattern Type
Installation	No-signal Screen Blue
Display	Startup Screen On
Operation	Home Screen Auto Disp. On
Management	Sort Source Thumbnails On
Network	Messages On
Pen/Touch	Menu Rotation Off
Interactive	Menu Color White
Multi-Projection	Panel Alignment On ^
Memory	Select Color R
ECO	Pattern Color R/G/B
Initial/All Settings	Start Adjustments
	Reset
	Split Screen Setting
	Reset Display Settings
	Operation



- 7** **Pattern Type** опциясын таңдап, оны **User Pattern** күйіне орнатыңыз.
- 8** **Pattern Display** нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Сақталған кескін проекцияланған.

Реттелген параметрлерді сақтап, содан соң сақталған параметрлерді пайдалану қажет болған жағдайда таңдауға болады.

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2** [Menu] түймесін басып, **Memory** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Color Matching	
Image	RGBCMY	
Signal I/O	Reset Multi-Projection Settin...	
Installation	Memory	
Display	Save Memory	
Operation	Load Memory	
Management	Rename Memory	
Network	Erase Memory	
Pen/Touch	Reset Memory Settings	
Interactive	ECO	
Multi-Projection	Light Source Mode	Normal
Memory	Sleep Mode	On
ECO	Sleep Mode Timer	10 min.
Initial/All Settings	A/V Mute Timer	On
	Standby Mode	Communication On
	Initial/All Settings	
	Reset All	
	Firmware Update	

- 3** Келесі опциялардың бірін таңдаңыз:
  - **Save Memory** параметрі ағымдағы параметрлерді жадқа (атаулары әртүрлі 10 жад қолжетімді) сақтауға мүмкіндік береді.



- Келесі параметрлерді сақтауға болады:
  - Әрбір түс режиміне арналған **Image** мәзір параметрлері
  - **Signal I/O** мәзіріндегі **Video Range** және **Overscan**
  - **Operation** мәзіріндегі **Light Source Mode** және **Brightness Level** параметрлері
  - **Multi-Projection** мәзіріндегі **Color Matching** опциясы (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F)
  - Бұрын пайдаланылған жад атауы көк түсті белгімен көрсетіледі. Алдыңғы сақталған жадқа сақтау параметрлерді ағымдағы параметрлермен бірге қайта жазып алады.

- **Load Memory** параметрі ағымдағы параметрлерді сақталған параметрлермен қайта жазып алуға мүмкіндік береді.
- **Rename Memory** параметрі сақталған жад атауын өзгертуге мүмкіндік береді.
- **Erase Memory** параметрі таңдалған жад параметрлерін өшіруге мүмкіндік береді.

- 4** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.




- Сақталған Color Mode параметрі жад атауының оң жағында көрсетіледі.
- Барлық сақталған жадтарлы жою үшін, **Reset Memory Settings** опциясын таңдаңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.228](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [p.231](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - Операция мәзірі" [p.238](#)
- "Бірнеше проектор басқару параметрлері - Көп проекция мәзірі" [p.263](#)

Бір біріккен кескін аймағын жасау үшін, екі не одан да көп проектордан проекцияланған кескіндерді біріктіруге болады. (Multi-Projection)



- Проекциялауды бастаудан бұрын, барлық проекторлар үшін проектордың **Image** мәзірінде **Color Mode** параметрін **Multi-Projection** күйіне орнатыңыз (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).
- Кейбір жағдайларда ашықтық пен түс реңкі, тіпті, түзетуден кейін толығымен сәйкес келмеуі мүмкін.
- Ашықтық пен түс реңкінің айырмашылығы уақыт өткеннен кейін байқаларлықтай болса, реттеулерді қайталаңыз.

Ең жақсы нәтижелер үшін осы тәртіптегі бірнеше проектор кескіндеріне арналған параметрлер мен баптауларды таңдаңыз:

#### EB-775F/EB-770Fi/EB-770F:

- Проектор идентификаторын орнату
- Color Uniformity параметрін реттеу
- Кескін жиектерін араластыру
- Кескін түстерін сәйкестендіру
- Қара деңгейді баптау
- RGBCMY реттеу
- Кескінді масштабтау

#### EB-760Wi/EB-760W:

- Проектор идентификаторын орнату

- Color Uniformity параметрін реттеу
- Проектордың **Operation** мәзірінде **Light Source Mode** параметрін **Custom** күйіне орнату және **Brightness Level** параметрін баптау.  
☛ **Operation > Light Source Brightness Control > Light Source Mode**
- RGBCMY реттеу



Кескінді проекциялауды бастағаннан 30 минуттан кейін реттеген жөн, себебі проекторды қосқан кезде кескіндер тұрақты болмайды.

#### » Қатысты сілтемелер

- "Бірнеше проекторды басқаруға арналған проекторды анықтау жүйесі" [p.154](#)
- "Color Uniformity параметрін реттеу" [p.156](#)
- "Кескіндерді бір кескінге мозаикалық біріктіру" [p.158](#)
- "Кескін жиектерін араластыру" [p.159](#)
- "Кескін түстерін сәйкестендіру" [p.161](#)
- "Қара деңгейді баптау" [p.162](#)
- "RGBCMY реттеу" [p.165](#)
- "Кескінді масштабтау" [p.165](#)

## Бірнеше проекторды басқаруға арналған проекторды анықтау жүйесі

Кескіндерді проекциялау үшін бірнеше проекторды қосқан кезде әрбір проектор кескіндері сәйкес болатындай әрбір проектор кескінінің ашықтығы мен түс реңкін түзетуге болады.

Әр проектордың жеке жұмыс істеуі үшін оларға қашықтықтан басқару пульті арқылы бірегей проектор идентификаторын орнатыңыз, содан кейін әрбір проектордың жарықтығы мен түсін түзетіңіз.

#### » Қатысты сілтемелер

- "Проектор идентификаторын орнату" [p.155](#)
- "Басқарғыңыз келген проекторды таңдау" [p.155](#)

## Проектор идентификаторын орнату

Қашықтықтан басқару пультінен бірнеше проекторды басқару үшін, әрбір проектор үшін бірегей идентификатор тағайындаңыз.

- 1** [Menu] түймесін басып, келесілерді орындаңыз:
  - **EB-775F/EB-770Fi/EB-770F: Multi-Projection** мәзірін басып, [Enter] түймесін басыңыз.
  - **EB-760Wi/EB-760W: Installation** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**2** Projector ID параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**3** Проектор үшін пайдаланатын идентификациялық нөмірді таңдау үшін көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз. Содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.

[ Projector ID ]	Return
✓ Off	
1	
2	
3	
4	
5	
6	
7	
8	
9	


**4** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

**5** Қашықтан басқару пультінен басқарғыңыз келген барлық басқа проекторлар үшін осы қадамдарды қайталаңыз.


## Басқарғыңыз келген проекторды таңдау

Проектордың идентификаторын орнатқаннан кейін қашықтан басқару пульті арқылы жұмыс жасатқыңыз келген проектор идентификаторын таңдаңыз.


**1** Қашықтықтан басқару пультін мақсатты проекторға бағыттаңыз және [ID] түймесін басыңыз.



Ағымдағы проектор идентификаторы проекцияланған экранда көрсетіледі. Шамамен 3 секундтан кейін жоқ болады.



**2** [ID] түймесін басып тұрғанда, жұмыс істегіңіз келген проектордың идентификаторына сәйкес келетін нөмір түймесін басыңыз.



Басқару қажет проектор таңдалды.



- Қашықтықтан басқару пультінен [0/All] мәнін таңдаған кезде, **Projector ID** параметріне қарамастан барлық проекторларды басқаруға болады.
- **Projector ID** параметрін **Off** күйіне орнатқан кезде, қашықтықтан басқару пультіндегі идентификаторға қарамастан қашықтықтан басқару пульті арқылы проекторды басқаруға болады.
- Проектор идентификаторы параметрі қашықтан басқару пультінде сақталған. Қашықтан басқару пультіні ауыстыру мақсатында алсаңыз да, сақталған идентификатор параметр сақталады. Дегенмен, батареялар қашықтан басқару пультінен ұзақ уақытқа алынса, идентификатор бастапқы параметрге (0/All) оралады.
- Бір уақытта бірнеше қашықтан басқару пультітерін пайдаланғанда, инфрақызыл сәулелердің кедергісі себебінен проекторларды арнайы мақсатында пайдалану мүмкін болмауы мүмкін.



Түс біркелкілігін баптаудан кейін де, түс реңкі біркелкі болмауы мүмкін.

**1**


[Menu] түймесін басып, **Management** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Management
Image	User Button Light Source Mode
Signal I/O	User's Logo
Installation	User Pattern
Display	Control Panel Lock Off
Operation	Color Uniformity
<b>Management</b>	Refresh Mode
Network	Light Source Calibration
Pen/Touch	Date & Time
Interactive	Schedule Settings
Multi-Projection	Wireless LAN Power
Memory	Wireless LAN Diagnosis 1
ECO	Log Save Destination USB and Internal Memory
Initial/All Settings	Batch Setup Range
	Language English
	Information
	Display Logs
	Reset Management Settings

## Color Uniformity параметрін реттеу

Кескіннің түс өңі біртегіс болмаса, түс өңі балансын баптауға болады. Әрбір проектор үшін **Color Uniformity** параметрін баптаңыз.

**2** **Color Uniformity** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.




**3** **Color Uniformity** параметрін қайта таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**4** **On** нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Содан кейін [Esc] пернесін басыңыз.

**5** **Adjustment Level** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.


**6** Баптау қажет болған бірінші баптау дейін таңдаңыз және [Esc] түймесін басыңыз.



Ақ түстен сұр түске, сондай-ақ қара түске дейін сегіз деңгей бар. Әр деңгейді жеке реттеуге болады.


**7** **Start Adjustments** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**8** Баптау қажет кескін аймағын таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



Әрбір аймақты жеке баптап, **All** таңдаңыз және толық экранды баптаңыз.

**9** **Red, Green** немесе **Blue** түстерін таңдап, қажет болса, түс реңкін баптаңыз.






[Enter] түймесін басқан сайын реттеу экраны өзгереді.

- 10** Ауданды таңдау экранына қайту үшін [Esc] түймесін басыңыз.
- 11** Әрбір аймақтың түс баптауын қайталаңыз.
- 12** 5-қадамға қайтып, басқа деңгейлерді баптау үшін, барлық қадамдарды қайталаңыз.
- 13** Әрекетті аяқтаған кезде, шығу үшін [Menu] түймесін басыңыз.

## Кескіндерді бір кескінге мозаикалық біріктіру

Мозаикалық біріктіру мүмкіндігін пайдалану арқылы бір үлкен кескін жасау үшін, бір кескінді 15 проекторға дейін проекциялауға болады (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).



Мозаикалық біріктіруден бұрын проекторларда көрсетілген кескіндер тікбұрышты, дұрыс өлшемді екеніне және фокусталғанына көз жеткізіңіз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Мозаикалық біріктіруді теңшеу" [p.158](#)


## Мозаикалық біріктіруді теңшеу

Мозаикалық біріктіруді қолмен теңшеуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз.
- 2** [Menu] түймесін басып, **Multi-Projection** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Multi-Projection
Image	Projector ID Off
Signal I/O	Tiling
Installation	Geometry Correction Point Correction
Display	Edge Blending
Operation	Black Level
Management	Scale
Network	Color Uniformity
Pen/Touch	Light Source Mode Normal
Interactive	Color Matching
Multi-Projection	RGBCMY
Memory	Reset Multi-Projection Settings
ECO	Memory
Initial/All Settings	Save Memory
	Load Memory
	Rename Memory
	Erase Memory
	Reset Memory Settings


**3** **Tiling > Layout** тармағын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



**4** **Row** және **Column** параметрлері ретінде орнатылатын қатарлар мен бағандар санын таңдаңыз. Содан кейін **Set** опциясын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**5** Келесі қадамды жалғастырудан бұрын, орнатылатын әр проекторда алдыңғы қадамдарды қайталаңыз.


**6** **Location Setup** таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



**7** Әрбір проекцияланатын кескін орналасуын төмендегіше таңдаңыз:

- экрандарды үстіңгі жағында 1-ден бастап жоғарыдан төменге қарай реттік тәртіпте орналастыру үшін **Row Order**

- экрандарды сол жақта A-дан бастап солдан оңға қарай орналастыру үшін **Column Order**



**Set** таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.


**8** Келесі қадамды жалғастырудан бұрын, орнатылатын әр проекторда алдыңғы қадамды қайталаңыз.

**9** Кескінді көрсету үшін, кіріс сигналын таңдаңыз.

Мұндағы қадамдарды орындағаннан кейін, кескіндердегі бос жерлерді және түсіндегі өзгешеліктерді реттеңіз.

## Кескін жиектерін араластыру

Бірнеше проектордан бір тегіс кескінді жасау үшін, проектордың Edge Blending мүмкіндігін пайдалануға болады (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).






- 1** [Menu] түймесін басып, **Multi-Projection** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Multi-Projection
Image	Projector ID Off
Signal I/O	Tiling
Installation	Geometry Correction Point Correction
Display	Edge Blending
Operation	Black Level
Management	Scale
Network	Color Uniformity
Pen/Touch	Light Source Mode Normal
Interactive	Color Matching
Multi-Projection	Reset Multi-Projection Settings
Memory	Memory
ECO	Save Memory
Initial/All Settings	Load Memory
	Rename Memory
	Erase Memory
	Reset Memory Settings



- 2** **Edge Blending** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 3** **Edge Blending**, **Line Guide** және **Pattern Guide** параметрлерін іске қосыңыз.

 Аралас аймақты анық көру үшін, әр проекторда **Guide Color** параметрін таңдаңыз.

- 4** Әр проекторда араластыру қажет болған жиекті таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.


Келесідей экран көрсетіледі:

[ Top Edge ]	Return
<b>Blending</b>	Off
Blend Start Position	0 
Blend Range	0 
Blend Curve	0

- 5** **Blending** параметрін таңдап, **On** күйін таңдаңыз.

- 6** **Blend Start Position** параметрін таңдап, араластыруды бастау күйін баптаңыз

- 7** **Blend Range** параметрін таңдап, көрсетілген бағыттауыштар екі кескін арасындағы қабаттасқан аймақтың жиектерінде болатындай етіп аралас аймақ енін таңдау үшін, көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз.




- 8** Алдыңғы экранға қайту үшін [Esc] түймесін басыңыз.

- 9** **Blend Curve** параметрін таңдап, проектордағы пішімделген аймақ градиентін таңдаңыз.

**10** Жиектері араластырылғанда, соңғы параметрлерді тексеру үшін, әрбір проектордағы **Line Guide** және **Pattern Guide** параметрлерін өшіріңіз.

**11** Әрекетті аяқтаған кезде, [Menu] түймесін басыңыз.

 Аралас аймақ нақты қабаттаспаса, **Point Correction** көмегімен аралас аймақтың пішімін түзетіңіз.

## Кескін түстерін сәйкестендіру

Бір-бірінің жанында тұрып проекциялайтын бірнеше проектордың көрсету сапасын сәйкестендіруге болады (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).

Бастаудан бұрын, біріккен экранға сәйкес келетін кескін сапасы параметрлерін таңдау үшін, барлық проекторларды іске қосыңыз.

**1** [Menu] түймесін басып, **Multi-Projection** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Multi-Projection
Image	Projector ID Off
Signal I/O	Tiling
Installation	Geometry Correction Point Correction
Display	Edge Blending
Operation	Black Level
Management	Scale
Network	Color Uniformity
Pen/Touch	Light Source Mode Normal
Interactive	Color Matching
Multi-Projection	RGBCMY
Memory	Reset Multi-Projection Settings
ECO	Memory
Initial/All Settings	Save Memory
	Load Memory
	Rename Memory
	Erase Memory
	Reset Memory Settings

**2** **Color Matching** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

[ Color Matching ]	Return
Adjustment Level	1 ◀ ▶
Red	0 ———
Green	0 ———
Blue	0 ———
Brightness	- +

**3** **Adjustment Level** параметрін 8 күйіне орнатыңыз.




Бумадағы әрбір түс үшін түс өңін 2-8 деңгейлері арасында реттеу үшін, **All** күйіне орнатыңыз.

- 4** **Brightness** параметрін таңдап, мәнді реттеңіз.
- 5** **Red, Green** немесе **Blue** түстерін таңдап, қажет болса, түс реңкін баптаңыз.
- 6** Жоғарғы деңгей мәзіріне қайта оралып, **Operation** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 7** **Light Source Brightness Control** таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 8** **Light Source Mode** режиміне **Custom** күйіне орнатыңыз.
- 9** **Brightness Level** деңгейін баптаңыз.
- 10** 1-5 қадамдарын бірнеше рет қайталап, әрбір талпыныста 7 - 1 деңгейлерін бірдей жолмен баптауды таңдаңыз.
- 11** Өрекетті аяқтаған кезде, [Menu] түймесін басыңыз.

## Қара деңгейді баптау

Біртегіс кескін жасау үшін, кескіндер қабаттаспайтын аймақтардың жарықтығы мен түсін баптау керек (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).




- Сынақ үлгісі көрсетілгенде, **Black Level** параметрін баптау мүмкін емес.
- **Geometry Correction** мәні тым үлкен болғанда, **Black Level** параметрін дұрыс баптау мүмкін болмайды.
- Жарықтығы мен реңкі кескіндер қабаттасатын аймақтарда, сонымен қатар басқа аймақтарда **Black Level** параметрі бапталғаннан кейін де әртүрлі болуы мүмкін.
- **Edge Blending** параметрін өзгертсеңіз, **Black Level** параметрі әдепкі мәніне оралады.
- **Edge Blending** бөліміндегі **Top Edge, Bottom Edge, Left Edge** және **Right Edge** параметрлерінің кемінде бірі **On** күйіне орнатылғанда ғана қолжетімді.

- 1** [Menu] түймесін басып, **Multi-Projection** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.


Frequently Used Items	Multi-Projection
Image	Projector ID Off
Signal I/O	Tiling
Installation	Geometry Correction Point Correction
Display	Edge Blending
Operation	Black Level
Management	Scale
Network	Color Uniformity
Pen/Touch	Light Source Mode Normal
Interactive	Color Matching
Multi-Projection	RGBCMY
Memory	Reset Multi-Projection Settings
ECO	Memory
Initial/All Settings	Save Memory
	Load Memory
	Rename Memory
	Erase Memory
	Reset Memory Settings

- 2** **Black Level** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 3** **Color Adjustment** опциясын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Баптау аймақтары **Edge Blending** параметрі негізінде көрсетіледі.
- 4** Баптау қажет аймақты таңдау үшін, көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз және [Enter] түймесін басыңыз.


Таңдалған аймақ қызғылт түсте көрсетіледі.



Бірнеше экрандар қабаттасқанда, ең көп қабаттасатын (ең жарық аймақ) аймақ негізінде баптаңыз. Төмендегі суретте алдымен (2) және (1) туралаңыз, содан кейін (3) және (2) тураланатындай етіп баптаңыз.



**5** Қара реңкті баптаңыз.



RGB мәндерін бір уақытта баптау үшін, **Brightness** түймелерін пайдалануға болады.

**6** Кез келген қалған экран аймақтарын реттеу үшін, 4 және 5 қадамдарын қажетінше қайталаңыз.


**7** Әрекетті аяқтаған кезде, [Menu] түймесін басыңыз.

» **Қатысты сілтемелер**

- "Қара түс деңгейін реттеу аймағын өзгерту" [p.164](#)

## Қара түс деңгейін реттеу аймағын өзгерту

**Black Level** параметрін баптаудан кейін түсі сәйкес келмейтін аймақтар бар болса, оларды жекелей баптауға болады.



**1** **Black Level** параметрінде **Area Correction** опциясын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

**2** **Start Adjustments** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Кескіндердің қабаттасатын орындарын көрсететін шекара сызықтары көрсетілген. Бұл сызықтар **Edge Blending** параметрі негізінде көрсетіледі.

**3** Реттеу қажет шекара сызығын таңдау үшін, көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз. Содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.


Таңдалған сызық қызғылт түсте көрсетіледі.



**4** Сызық орнын реттеу үшін, көрсеткісі түймелерін пайдаланыңыз. Содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.

**5** Жылжыту қажет нүктені таңдау үшін, көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз. Содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.

Таңдалған нүкте қызғылт түсте көрсетіледі.





**Points** параметрінің көмегімен көрсетілген нүктелер санын өзгертуге болады.

- 6** Нүктені жылжыту үшін, көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз.
- 7** Басқа нүктені жылжытуға жалғастыру үшін, [Esc] түймесін басып, 5 және 6 қадамдарын қайталаңыз.
- 8** Басқа шекара сызығын баптау үшін, 3-қадамда көрсетілген экран көрсетілмейінше [Esc] түймесін басыңыз.
- 9** Әрекетті аяқтаған кезде, [Menu] түймесін басыңыз.

## RGBCMY реттеу

**Hue**, **Saturation** және **Brightness** параметрлерін R (қызыл), G (жасыл), B (көк), C (көгілдір), M (маджента) және Y (сары) түс құрамдастары үшін реттеуге болады.

Бастаудан бұрын, біріккен экранға сәйкес келетін түс реңкі параметрлерін таңдау үшін, барлық проекторларды іске қосыңыз.


Мәліметтерді "Реңкті, қанықтықты және жарықтықты реттеу" бөлімінен қараңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Реңкті, қанықтықты және жарықтықты реттеу" [p.85](#)

## Кескінді масштабтау

Бір кескінді бірнеше проекторда проекциялауға және бірнеше кескінді қиып, бір біріккен кескінге біріктіру үшін, **Scale** мүмкіндігін пайдалануға болады (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).




- 1** Кескінді көрсету үшін, кескін сигналын енгізіңіз.

- 2** [Menu] түймесін басып, **Multi-Projection** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

Frequently Used Items	Multi-Projection
Image	Projector ID Off
Signal I/O	Tiling
Installation	Geometry Correction Point Correction
Display	Edge Blending
Operation	Black Level
Management	Scale
Network	Color Uniformity
Pen/Touch	Light Source Mode Normal
Interactive	Color Matching
Multi-Projection	RGBCMY
Memory	Reset Multi-Projection Settings
ECO	Memory
Initial/All Settings	Save Memory
	Load Memory
	Rename Memory
	Erase Memory
	Reset Memory Settings


- 3** **Scale** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.  
Мына экранды көресіз:




- 4** **Scale** параметрін таңдап, **On** күйін таңдаңыз.

- 5** **Scale Mode** параметрін және келесі опциялардың біреуін таңдаңыз:

- Кескінді масштабтаған кезде, кескіннің Өлшемдер арақатынасын сақтауға арналған **Zoom Display** параметрі.



- Кескінді масштабтаған кезде, кескінді проектордың экран Өлшемі бойынша реттеуге арналған **Full Display** параметрі.



- 6** Келесі масштабтау опцияларының біреуін немесе бірнешеуін таңдап, қажетінше реттеңіз:
  - Кескінді бір уақытта көлденең және тігінен үлкейтуге немесе кішірейтуге арналған "-" немесе "+" белгісі.
  - Кескінді тек тігінен масштабтауға арналған **Scale Vertically** параметрі.
  - Кескінді тек көлденеңінен масштабтауға арналған **Scale Horizontally** параметрі.
- 7** **Clip Adjustment** параметрін таңдап, экранды қараған кезде, әр кескіннің координаталары мен өлшемін көрсеткілері бар түймелерді пайдаланып реттеңіз.
- 8** Таңдалған әрі ұсталған аймақты алдын ала қарау үшін **Clip Range** параметрін таңдаңыз.
- 9** Әрекетті аяқтаған кезде, [Menu] түймесін басыңыз.



Келесі қауіпсіздік функцияларын орнату арқылы ұрлықты және абайсыз пайдалануды болдырмау үшін проекторы қауіпсіздігін қамтамасыз ете аласыз:

- **Құпия сөз қауіпсіздігі құпия сөзді** білмейтін адамдардың проекторды пайдалануын болдырмауға және іске қосу экранында, басқа параметрлерде өзгерістерді болдырмауға арналған. Бұл ұрлауға қарсы функция, өйткені тіпті ұрланса да, проекторды пайдалану мүмкін емес, проекторды пайдалана алатын адамды шектеуге болады.
- Түймені құлыптау қауіпсіздігі қашықтан басқару пультіндегі түймелерді пайдаланып проектордың жұмысын құлыптауға арналған. Бұл проекциялау кезінде бүкіл түймелерді өшіру керек оқиғаларда немесе шоуларда я болмаса түймелерді пайдалануды шектеу керек мектептерде пайдалы.
- Кабельдік қауіпсіздік проекторды орнында бекітуге арналған.

### » Қатысты сілтемелер

- "Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлері" [p.168](#)
- "Проектор түймелерін құлыптау" [p.171](#)
- "Қауіпсіздік кабелін орнату" [p.171](#)

## Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлері

Бір ортақ құпия сөзді пайдаланып құпия сөз қауіпсіздігінің келесі түрлерін орнатуға болады:

- **Power On Protection** функциясы құпия сөзді алдын ала енгізусіз проекторды пайдаланудың алдын алады. Қуат сымын розеткаға қосып, бірінші рет проекторды қосқан уақытта дұрыс құпия сөз енгізуіңіз тиіс. Бұл, сондай-ақ, **Direct Power On** және **Auto Power On** үшін қолданылады.
- **User's Logo** параметрінің **Menu Protection** функциясы проектор іске қосылғанда немесе кіріс сигналын қабылдағанда көрсетілетін тұтынушы экранын басқа біреулердің өзгертуінен сақтайды. Тұтынушы экраны проектордың иесін анықтау арқылы ұрлықтың алдын алады.

- **Schedule** параметрінің **Menu Protection** функциясы басқа біреудің проектордың жоспарлау параметрлерін өзгертуіне жол бермейді.
- **Network** параметрінің **Menu Protection** функциясы басқа біреудің проектордың **Network** параметрлерін өзгертуіне жол бермейді.
- **Interactive** параметрінің **Menu Protection** функциясы басқа біреудің проектордың **Interactive** параметрлерін өзгертуіне жол бермейді (EB-770Fi/EB-760Wi).

### » Қатысты сілтемелер

- "Құпия сөзді орнату" [p.168](#)
- "Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау" [p.169](#)
- "Проекторды пайдалану үшін құпия сөзді енгізу" [p.170](#)

## Құпия сөзді орнату


Проекторды алғаш рет пайдалану үшін, құпия сөзді орнатуыңыз керек.



Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды. Құпия сөзді орнатуыңыз керек.

**1**

Басқару панеліндегі [Freeze] түймесін 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.



Password Protection параметрінің мәзірін көресіз.



- Құпия сөз орнатылмаған болса, **Password Protection** параметрі мәзірін көрмес бұрын, құпия сөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі.
- Егер **Password Protection** параметрі іске қосылса, **Password Protection** параметрінің мәзірін көрсету үшін дұрыс құпия сөз енгізу қажет.

**2** **Password** параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

[ Password Protection ]	
Power On Protection	Off
Menu Protection	
Password	


"Change the password?" хабары көрсетіледі.

**3** **Yes** нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



**No** нұсқасы таңдалса, Password Protection параметрінің мәзірі қайта көрсетіледі.

**4** Қашықтан басқару пультіндегі [Num] түймесін басып тұрыңыз және төрт сандық құпия сөзді орнату үшін сандық түймелерді пайдаланыңыз.



Құпия сөз енгізілгеннен \*\*\*\* ретінде көрсетіледі. Төртінші санды енгізген кезде растау хабары көрсетіледі.

**5** Құпия сөзді қайта енгізіңіз.  
"Password accepted" хабары көрсетіледі. Егер құпия сөзді дұрыс енгізсеңіз, құпия сөзді қайта енгізуді сұрайтын хабар көрсетіледі.

**6** Мәзірге оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

**7** Құпия сөзді жазып алып, оны қауіпсіз жерде сақтаңыз.

## Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау

Құпия сөзді орнатқаннан кейін, пайдаланғыңыз келген құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдауға мүмкіндік беретін осы мәзірді көресіз.

[ Password Protection ]	
Power On Protection	Off
Menu Protection	
Password	

Осы мәзір көрсетілмесе, мәзір пайда болғанша қашықтықтан басқару пультінен [Freeze] түймесін 5 секунд бойы басып тұрыңыз.

- Проектордың рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау үшін, **Power On Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Проектордың параметрлерін өзгертуге жол бермеу үшін, **Menu Protection** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және қажет болса, опцияларды таңдаңыз.
- User's Logo экранының немесе қатысты дисплейдің параметрлерін өзгертуді болдырмау үшін, **User's Logo** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

- Проектордың жоспарлау параметрлерін өзгертуге жол бермеу үшін, **Schedule** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Проектордың желі параметрлерін өзгертуге жол бермеу үшін, **Network** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Проектордың **Interactive** параметрлерін өзгертуге жол бермеу үшін, **Interactive** параметрін **On** күйіне орнатыңыз. (EB-770Fi/EB-760Wi)

Проекторға құпия сөзді қорғау жапсырмасын ұрлықтан қорғау қосымша шарасы ретінде бекітуге болады.



Қашықтан басқару пультын қауіпсіз жерде сақтағаныңызға көз жеткізіңіз, оны жоғалтқан жағдайда құпия сөзді енгізу мүмкіндігі болмайды.

## Проекторды пайдалану үшін құпия сөзді енгізу


Құпия сөз экраны көрсетілген кезде дұрыс құпия сөзді енгізіңіз.

[ Password ]

Enter the password.

See your documentation for more information.

- 1** Сандық түймелерді пайдаланып құпия сөзді енгізу барысында қашықтан басқару пультіндегі [Num] түймесін басып тұрыңыз.



Құпия сөз экраны жабылады.

- 2** Құпия сөз қате болса, әрекетті қайталау жөніндегі хабарды көресіз. Жалғастыру үшін дұрыс құпия сөзді енгізіңіз.

### Назар аударыңыз

- "Content Playback режиміндегі ақаулардың шешімдері" [p.306](#)
- "Желілік ақаулықтарды шешу" [p.307](#)
- "HDMI Link жұмыс істемеген кездегі шешімдер" [p.310](#)


Егер проектор дұрыс істемесе, Өшіріп, Қуат көзінен ажыратыңыз, содан кейін Қуат көзіне жалғап, Қосыңыз.

Егер мәселе онымен шешілмесе, төмендегілерді тексеріңіз:


- Проектордағы индикаторлар ақаулықтарды көрсетуі мүмкін.
- Бұл нұсқаулықта берілген шешімдер көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Егер бұл шешімдердің ешқайсысы көмектеспесе, Epson техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Проектордағы индикаторлар проектор күйін білдіреді және мәселе туындаған жағдайда сізді хабардар етеді. Күй мен индикаторлардың түсін тексеріңіз және шешім үшін осы кестені қараңыз.



- Егер индикаторлар төмендегі кестеде жоқ үлгіні көрсетсе, проекторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Epson компаниясынан анықтама алыңыз.
- **Indicators** параметрі проектордың **Operation** мәзірінде **Off** күйіне орнатылса, қалыпты проекциялау жағдайларында бүкіл индикаторлар өшірулі болады.



- 1 Қосулы/Күту (қуат) көрсеткіші
- 2 Күй көрсеткіші
- 3 Laser индикаторы
- 4 Температура (температура) индикаторы

## 5 WLAN (сымсыз жергілікті желі) индикаторы

### Проектор күйі

Индикатор және күй	Мәселе және шешімдер
Қуат: Көк түс жанады Күйі: Көк түс жанады Лазер: Өшірулі Температура: Өшірулі	Қалыпты жұмыс.
Қуат: Көк түс жанады Күйі: Көк түс жыпылықтайды Лазер: Өшірулі Температура: Өшірулі	Қыздыру, өшіру немесе салқындату. Кескіннің пайда болуын 30 секундтай күтіңіз. Қыздыру, өшіру және салқындату кезінде, барлық түймелер өшіріледі.
Қуат: Көк түс жанады Күйі: Өшірулі Лазер: Өшірулі Температура: Өшірулі	Күту, ұйқы режимі немесе бақылау. Қуат түймесін басқан кезде проекциялау басталады.
Қуат: Көк түс жыпылықтайды Күйі: Өшірулі Лазер: Өшірулі Температура: Өшірулі	Бақылау және жылдам қосу режиміне дайындау Барлық мүмкіндіктер өшіріледі.
Қуат: Индикатор күйі түрленеді Күйі: Көк түс жыпылықтайды Лазер: Қызғылт сары түс жыпылықтайды Температура: Индикатор күйі түрленеді	Refresh Mode режимі қосылуда. 🖱️ <b>Management &gt; Refresh Mode</b>

Индикатор және күй	Мәселе және шешімдер
<p>Қуат: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Күйі: Индикатор күйі түрленеді</p> <p>Лазер: Индикатор күйі түрленеді</p> <p>Температура: Қызғылт сары түс жыпылықтайды</p>	<p>Проектор өте ыстық.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Желдеткіштер мен ауа сүзгісі шаңмен бітеліп қалмағанын немесе қасындағы заттармен бітеліп қалмағанын тексеріңіз.</li> <li>Ауа сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.</li> <li>Қоршаған орта температурасы өте ыстық еместігіне көз жеткізіңіз.</li> </ul>
<p>Қуат: Өшірулі</p> <p>Күйі: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Лазер: Өшірулі</p> <p>Температура: Қызғылт сары жанады</p>	<p>Проектор қызып кетіп, Өшіп қалды. Суыту үшін 5 минуттай Өшулі күйде тұруы қажет.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Желдеткіштер мен ауа сүзгісі шаңмен бітеліп қалмағанын немесе қасындағы заттармен бітеліп қалмағанын тексеріңіз.</li> <li>Қоршаған орта температурасы өте ыстық еместігіне көз жеткізіңіз.</li> <li>Ауа сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.</li> <li>Проектор жоғары биіктікте жұмыс істесе, проектордың <b>Installation</b> мәзіріндегі <b>High Altitude Mode</b> параметрін <b>On</b> күйіне орнатыңыз.</li> <li>Егер мәселе шешімін таппаса, проекторды қуат көзінен ажыратып, Epson компаниясына хабарласыңыз.</li> </ul>
<p>Қуат: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Күйі: Индикатор күйі түрленеді</p> <p>Лазер: Қызғылт сары түс жыпылықтайды</p> <p>Температура: Индикатор күйі түрленеді</p>	<p>Лазерге қатысты ескерту</p> <p>Проекторды Өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Epson компаниясына хабарласыңыз.</p>

Индикатор және күй	Мәселе және шешімдер
<p>Қуат: Өшірулі</p> <p>Күйі: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Лазер: Қызғылт сары жанады</p> <p>Температура: Өшірулі</p>	<p>Лазерде ақаулық бар.</p> <p>Проекторды Өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Epson компаниясына хабарласыңыз.</p>
<p>Қуат: Өшірулі</p> <p>Күйі: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Лазер: Өшірулі</p> <p>Температура: Қызғылт сары түс жыпылықтайды</p>	<p>Желдеткіш немесе датчикте ақаулық бар.</p> <p>Проекторды Өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Epson компаниясына хабарласыңыз.</p>
<p>Қуат: Өшірулі</p> <p>Күйі: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Лазер: Қызғылт сары түс жыпылықтайды</p> <p>Температура: Өшірулі</p>	<p>Проектордың ішкі қатесі</p> <p>Проекторды Өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Epson компаниясына хабарласыңыз.</p>

## Сымсыз жергілікті желі күйі

Сымсыз жергілікті желі индикаторының күйі	Мәселе және шешімдер
Көк түстің жануы	Сымсыз желі қолжетімді.
Көк түстің жыпылықтауы (жылдам)	Құрылғыға қосу.
Көк түстің жыпылықтауы (баяу)	Қате орын алды. Проекторды Өшіріп, қайта іске қосыңыз.
Өшірулі	Сымсыз жергілікті желі қолжетімді емес. Проектордың <b>Management</b> мәзірінде <b>Wireless LAN Power</b> параметрін <b>On</b> күйіне орнатыңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Проектор әкімшілік параметрлері - Басқару мәзірі" [p.242](#)
- "Ауа сүзгісін тазалау" [p.276](#)
- "Ауа сүзгісін ауыстыру" [p.277](#)

Проекцияланған кескіндерде немесе дауыста мәселелер туындаса осы бөлімдердегі шешімдерді тексеріңіз.

#### » Қатысты сілтемелер

- "Кескін пайда болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.293](#)
- "USB Display функциясы пайдаланылғандағы кескіннің дұрыс болмаған кезіндегі шешімдері" [p.294](#)
- ""No Signal" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер" [p.294](#)
- ""Not supported" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер" [p.295](#)
- "Тек ішінара кескін пайда болған кездегі шешімдер" [p.295](#)
- "Кескін тік төртбұрышты болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.296](#)
- "Кескіннің шуылы немесе кедергілері болған кездегі шешімдер" [p.296](#)
- "Кескін анық емес немесе бұлыңғыр болған кездегі шешімдер" [p.297](#)
- "Кескіннің жарықтығы немесе түстері дұрыс емес кездегі шешімдер" [p.297](#)
- "Қалдық кескін проекцияланған кескінде қалған кездегі шешімдер" [p.298](#)
- "Дауыстық ақаулықтар шешімі" [p.298](#)
- "Микрофон ақаулықтарының шешімі" [p.299](#)
- "Кескін файлының аттары PC Free ішінде дұрыс көрсетілмеген кездегі шешімдер" [p.299](#)
- "PC Free мүмкіндігін пайдалану арқылы кескіндерді проекциялау мүмкін болмаған кездегі шешімдер" [p.299](#)

## Кескін пайда болмаған жағдайдағы шешімдер

Кескін пайда болмаса, төмендегі шешімдерді пайдаланып көріңіз:

- Кескіннің уақытша өшірілгенін тексеру үшін қашықтықтан басқару пультіңдегі [A/V Mute] түймесін басыңыз.
- Тиісті кабельдердің барлығы дұрыс орнатылғанына және проектор мен жалғанған бейне көздері қуатқа қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Күту немесе ұйқы режимінен шығару үшін проектор қуатының түймесін басыңыз. Сонымен қатар, жалғанған компьютер ұйқы режимінде немесе бас экран сақтағышын көрсетіп тұрмағанын тексеріңіз.

- Басқару панелінің түймелерін басқан кезде проекторда ешқандай өзгеріс болмаса, түймелер қауіпсіздік мақсатында құлыптаулы күйде болуы мүмкін. Проектордағы **Management** мәзірінің **Control Panel Lock** параметрінің түймелерін құлыптан босатыңыз немесе проекторды қосу үшін қашықтықтан басқару пультің пайдаланыңыз.
- Проектордағы кез келген түймені басқанда проектор жауап бермесе, проекторда ішкі қате орын алған болуы мүмкін. Epson компаниясына хабарласыңыз.
- Computer2/Monitor Out портына қосылған сурет көзінен проекциялау үшін проектордың **Signal I/O** мәзірінде **Monitor Out Port** параметрін **Computer2** етіп орнатыңыз.
- Жеке кескін түстері үшін проектордың **Image** мәзіріндегі **Brightness** параметрін реттеңіз.
- Проекторыңыздың жарық көзінің жарықтығын реттеңіз.  
☛ **Operation > Light Source Brightness Control**
- Проектордың **Display** мәзірінде **Messages** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Компьютерде ойнатылып жатқан авторлық құқығы бар бейнелерді проектор көрсете алмауы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін, компьютермен бірге берілетін нұсқаулықты оқыңыз.
- Windows Media Center арқылы проекцияланған кескіндер үшін, экран көлемін толық экран режимінен кішірейтіңіз.
- Windows DirectX көмегімен қолданбалар арқылы проекцияланған кескіндер үшін DirectX функцияларын қосыңыз.

#### » Қатысты сілтемелер

- "Проектор әкімшілік параметрлері - Басқару мәзірі" [p.242](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [p.231](#)
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.228](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - Операция мәзірі" [p.238](#)
- "Проектор дисплейінің параметрлері - Дисплей мәзірі" [p.236](#)
- "Проектор түймелерін құлыптан босату" [p.171](#)

## USB Display функциясы пайдаланылғандағы кескіннің дұрыс болмаған кезіндегі шешімдері

Егер кескін пайда болмаса немесе кескін USB Display функциясымен дұрыс көрсетілмесе, төмендегі әрекетті орындап көріңіз (EB-770Fi/EB-760Wi):

- Қашықтықтан басқару пультіндегі [USB] түймесін басыңыз.
- USB кабелін ажыратып, қайта жалғаңыз.
- Проектордың **Signal I/O** мәзірінде **USB Display** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Epson USB Display бағдарламалық жасақтамасы дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.  
ОЖ немесе компьютер параметрлеріне байланысты, бағдарламалық жасақтама автоматты түрде орнатылмауы мүмкін. Ең соңғы шыққан бағдарламалық жасақтаманы төмендегі веб-сайттан жүктеп, орнатыңыз.  
[epson.sn](http://epson.sn)
- Mac үшін **Dock** қалтасындағы **USB Display** белгішесін таңдаңыз. **Dock** мәзірінде белгіше пайда болмаса, **Applications** қалтасындағы **USB Display** параметрін екі рет басыңыз.  
**Dock** функциясындағы **USB Display** белгіше мәзірінен **Шығу** опциясын таңдасаңыз, USB кабеліне жалғанған уақытта USB дисплей автоматты түрде қосылмайды.
- Егер тінтуір курсоры жыпылықтап тұрса, компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бағдарламасындағы **Make the movement of the mouse pointer smooth** функциясын таңдаңыз.
- Компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бағдарламасындағы **Transfer layered window** параметрін өшіріңіз.
- Проекциялау барысында компьютер ажыратымдылығын өзгертсеңіз, бейненің өнімділігі мен сапасы нашарлауы мүмкін.
- Windows Media Center арқылы проекцияланған кескіндер үшін, экран көлемін толық экран режимінен кішірейтіңіз.
- Windows DirectX көмегімен қолданбалар арқылы проекцияланған кескіндер үшін DirectX функцияларын қосыңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "USB бейне және аудио үшін компьютерге жалғау" [p.35](#)

## "No Signal" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер

"No Signal" хабарламасы пайда болса, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- [Source Search] түймесін басып, кескіннің пайда болуын бірнеше секунд күтіңіз.
- Жалғанған компьютерді немесе бейне көзін қосыңыз және презентацияны бастау үшін ойнату түймесін басыңыз.
- Проекциялауға қажетті барлық кабельдердің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Егер сіз ноутбуктан проекцияласаңыз, оның сыртқы мониторда көрсетілетіндей реттелгеніне көз жеткізіңіз.
- Қажет болса, проекторды және жалғанған компьютерді немесе бейне көзін өшіріп, қайта қосыңыз.
- HDMI көзінен проекциялайтын болсаңыз, HDMI кабелін қысқасымен ауыстырыңыз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Windows ноутбугынан көрсету" [p.294](#)
- "Mac ноутбугынан көрсету" [p.295](#)

## Windows ноутбугынан көрсету

Ноутбуктан проекциялау кезінде "No Signal" хабарламасы пайда болса, сыртқы мониторға көрсететіндей Windows ноутбугы параметрлерін орнатуыңыз қажет.

- 1** Windows пернесін басып тұрып, пернетақтадағы **P** пернесін басыңыз және содан кейін **Duplicate** түймесін басыңыз.

**2** Егер кескін ноутбук пен проекторда көрсетілмесе, сыртқы монитор порты қосылып тұрғандығын және жұмыс үстелі режимі өшіп тұрғандығына көз жеткізу үшін Windows **Display** бағдарламасын тексеріңіз.

**3** Қажет болған жағдайда, бейне карта параметрлерін тексеріңіз және бірнеше дисплей опциясын **Mirror** немесе **Duplicate** күйіне орнатыңыз.

## Мас ноутбугынан көрсету

Мас ноутбугынан проекциялау кезінде "No Signal" хабарламасы пайда болса, ноутбукты айналық көрініс дисплейіне орнатуыңыз қажет. (Толық мәлімет алу үшін ноутбук нұсқаулығын қараңыз.)

**1** **System Preferences** қызметтік бағдарламасын ашыңыз және **Displays** таңдаңыз.

**2** Қажет болса, **Display** немесе **Color LCD** опциясын таңдаңыз.

**3** **Arrange** немесе **Arrangement** қойындысын басыңыз.

**4** **Mirror Displays** таңдаңыз.

## "Not supported" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер

"Not supported" хабарламасы пайда болса, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проектордың **Signal I/O** мәзірінде дұрыс енгізу сигналы таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Компьютердің көрсету мүмкіндігі проектордың мүмкіндігі мен жиілік шектерінен асып түспейтіндігіне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда, компьютеріңіз үшін басқа көрсету мүмкіндігін таңдаңыз.

- HDMI көзінен проекциялайтын болсаңыз, **Signal I/O** мәзірінде **HDMI IN EQ Level** параметрін өзгертіңіз. Параметрді өзгертуден кейін проекторды қайта іске қосу қажет болуы мүмкін. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Шағын мультимедиа таратқыш құрылғы көмегімен проекциялайтын болсаңыз, проектордың **Signal I/O** мәзірінде **HDMI IN EQ Level** параметрін **Auto** күйіне орнатыңыз. Мәселе орын алса, параметрді өзгертіңіз.

### » Қатысты сілтемелер

- "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [p.231](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.317](#)

## Тек ішінара кескін пайда болған кездегі шешімдер

Тек ішінара компьютер кескіні пайда болса, төмендегі шешімдерді пайдаланып көріңіз:

- Егер VGA компьютер кабелі арқылы компьютерден проекцияласаңыз, қашықтықтан басқару пультіндегі [Auto] түймесін басып, кескін сигналын оңтайландырыңыз.
- Қолданыстағы экран үшін проектордың **Installation** мәзіріндегі **Screen Type** параметрін дұрыс таңдаңыз. Кескін жиегі мен проекцияланған экран жақтауы арасында шекаралар бар болса, кескін орнын баптаңыз.
- Проектордың **Image** мәзірінде **Scale** параметрін өшіріңіз (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).
- Проектордың **Image** мәзіріндегі **Position** параметрінің көмегімен кескіннің орнын реттеңіз.
  - ☛ **Image > Analog Signal Adjustment > Position**  
Wide және Tele түймелерінің немесе түзетілген трапеция тәрізді бұрмаланудың көмегімен кескін өлшемін баптасаңыз, кескін орнын баптау үшін, Image Shift функциясын орындаңыз.
  - ☛ **Installation > Digital Zoom > Image Shift**



- Кескіннің басқа пропорционалдық коэффициентін таңдау үшін қашықтықтан басқару пультіндегі [Aspect] түймесін басыңыз.
- Жалғанған құрылғыға арналған сигналған сәйкес проектордың **Image** мәзіріндегі **Resolution** параметрін өзгертіңіз.
- [E-Zoom] түймелерінің көмегімен кескінді ұлғайтып, кішірейтсеңіз, проектор толық экранға қайтқанынша [Esc] түймесін проектордың басыңыз.
- Қос дисплейді өшіру үшін компьютер дисплейнің параметрлерін тексеріңіз және проектор шектеулері аясында шешім орнатыңыз.
- Презентация файлдарын басқа мүмкіндіктер үшін жасалмағанын тексеру үшін презентация файлдарыңызға тағайындалған мүмкіндіктерді тексеріңіз.
- Content Playback режимінде проекциялау кезінде, тиісті **Overlay Effect** параметрлерін пайдаланыңыз (EB-775F/EB-770F).
  - ☛ **Operation > Content Playback > Overlay Effect**
- Проектордың **Installation** мәзіріндегі дұрыс **Projection** параметрін таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.

#### » Қатысты сілтемелер

- "Проекторды орнату параметрлері - Орнату мәзірі" [p.234](#)
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.228](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.317](#)
- "Кескін орнын Screen Position опциясын пайдаланып реттеу" [p.61](#)
- "Проекцияланған кескіндерге әсерлер қосу" [p.143](#)

## Кескін тік төртбұрышты болмаған жағдайдағы шешімдер

Проекцияланған кескін тік төртбұрыш болмаған жағдайда, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проекторды тура экранның алдына ортаға келтіріп, қарама-қарсы қойыңыз.
- Проектордағы трапеция түймелерін басып, кескіннің пішінін реттеңіз.
- Кескін пішінін дұрыстау үшін **Quick Corner** параметрін реттеңіз.

#### ☛ **Installation > Geometry Correction > Quick Corner**

- Иілген бетте проекцияланған кескін пішінін дұрыстау үшін **Arc Correction** параметрін реттеңіз.

#### ☛ **Installation > Geometry Correction > Arc Correction**

- Ішінара орын алатын сәл бұрмалануды түзету үшін, **Point Correction** параметрін баптаңыз.

#### ☛ **Installation > Geometry Correction > Point Correction**

#### » **Қатысты сілтемелер**

- "Трапеция тәрізді бұрмалау түймелерімен кескін пішінін түзету" [p.67](#)
- "Бұрыштық өзгеріс параметрімен кескін пішінін түзету" [p.68](#)
- "Кескін пішінін Arc Correction көмегімен түзету" [p.70](#)
- "Нүктелік түзету арқылы кескін пішінін түзету" [p.73](#)

## Кескіннің шуылы немесе кедергілері болған кездегі шешімдер

Егер проекцияланған кескіннің электрлік кедергісі (шуылы) болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Компьютерді немесе бейне көзін проекторға жалғап тұрған кабельді тексеріңіз. Олар төмендегідей күйде болуы қажет:
  - Кедергі келтірмес үшін қуат сымынан бөлек болуы қажет
  - Екі ұшы да нық орнатылып тұруы қажет
  - Ұзартқышқа жалғанып тұрмауы қажет
- Проектордың **Image** мәзірінде **Noise Reduction**, **MPEG Noise Reduction** және **Deinterlacing** параметрлерін баптаңыз.
  - ☛ **Image > Image Enhancement > Noise Reduction**
  - ☛ **Image > Image Enhancement > MPEG Noise Reduction**
  - ☛ **Image > Image Enhancement > Deinterlacing**
- Проектордың **Image** мәзірінде **Resolution** параметрін **Auto** күйіне орнатыңыз.
- Проектор параметрлеріне үйлесетін компьютердің бейне мүмкіндігі мен жаңарту жылдамдығын таңдаңыз.

- Егер VGA компьютер кабелі арқылы компьютерден проекцияласаңыз, қашықтықтан басқару пультіндегі [Auto] түймесін басып, **Tracking** және **Sync.** параметрлерін автоматты түрде реттеңіз. Егер кескіндер дұрыс реттелмесе, проектордың **Image** мәзіріндегі **Tracking** және **Sync.** параметрлерін қолмен реттеңіз.

☛ **Image > Analog Signal Adjustment > Tracking**

☛ **Image > Analog Signal Adjustment > Sync.**

- Егер кескінді проектордың басқару элементтері көмегімен реттесеңіз, кескін сапасын жақсарту үшін проектордың **Image** мәзіріндегі **Sharpness** параметрін төмендетіп көріңіз.
- Егер ұзартқышты пайдалансаңыз, сигналдағы кедергі соның әсерінен туындап отырғанын анықтау үшін ұзартқышсыз проекциялап көріңіз.
- Кескін көзі үшін қолжетімді болса, проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **Signal Format** немесе **EDID** параметрінің дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- USB Display функциясын пайдалансаңыз, компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бағдарламасындағы **Transfer layered window** параметрін өшіріңіз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.228](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.317](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [p.231](#)

## Кескін анық емес немесе бұлыңғыр болған кездегі шешімдер

Проекцияланған кескін анық емес немесе бұлыңғыр болған жағдайда, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Сынақ үлгісін көрсетіп, оны фокустау иінтірегінің көмегімен кескін фокусын баптау үшін пайдаланыңыз.
- Проекторды экранға барынша жақын қойыңыз.
- Проекторды трапециялық бұрамалануды реттеу бұрышы кескінді қисайтпайтындай орнатыңыз.

- Проектор объективін тазалаңыз.



Проекторды суық жерден алып келгенде объективтің буланбауы үшін, пайдаланбас бұрын проектордың бөлме температурасына дейін жылуына мүмкіндік беріңіз.

- Кескін сапасын жақсарту үшін проектордың **Image** мәзіріндегі **Sharpness** параметрін реттеңіз.
- Егер VGA компьютер кабелі арқылы компьютерден проекцияласаңыз, қашықтықтан басқару пультіндегі [Auto] түймесін басып, **Tracking** және **Sync.** параметрлерін автоматты түрде реттеңіз. Егер жолақтар немесе бұлыңғырлық кетпесе, экрандағы біркелкі пайда болған кескінді көрсетіңіз, сонымен қатар **Tracking** және **Sync.** параметрлерін қолмен реттеңіз.
- ☛ **Image > Analog Signal Adjustment > Tracking**
- ☛ **Image > Analog Signal Adjustment > Sync.**
- Егер компьютерден проекциялайтын болсаңыз, төменгі мүмкіндікті пайдаланыңыз немесе проектордың әдепкі мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.228](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [p.231](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.317](#)
- "Кескінді фокустау" [p.63](#)
- "Объективті тазалау" [p.274](#)

## Кескіннің жарықтығы немесе түстері дұрыс емес кездегі шешімдер

Проекцияланған кескін тым қараңғы немесе тыс жарық болса немесе түстер дұрыс емес болса, келесідей әрекеттерді орындаңыз:

- Кескін және қоршаған ортаға арналған түрлі түс режимдерін сынап көру үшін қашықтықтан басқару пультіндегі [Color Mode] түймесін басыңыз.

- Бейне көзінің параметрлерін тексеріңіз.
  - Ағымдағы кіріс көзі үшін **Brightness, Contrast, Tint, Color Saturation** және **RGBCMY** сияқты проектордың **Image** мәзірінде қолжетімді параметрлерді реттеңіз.
  - Кескін көзі үшін қолжетімді болса, проектордың **Signal I/O** мәзіріндегі **Signal Format** немесе **EDID** параметрінің дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.
  - Проекторыңыз бен бейне құрылғыңызға барлық кабельдердің дұрыс жалғанғандығын тексеріңіз. Егер жалғанған кабельдер ұзын болса, қысқа кабельдерді жалғаңыз.
  - Проекторды экранға барынша жақын қойыңыз.
  - Бірнеше проекторларды пайдалану кезінде, проектордың **Management** мәзіріндегі **Light Source Calibration** параметрін барлық проекторлармен бірдей және проекторлар дұрыс калибрленген опцияға орнатыңыз. Жақын арада белгілі бір проекторлар калибрленбеген болса, ақ түс балансы және жарықтық деңгейі басқа проекторларға сәйкес келмеуі мүмкін (EB-775F/EB-770Fi/EB-770F).
- » **Қатысты сілтемелер**
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.228](#)
  - "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [p.231](#)
  - "Проектор әкімшілік параметрлері - Басқару мәзірі" [p.242](#)
  - "Кескіннің сапасын реттеу (түс режимі)" [p.83](#)

## Қалдық кескін проекцияланған кескінде қалған кездегі шешімдер

Егер проекцияланған кескінде қалдық кескінді көрсеңіз, оны жою үшін **Refresh Mode** мүмкіндігін пайдаланыңыз. Проектордың **Management** мәзірінде **Refresh Mode > Start** тармағын таңдаңыз.

- » **Қатысты сілтемелер**
- "Проектор әкімшілік параметрлері - Басқару мәзірі" [p.242](#)

## Дауыстық ақаулықтар шешімі

Егер дыбысы шықпаса немесе дауысы өте төмен немесе өте жоғары болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Егер бейне немесе аудио уақытша тоқтатылған болса, оны жалғастыру үшін қашықтықтан басқару пультііндегі [A/V Mute] түймесін басыңыз.
- Дауыс деңгейі көтерілгеніне және аудио шығысы тиісті көзге орнатылғанына көз жеткізу үшін компьютеріңізді немесе бейне көзін тексеріңіз.
- Жалғанған аудио кабельдің "Кедергі жоқ" жапсырмасы жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.
- USB Display функциясын пайдалансаңыз, компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бағдарламасындағы **Output audio from the projector** параметрін қосыңыз.
- Дұрыс аудио шығыс портын таңдаңыз.
  - ☛ **Signal I/O > Audio Output**
  - ☛ **Signal I/O > HDMI Audio Output**
- Проектор кескіндерді проекцияламайтын кезде қосылған аудио көзінен аудио дыбысын шығарғыңыз келсе, проектор мәзірлерінен осы параметрлерді таңдаңыз:
  - **Operation** мәзірінде **Quick Startup** опциясын өшіріңіз.
  - **Signal I/O** мәзірінде **A/V Output** параметрін **Always On** күйіне орнатыңыз.
- **Audio Out Device** параметрінде дұрыс аудио шығысын таңдаңыз.
  - ☛ **Signal I/O > HDMI Link > Audio Out Device**
- HDMI көзінен шыққан дауыс естілмесе, жалғанған жабдықты PCM шығысына орнатыңыз.
- HDMI кабелін пайдаланып проекторды Mac жүйесіне жалғау кезінде, Mac жүйесінің HDMI порты арқылы аудиоға қолдау көрсететініне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, аудио кабелін жалғауыңыз қажет.
- Проектордың дауыс деңгейі максимумда болып, компьютердің дауыс деңгейі минимумда болса, дауыстар араласуы мүмкін. Компьютер дауысын көтеріп, проектор дауысын төмендетіңіз. (Epson iProjection (Windows/Mac) немесе USB дисплейін пайдаланғанда.)

## » Қатысты сілтемелер

- "Проектор қосылымдары" [р.34](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [р.231](#)
- "Дыбыс түймелерімен дыбысты басқару" [р.93](#)

- Тасымалдау жылдамдығы төмен USB құрылғысын пайдалансаңыз, бейнелерді дұрыс проекциялау мүмкіндігі болмауы мүмкін.

---

## Микрофон ақаулықтарының шешімі

Егер проекторға қосылған микрофонды пайдаланған кезде дыбыс болмаса, төмендегі шешімдерді қолданып көріңіз (EB-770Fi/EB-770F/EB-760Wi/EB-760W):

- Микрофонның проекторға берік жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Проектордың **Signal I/O** мәзірінде **Mic Input Level** параметрін таңдаңыз. Егер параметр тым жоғары болса, басқа қосылған құрылғылардың дыбысы тым төмен болады.

## » Қатысты сілтемелер

- "Енгізу сигналының параметрлері - Сигнал К/Ш мәзірі" [р.231](#)
- "Микрофонды қосу" [р.43](#)

---

## Кескін файлының аттары PC Free ішінде дұрыс көрсетілмеген кездегі шешімдер

Егер файл аттары дисплей аймағынан ұзын болса немесе қолдау көрсетілмейтін белгілерді қамтыса, файл аттары PC Free функциясы арқылы қысқартылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Файл атын қысқартыңыз немесе өзгертіңіз.

---

## PC Free мүмкіндігін пайдалану арқылы кескіндерді проекциялау мүмкін болмаған кездегі шешімдер

PC Free мүмкіндігін пайдалану арқылы кескіндерді проекциялау мүмкін болмаса, келесі шешімдерді қолданып көріңіз:

Проектор мен қашықтықтан басқару пультіңде ақаулықтар болса, осы бөлімдердегі шешімдерді қараңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Проектор қуаты немесе өшіру ақаулықтарының шешімі" [p.300](#)
- "Қашықтықтан басқару пультіңдегі ақаулықтар шешімдері" [p.300](#)
- "Құпия сөз ақаулықтарының шешімі" [p.301](#)
- ""The Battery that Saves Your Clock Settings is Running Low" хабары көрсетілген кездегі шешім" [p.301](#)

## Проектор қуаты немесе өшіру ақаулықтарының шешімі

Қуат түймесін басқан кезде проектор қосылмаса немесе күтпеген жерден өшіп қалса, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проекторға және жұмыс істейтін электрлік розеткаға қуат кабелінің дұрыс жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтықтан басқару пультіңдегі қуат түймесі проекторды қоспайтын болса, батареяларын тексеріңіз және проектордың **Installation** мәзіріндегі **Remote Receiver** параметрінде қашықтан қабылдау құрылғыларының кем дегенде бірі қосылып тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Проектор түймелері қауіпсіздік мақсатында құлыптаулы болуы мүмкін. Проектордағы **Management** мәзірінің **Control Panel Lock** параметрінің түймелерін құлыптан босатыңыз немесе проекторды қосу үшін қашықтықтан басқару пультің пайдаланыңыз.
- Егер проектордың жарық көзі күтпеген жерден өшіп қалса, қолданылмаған уақыт аралығынан кейін ұйқы режимінде болуы мүмкін. Проекторды "Ұйқы" режимінен шығару үшін кез келген операцияны орындаңыз. Ұйқы режимін өшіру үшін, проектордың **Operation** мәзірінде **Sleep Mode** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.
- Егер проектор күтпеген жерден өшіп қалса, A/V дыбысты өшіру таймері қосулы болуы мүмкін. Проектордың **Operation** мәзірінде A/V **Mute Timer** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.

- Проектордың жарық көзі өшіп, күй индикаторы жыпылықтаса және температура индикаторы жанып тұрса, проектор қызып кетті және өшіп қалды дегенді білдіреді.
- Проектордың параметрлеріне байланысты, салқындатқыш желдеткіштер күту режимінде жұмыс істеуі мүмкін. Сондай-ақ, проектор күту режимінен қосылған кезде желдеткіштер күтпеген шуыл шығаруы мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Қуат сымында ақаулық болуы мүмкін. Қуат сымын ажыратып, Epson компаниясына хабарласыңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Проектор әкімшілік параметрлері - Басқару мәзірі" [p.242](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - Операция мәзірі" [p.238](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Орнату мәзірі" [p.234](#)
- "Проектор түймелерін құлыптан босату" [p.171](#)

## Қашықтықтан басқару пультіңдегі ақаулықтар шешімдері

Егер проектор қашықтықтан басқару пультінің пәрмендеріне жауап бермесе, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Қашықтықтан басқару пультінің батареялары дұрыс орнатылғанына және заряды бар екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, батареяларды ауыстырыңыз.
- Қашықтықтан басқару пультің қабылдайтын бұрышпен және проекторға жақын пайдаланып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Проектордың қызып кетпегенін және өшіп қалмағанын тексеріңіз.
- Қашықтықтан басқару пультінің түймесі басылып қалып, проекторды ұйқы режиміне орнатпағанына көз жеткізіңіз. Қашықтықтан басқару пультің ұйқы режимінен шығару үшін түймені босатыңыз.
- Қатты флуоресценттік жарық, күн сәулесінің тікелей түсуі немесе жабдық инфрақызыл сигналдары проектордың қашықтықтағы қабылдағыштарына кедергі жасауы мүмкін. Жарықты бәсеңдетіңіз.

немесе проекторды күн сәулесінен немесе кедергі жасайтын құрылғыдан алшақтатыңыз.

- Проектордың **Installation** мәзіріндегі **Remote Receiver** параметрінде қашықтық қабылдағыштарының ең кемінде біреуі қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер **Remote Receiver** параметрі өшірілсе, параметрді әдепкі мәнге келтіру үшін қашықтықтан басқару пультііндегі [Menu] түймесін кемінде 15 секундқа ұстап тұрыңыз.
- Қашықтықтан басқару пультінен бірнеше проекторды басқару үшін проекторыңызға идентификатор нөмірін тағайындаған болсаңыз, идентификатор параметрін тексеру немесе өзгерту қажеттілігі болуы мүмкін.
- [ID] түймесін басып тұрып, қашықтан басқару пультііндегі 0 (нөл) түймесін басыңыз. Қашықтықтан басқару пультінен 0 түймесін таңдау арқылы проектор идентификаторы параметрлерінен тәуелсіз барлық проекторларды басқаруға болады.
- Қашықтықтан басқару пультіні жоғалтып алсаңыз, Epson компаниясынан жаңасына тапсырыс бере аласыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Қашықтан басқару пультінің жұмысы" [р.48](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Орнату мәзірі" [р.234](#)
- "Қашықтан басқару пультіне батареяларды орнату" [р.46](#)
- "Басқарғыңыз келген проекторды таңдау" [р.155](#)

- Қашықтықтан басқару пультіні жоғалтып алсаңыз, құпия сөзді енгізе алмайсыз. Epson компаниясына жаңа пультқа тапсырыс беріңіз.

### Назар аударыңыз

Проектордың мәзірінде **Reset All** немесе **Reset Network Settings** процедурасын орындасаңыз, **Network** мәзірі үшін орнатылған барлық құпия сөздер де қалпына келтіріледі және оларды қайта орнатуыңыз керек. Құпия сөздердің рұқсат етілмеген пайдаланушылар тарапынан қалпына келтірілуін болдырмау үшін, **Menu Protection** мәзірінде **Network** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

## "The Battery that Saves Your Clock Settings is Running Low" хабары көрсетілген кездегі шешім

Егер "The battery that saves your clock settings is running low." хабары көрсетілсе, Epson компаниясынан анықтама алыңыз.

## Құпия сөз ақаулықтарының шешімі

Құпия сөзді енгізе алмасаңыз немесе есіңізге түспесе, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Егер құпия сөзді бірнеше рет қате енгізсеңіз, сұрау кодын көрсететін хабарламаны қараңыз, кодты жазып, көмек алу үшін Epson компаниясына хабарласыңыз. Проекторды құлыптан босату үшін сұрау коды мен меншіктік растама жазыңыз.

Интерактивті мүмкіндіктерді пайдалану кезінде мәселелер туындаса, осы бөлімдердегі шешімдерді тексеріңіз (EB-770Fi/EB-760Wi).

## » Қатысты сілтемелер

- ""Error Occurred in the Easy Interactive Function" хабары көрсетілгендегі шешімдер" [p.302](#)
- "Интерактивті қаламдар жұмыс істемеген жағдайдағы шешімдер" [p.302](#)
- "Компьютерді проекцияланған экраннан басқару мүмкін болмаған кездегі шешімдер" [p.303](#)
- "Интерактивті қалам орны дұрыс болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.303](#)
- "Интерактивті қаламдар баяу немесе пайдалануға қиын болғандағы шешімдер" [p.303](#)
- "Интерактивті сенсорлық операция жұмыс істемейтін жағдайдағы шешімдер" [p.304](#)
- "Түсіру, басып шығару, сақтау немесе сканерлеу мәселелерінің шешімдері" [p.304](#)
- "Тақта параметрлерінде уақыт дұрыс болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.305](#)
- "Ақ тақта режимі іске қосылмайтын жағдайлардағы шешімдер" [p.305](#)

---

## "Error Occurred in the Easy Interactive Function" хабары көрсетілгендегі шешімдер

Егер "Error occurred in the Easy Interactive Function" хабары көрсетілсе, Epson компаниясынан анықтама алыңыз.

---

## Интерактивті қаламдар жұмыс істемеген жағдайдағы шешімдер

Интерактивті қаламдар жұмыс істемесе, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Қалам ұшының жанындағы қара бөлімді жауып қоймағаныңызға көз жеткізіңіз.

- Қолыңыз сигналды бұғаттамауы үшін қаламды басқа бұрышта ұстап көріңіз.
- Қалған батарея қуатын тексеру үшін қалам жанындағы түймені басыңыз. Батарея индикаторы қосылмаса, батареяны ауыстырыңыз.
- Қалам ұшының қаламға мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Егер қалам ұшы тозып кетсе немесе зақымдалса, оны ауыстыру қажет болуы мүмкін.
- Қалам мен проектордағы интерактивті қалам қабылдағышының арасындағы сигналды ешнәрсе блоктамағанын тексеріңіз.
- Кабельдер сигналды блоктамауы үшін кабель қақпағы орнында екеніне көз жеткізіңіз.
- Бөлмедегі жарықты бәсеңдетіңіз және кез келген флуоресценттік жарықты өшіріңіз. Проекциялау беті мен қалам қабылдағышы тікелей күн сәулесінің немесе ашық жарықтың басқа көздерінің астында емес екендігіне көз жеткізіңіз.
- Проектордағы интерактивті қалам қабылдағышы таза және шаңсыз екендігіне көз жеткізіңіз.
- Инфрақызыл қашықтықтан басқару пульттерінен, тінтуірлерден немесе инфрақызыл микрофондардан кедергінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.
- Проектор қалам қалпын дұрыс танытындай алғаш рет интерактивті қаламды қолданған кезде қаламды калибрлеу орындалғанын тексеріңіз. Толық мәліметтерді проектордың *Орнату нұсқаулығы*нан қараңыз.
- Бір бөлмеде бірнеше проекторды және интерактивті қаламды пайдаланған кезде, кедергі қалам әрекеттерінің тұрақсыздығына апарып соғуы мүмкін. Проекторларды сатып алуға болатын 3,5 мм стерео шағын ұяшықты аудио кабельдерін пайдалану арқылы жалғаңыз және **Sync of Projectors** параметрін **Wired** күйіне орнатыңыз. Аудио кабельдері "No resistance" (Кедергі жоқ) деп белгіленгеніне көз жеткізіңіз.

☛ **Pen/Touch > Installation of Projectors > Sync of Projectors**

Аудио кабельдеріңіз болмаса, проектордың **Pen/Touch** мәзірінде **Infrared Intensity** параметрін **Strong** күйіне орнатыңыз.

☛ **Pen/Touch > Installation of Projectors > Infrared Intensity**

- Қаламның жұмсақ ұшын қаламның қатты ұшына ауыстырып көріңіз. Бұл қаламның жұмысын жақсартуы мүмкін, себебі проекторлардың көбісі ұшы жұмсақ қаламдарға қолдау көрсетпейді.

## » Қатысты сілтемелер

- "Интерактивті қалам ұшын ауыстыру" [p.280](#)
- "Интерактивті қаламдарды қолдану" [p.97](#)
- "Қаламдарға батареяларды орнату" [p.47](#)
- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)
- "Проектордың қаламы мен сенсорын баптау параметрлері - Қалам/Сенсор мәзірі" [p.256](#)

## Компьютерді проекцияланған экраннан басқару мүмкін болмаған кездегі шешімдер

Егер компьютерді проекцияланған экраннан басқару мүмкін болмаса, төмендегі шешімдерді қолданып көріңіз:

- Проектор қалам қалпын дұрыс танитындай алғаш рет интерактивті қаламды қолданған кезде қаламды калибрлеу орындалғанын тексеріңіз. Толық мәліметтерді проектордың *Орнату нұсқаулығы*нан қараңыз.
- USB кабелінің берік жалғанғанына көз жеткізіңіз. USB кабелін ажыратып, қайта жалғаңыз.
- Құралдар тақтасында **PC Interactivity** іске қосылғанын тексеріңіз.
- Экранды қосарлау арқылы қосылу кезінде, компьютеріңізді баптау керек. Windows пернесін басып тұрып, пернетақтадағы **К** пернесін басыңыз және содан кейін **Allow mouse, keyboard, touch, and pen input from this device** (Осы құрылғыдан тінтуір, пернетақта, сенсорлы тақта және қалам арқылы енгізу мүмкіндігін беру) опциясын таңдаңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Интерактивті қалам ұшын ауыстыру" [p.280](#)
- "Аннотация режимінің құралдар тақтасы" [p.111](#)
- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)
- "USB бейне және аудио үшін компьютерге жалғау" [p.35](#)
- "Қабырға тақтасына орнатылған шағын компьютерге қосу" [p.36](#)

## Интерактивті қалам орны дұрыс болмаған жағдайдағы шешімдер

Егер қалам орны тінтуір көрсеткісімен бірдей болмаса, төмендегі шешімдерді қолданып көріңіз:

- Проектор қалам қалпын дұрыс танитындай алғаш рет интерактивті қаламды қолданған кезде қаламды калибрлеу орындалғанын тексеріңіз. Жүгіргі орны мен қалам қалпы автоматты калибрлеуден кейін сәйкес келмесе, қолмен калибрлеуге болады. Толық мәліметтерді проектордың *Орнату нұсқаулығы*нан қараңыз.
- Қаламның әрекет ету аймағын реттеп көріңіз.  
☛ **Pen/Touch > PC Interactivity > Manual Adj. Pen Area**
- Егер кескінді үлкейту үшін қашықтықтан басқару пультіңде [E-Zoom] + түймесін пайдалансаңыз, қалам орны дәл болмауы мүмкін. Кескінді бастапқы өлшеміне қайтарған кезде, орын дұрыс болуы керек.

## » Қатысты сілтемелер

- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)
- "Қалам жұмысы аймағын реттеу" [p.122](#)

## Интерактивті қаламдар баяу немесе пайдалануға қиын болғандағы шешімдер

Егер қаламдарды пайдалану қиын болса немесе олар тым баяу жауап берсе, төмендегі шешімдерді қолданып көріңіз:

- Оңайырақ әрекет үшін, қаламды проекциялау бетіне перпендикуляр ұстаңыз.
- Үздік өнімділік үшін, компьютерді проекторға дисплей үшін VGA немесе HDMI кабелімен және интерактивті мүмкіндіктер үшін USB кабелімен жалғаңыз.
- Егер Windows жүйесінде USB Display пайдаланылса, компьютеріңіздегі **Epson USB Display Settings** бағдарламасында Windows Aero мүмкіндігін өшіру қажет болуы мүмкін.



## » Қатысты сілтемелер

- "Проектор қосылымдары" [p.34](#)

## Интерактивті сенсорлық операция жұмыс істемейтін жағдайдағы шешімдер

Егер саусағыңыз арқылы интерактивті сенсорлық әрекет жұмыс істемесе, төмендегі шешімдерді қолданып көріңіз:

- Саусақпен түрту құрылғысы дұрыс орнатылғанына және қуат кабелі дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз. Толық мәліметтерді проектордың *Орнату нұсқаулығынан* қараңыз.
- **Turn off Touch** мүмкіндігі белсендірілсе, сенсорлық операциялар уақытша өшіріледі. Құралдар тақтасында **Turn on Touch** мүмкіндігін таңдаңыз.
- Саусақпен түрту құрылғысындағы индикатор қосулы болмаса, проектордың **Pen/Touch** мәзірінде **Power** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
  - ☛ **Pen/Touch > Touch Unit > Power**
- Саусақпен түрту құрылғысының бұрышын реттеңіз. Толық мәліметтерді проектордың *Орнату нұсқаулығынан* қараңыз.
- Саусақпен түрту құрылғысының лазерлік диффузия порты мен проекциялау бетінің арасында кедергілердің (кабельдер не қалам тірегі сияқты) жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Егер жылжытылуы қиын кез келген кедергілер болса, инфрақызыл қабылдағыштарды проекциялау бетіне бекітіңіз. Толық мәліметтерді проектордың *Орнату нұсқаулығынан* қараңыз.
- Инфрақызыл қашықтықтан басқару пульттерінен, тінтуірлерден немесе инфрақызыл микрофондардан кедергінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.
- Егер саусақ позициясы мен экрандағы курсор позициясы сәйкес келмесе, проектордың **Pen/Touch** мәзірінде **Touch Calibration** функциясын орындаңыз.
  - ☛ **Pen/Touch > Touch Unit > Touch Calibration**

- Калибрлеуді орындағаннан кейін де, түрту операциялары дұрыс жұмыс істемесе, проектордың **Pen/Touch** мәзіріндегі **Calibration Range** параметрін тексеріңіз.

### ☛ **Pen/Touch > Touch Unit > Calibration Range**

- Егер түрту әрекеттері сүйреу әрекеттері ретінде қате танылса, **Wide** параметрін таңдаңыз.
- Егер тінтуір әрекеттері бірқалыпты орындалмаса, **Narrow** параметрін таңдаңыз.
- Проекциялау экранының алдында немесе айналасында 10 см аралықта кедергі келтіруі мүмкін адамдар немесе кедергілер бар болса, түрту әрекеттері дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Киіміңіз немесе денеңіздің кез келген бөлігі экранға жақын болса, түрту әрекеттері дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Экраннан кем дегенде 1 см ары тұрыңыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Тақта режимінің құралдар тақтасы" [p.104](#)
- "Аннотация режимінің құралдар тақтасы" [p.111](#)
- "Саусағыңызбен интерактивті түрту әрекеттерін қолдану" [p.99](#)
- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)
- "Проектордың қаламы мен сенсорын баптау параметрлері - Қалам/Сенсор мәзірі" [p.256](#)

## Түсіру, басып шығару, сақтау немесе сканерлеу мәселелерінің шешімдері

Егер сізде түсіру және қою, басып шығару, сақтау немесе сканерлеуге қатысты қиындықтар туындаса, келесі шешімдерді қолданып көріңіз:

- Ақ тақта экранында 20 бет бар болса, келесі операцияларды орындай алмайсыз:
  - Бетті суретке түсіру
  - Көшірмеленген нысанды немесе кескінді қою
  - Жаңа бетті ашу
  - Кескінді сканерлеу

- Түсірілген кескінді қоюда қиындық туындаса, кескіннің қорғалмағандығына көз жеткізіңіз.
  - Егер қойылған кескіннің айналасында қара жақтау пайда болса, оған кескіннің жылжуы немесе өлшемінің өзгеруі себеп болуы мүмкін.
  - Басып шығару немесе сканерлеу кезінде қиындықтар туындаса, принтерде сияның таусылмағандығына, қағаздың кептеліп қалмағанына және басқа да қате жағдайының туындамағанына көз жеткізіңіз.
  - USB арқылы басып шығару немесе сканерлеу үшін USB кабелінің проектордағы USB-A порты мен принтердің USB B түрінегі порты арасында жалғанғандығына көз жеткізіңіз.
  - USB арқылы басып шығару немесе сканерлеу үшін, басқа USB кабелін жалғап көріңіз және кабельдердің ұзындығы 4,9 м-ден аспайтындығына көз жеткізіңіз.
  - Бір уақытта тек бір ғана принтерді немесе көпфункционалы құрылғыны жалғаңыз және проектордың құрылғыға қолдау көрсететіндігіне көз жеткізіңіз.
  - Проектордың **Interactive** мәзіріндегі параметрлерді тексеріңіз.
- » **Қатысты сілтемелер**
- "Проектордың интерактивті параметрлері - Интерактивті мәзірі" [p.258](#)
  - "Принтерді қосу" [p.41](#)

---

## Тақта параметрлерінде уақыт дұрыс болмаған жағдайдағы шешімдер

Тақта режимінің ішкі диск параметрлерінде уақыт дұрыс болмаса, проектордың **Management** мәзіріндегі **Date & Time** параметрлерін жаңартуыңыз қажет болады.

- » **Қатысты сілтемелер**
- "Проектор әкімшілік параметрлері - Басқару мәзірі" [p.242](#)

---

## Ақ тақта режимі іске қосылмайтын жағдайлардағы шешімдер

Ақ тақта режимі іске қосылмаса, келесі шешімдерді пайдаланып көріңіз:

- Проектордың **Interactive** мәзірінде **Drawing Function** параметрін іске қосыңыз.
- Easy Interactive Tools бағдарламалық жасақтамасын пайдалану кезінде, ақ тақта режимі іске қосылмайды.

» **Қатысты сілтемелер**

- "Басты экран" [p.51](#)

Ойнату тізімі дұрыс ойнатылмаса, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз (EB-775F/EB-770F):

- **Content Playback** параметрінің **On** күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.  
☛ **Operation > Content Playback**
- USB флэш-жадында ойнату тізімінің барын тексеріңіз.
- USB флэш-жадының проекторға тікелей қосылғанына көз жеткізіңіз. USB портын кеңейту үшін бірнеше картаны оқу құралын пайдаланбаңыз.
- USB флэш-жады бөлімдерге бөлінген болса, ойнату тізімдері ойнатылмауы мүмкін. Ойнату тізімдерін USB флэш-жадына сақтау алдында, барлық бөлімдерді жойыңыз.
- Бір ойнату тізімін ажыратымдылығы әртүрлі проекторлар арасында ортақ пайдаланбаңыз. **Overlay Effect** параметрі арқылы қосылған түс және пішін әсерлері дұрыс берілмеуі мүмкін.  
☛ **Operation > Content Playback > Overlay Effect**

## » Қатысты сілтемелер

- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - Операция мәзірі" [p.238](#)
- "Құжаттардың ең соңғы нұсқасын алу" [p.12](#)

Желідегі проекторды пайдалану кезінде мәселелер туындаса осы бөлімдердегі шешімдерді тексеріңіз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Сымсыз аутентификация сәтсіз болғандағы шешімдер" [p.307](#)
- "Веб арқылы проекторды ашу мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.307](#)
- "Желілік дабылдың электрондық хабарламалары қабылданбаған кездегі шешімдер" [p.307](#)
- "Желілік проекция кезінде кескіннің кедергілері болған кездегі шешімдер" [p.308](#)
- "Экранның айналық көрінісі арқылы қосу мүмкін емес болған кездегі шешімдер" [p.308](#)
- "Екі экранды қосарлау көзін пайдалану мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.309](#)
- "Screen Mirroring қосылымы барысында кескін немесе дыбыс кедергілері болған кездегі шешімдер" [p.309](#)
- "Ортақ кескіндерді қабылдау мүмкін болмайтын жағдайлар" [p.309](#)

## Сымсыз аутентификация сәтсіз болғандағы шешімдер

Егер аутентификация кезінде мәселе туындаса, төмендегі шешімдерді қолданып көріңіз:

- Сымсыз қосылым параметрлері дұрыс болса, проектордың **Management** мәзіріндегі **Date & Time** параметрлерін жаңартуыңыз қажет болады.
- Проектордың **Network** мәзіріндегі **Security** параметрлерін көріңіз.  
☛ **Network > Network Settings > Wireless LAN > Security**
- Кіру нүктесінің қауіпсіздігі WPA3-EAP болса, кіріс нүктесі параметрін WPA2/WPA3-EAP мәніне өзгертіңіз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Проектор әкімшілік параметрлері - Басқару мәзірі" [p.242](#)
- "Желілік мәзір - Сымсыз жергілікті желі мәзірі" [p.248](#)

## Веб арқылы проекторды ашу мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер

Егер проекторды Веб-браузер арқылы ашу мүмкін болмаса, дұрыс идентификатор мен құпия сөз қолданып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.

- Пайдаланушы идентификаторы үшін, **EPSONWEB** сөзін енгізіңіз. (Пайдаланушы идентификаторын өзгерту мүмкін емес.)
- Құпия сөз үшін проектордың **Network** мәзірінде орнатылған құпия сөзді енгізіңіз. Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.
- Инфрақұрылым режимі үшін проектор қосылып тұрған желіні аша алатындығыңызға көз жеткізіңіз.
- Егер веб-шолғыш прокси сервері арқылы қосылатындай етіп орнатылған болса, **Epson Web Control** экраны көрсетілмейді. Проксис серверін пайдаланбай байланыс параметрлерін орнатыңыз.
- Проектордың **Operation** мәзірінде **Standby Mode** параметрін **Communication On** күйіне орнатсаңыз, желілік құрылғының қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Желі құрылғысын қосқаннан кейін проекторды қосыңыз.



Пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөз әріп түріне тәуелді.

## » Қатысты сілтемелер

- "Желілік мәзір - Желі параметрлері мәзірі" [p.247](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - Операция мәзірі" [p.238](#)

## Желілік дабылдың электрондық хабарламалары қабылданбаған кездегі шешімдер

Желідегі проектор ақаулықтары туралы электрондық хабарлама алмасаңыз, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проектордың қосылып тұрғандығына және желіге дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. (Егер қате нәтижесінде проектор өшсе, электрондық пошта хабары жеткізілмеуі мүмкін.)
- Проектор желісінің **Mail Notification** мәзірінде немесе желілік бағдарламалық жасақтамада проектордың электрондық хабарлама дабылының параметрлері дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Желілік бағдарламалық жасақтама проекторды күту режимінде бақылай алатындай проектордың **Operation** мәзіріндегі **Communication On** параметріне **Standby Mode** параметрін орнатыңыз. Сонымен қатар **Port** параметрін желі ортасына сәйкес өзгертіңіз.

#### » Қатысты сілтемелер

- "Желілік мәзір - Пошта хабарландыру мәзірі" [p.251](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - Операция мәзірі" [p.238](#)

## Желілік проекция кезінде кескіннің кедергілері болған кездегі шешімдер

Егер желілік проекция кезінде проекцияланған кескіннің кедергісі болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Қатынасу нүктесі, компьютер, мобильді құрылғы және проектор арасындағы кедергіні тексеріңіз және байланысты жақсарту үшін олардың орындарын өзгертіңіз.
- Қатынасу нүктесі, компьютер, мобильді құрылғы және проектор бір-бірінен алыс орналаспағандығына көз жеткізіңіз. Оларды бір-біріне жақын етіп жылжытып, қайта қосып көріңіз.
- Bluetooth құрылғысы немесе микротолқынды пеш сияқты құрылғы арқылы кедергіні тексеріңіз. Кедергі келтіретін құрылғыны алысқа жылжытыңыз немесе сымсыз өткізу мүмкіндігін кеңейтіңіз.
- Егер байланыс жылдамдығы төмендесе, қосылған құрылғылар санын азайтыңыз.

## Экранның айналық көрінісі арқылы қосу мүмкін емес болған кездегі шешімдер

Егер Screen Mirroring арқылы проекторға қосу мүмкін болмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Проектор параметрлерін тексеріңіз.
  - **Simple AP** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
    - ☛ **Network > Network Settings > Simple AP**
  - **Screen Mirroring** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
    - ☛ **Network > Network Settings > Network Projection > Screen Mirroring**
  - **Screen Mirroring** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз және **On** күйін қайта таңдаңыз.
    - ☛ **Network > Network Settings > Network Projection > Screen Mirroring**
- Мобильді құрылғы параметрлерін тексеріңіз.
  - Мобильді құрылғыдағы параметрлердің дұрыс екендігіне көз жеткізіңіз.
  - Ажыратылғаннан кейін дереу қайта қосылу кезінде, байланыс орнатылғанға дейін біршама уақыт алуы мүмкін. Біраз уақыттан кейін қайта қосыңыз.
  - Мобильді құрылғыны қайта іске қосыңыз.
  - Экранның айналық көрінісі арқылы қосылған кезде, проектор байланысы туралы ақпарат мобильді құрылғыға жазылуы мүмкін. Дегенмен, жазылған ақпарат арқылы проекторға қайта қосылу мүмкін болмайды. Қолжетімді құрылғылар тізімінен проекторды таңдаңыз.

#### » Қатысты сілтемелер

- "Желілік мәзір - Желі параметрлері мәзірі" [p.247](#)
- "Желілік мәзір - Желілік проекциялау мәзірі" [p.254](#)

## Екі экранды қосарлау көзін пайдалану мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер

Бір уақытта екі экранды қосарлау көзін пайдалану мүмкін болмаса, келесі шешімдерді қолданып көріңіз:

- **Interrupt Connection** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.
- ☛ **Network > Network Settings > Network Projection > Screen Mirroring**
- » **Қатысты сілтемелер**
- "Желілік мәзір - Желілік проекциялау мәзірі" [p.254](#)

## Screen Mirroring қосылымы барысында кескін немесе дыбыс кедергілері болған кездегі шешімдер

Егер Screen Mirroring арқылы қосу кезінде көрсетілген кескінде не дыбыста кедергі болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Мобильді құрылғының Wi-Fi антеннасын жабуға болмайды.
- Screen Mirroring байланысын және интернет байланысын бір уақытта пайдалансаңыз, кескін тоқтауы мүмкін немесе шуылы болуы мүмкін. Сымсыз өткізу мүмкіндігін кеңейту үшін және мобильді құрылғының байланыс жылдамдығын жақсарту үшін, интернет байланысын ажыратыңыз.
- Көрсету мазмұндарының Screen Mirroring талаптарына сай екендігіне көз жеткізіңіз.
- Мобильді құрылғының параметрлеріне байланысты, құрылғы қуатты үнемдеу режиміне қосылғанда, байланыс жоғалуы мүмкін. Мобильді құрылғыдағы электр қуатын үнемдеу параметрлерін тексеріңіз.
- Мобильді құрылғыдағы сымсыз жетекті немесе бағдарламаны ең соңғы нұсқасына жаңартыңыз.

## Ортақ кескіндерді қабылдау мүмкін болмайтын жағдайлар

Ортақ кескіндерді басқа проекторлардан қабылдау мүмкін болмаса, келесі шешімдерді орындаңыз:

- Проекторды кескіндерді ортақ пайдаланатын проектормен бір желіге қосыңыз.
- Проектордың Content Playback режимінде еместігін тексеріңіз (EB-775F/EB-770F).
- **Screen Sharing** параметрі **On** күйіне орнатылғанын тексеріңіз.  
☛ **Network > Network Settings > Network Projection > Screen Sharing**
- Проектор Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасы арқылы басқа құрылғы жалғанбағанын тексеріңіз.
- Экранды бөлісетін проекторлар арасында микробағдарлама нұсқасы бірдей болмаса, экраныңызды бөлісу үшін проекторыңыздың микробағдарламасын жаңарту қажет болуы мүмкін.
- » **Қатысты сілтемелер**
- "Желілік мәзір - Желілік проекциялау мәзірі" [p.254](#)

HDMI Link мүмкіндіктері арқылы жалғанған құрылғыны басқару мүмкін болмаса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Кабельдің HDMI СЕС стандартына сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.
- Жалғанған құрылғының HDMI СЕС стандартына сәйкес екеніне көз жеткізіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін құрылғымен бірге қамтамасыз етілген құжаттаманы қараңыз.
- HDMI Link үшін қажетті барлық кабельдердің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Жалғанған құрылғылардың қосулы және күту режимінде екеніне көз жеткізіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін құрылғымен бірге қамтамасыз етілген құжаттаманы қараңыз.
- Динамик қосқан болсаңыз, РСМ шығысына орнатыңыз.
- Жаңа құрылғы қоссаңыз немесе қосылымды өзгертсеңіз, СЕС функциясын жалғанған құрылғы үшін қайтадан орнатып, құрылғыны қайта қосыңыз.
- 4 немесе одан көп мультимедиа ойнатқыштарын жалғауға болмайды. Бір уақытта HDMI СЕС стандартына сай 3-ке дейін мультимедиа ойнатқыштарын жалғауға болады.

## » Қатысты сілтемелер

- "Бірнеше проектор басқару параметрлері - Көп проекция мәзірі" [p.263](#)

# Қосымша

Өніміңіз туралы техникалық сипаттамалар мен маңызды ескертпелерді мына бөлемдерден тексеріңіз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Қосымша аксессуарлар және ауыстыру бөлшектері" [p.312](#)
- "Экран Өлшемі және проекциялау қашықтығы" [p.314](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.317](#)
- "Проектор сипаттамалары" [p.318](#)
- "Сыртқы Өлшемдер" [p.321](#)
- "USB Display жүйесінің талаптары" [p.323](#)
- "Easy Interactive драйвер жүйесінің талаптары" [p.324](#)
- "Epson Projector Content Manager үшін қолдау көрсетілген мүмкіндіктер" [p.325](#)
- "Қауіпсіздік таңбалары мен нұсқаулар тізімі" [p.326](#)
- "Лазер қауіпсіздігі туралы ақпарат" [p.328](#)
- "Глоссарий" [p.330](#)
- "Ескертпелер" [p.332](#)



Төмендегі қосымша аксессуарлар мен ауыстыру бөлшектері бар. Бұл өнімдерді қажет кезде сатып алыңыз.

Төмендегі қосымша аксессуарлардың және ауыстыру бөлшектерінің тізімі мына мерзімнен бастап жарамды: қаңтар 2023.

Қосалқы құралдардың мәліметтері ескертусіз өзгертілуі мүмкін және қол жетімділік сатып алған елге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

## » Қатысты сілтемелер

- "Экрандар" [p.312](#)
- "Қондырғылар" [p.312](#)
- "Интерактивті мүмкіндікке арналған" [p.312](#)
- "Сыртқы құрылғылар" [p.312](#)
- "Ауыстыру бөлшектері" [p.313](#)
- "Сымсыз байланыс үшін" [p.313](#)
- "Басқа проекторлардағы үйлесімді керек-жарақтар" [p.313](#)

## Экрандар

### 50" тасымалды экраны ELPSC32

Оңай ұстап жүруге болатын шағын экран. (арақатынас 4:3)

## Қондырғылар

### Орнату тақтасы ELPMB62

Проекторды қабырғаға орнатқанда пайдаланыңыз.

### Төбе қондырғысы ELPMB23

Проекторды төбеге орнатқанда пайдаланыңыз.

### Төбе түтігі (450 мм) ELPFP13

### Төбе түтігі (700 мм) ELPFP14

Проекторды биік төбеге орнатқанда пайдаланыңыз.

### Интерактивті үстел бекіткіші ELPMB29

Проекторды үстелге орнатқанда пайдаланыңыз.

### ELPMB63 саусақ ізін оқу құрылғысының қабырға кронштейні (EB-770Fi/EB-760Wi)

Саусақ ізін оқу құрылғысын қабырғаға орнату кезінде пайдаланыңыз.



Проекторды төбеге ілу үшін арнайы білім қажет. Epson компаниясына хабарласыңыз.

## Интерактивті мүмкіндікке арналған

Интерактивті мүмкіндіктер тек EB-770Fi/EB-760Wi үшін қолжетімді.

### ELPPN05A интерактивті қаламы

### ELPPN05B интерактивті қаламы

Проекциялау бетінде компьютер экранын басқарғанда пайдаланыңыз.

### ELPPS03 ауыстырылатын қатты қалам ұштары

### ELPPS04 ауыстырылатын жұмсақ қалам ұштары

Интерактивті қаламға арналған ауыстырылатын қалам ұштары.

## Сыртқы құрылғылар

### Құжат камерасы ELPDC21

### Құжат камерасы ELPDC13

### Құжат камерасы ELPDC07

Кітаптар немесе басып шығарылған материалдар сияқты кескіндерді көрсету кезінде пайдаланыңыз.

### Сыртқы динамик ELPSP02

Өздігінен зарядталатын сыртқы динамик.

### Қосылым және басқару блогы ELPCEB03

Проектор қабырғаға орнатылғанда немесе төбеге ілінгенде, проектормен қол астында жұмыс істеу үшін қашықтан басқару пультын орнатыңыз.

### Саусақ ізін оқу құрылғысы ELPFT01 (EB-770Fi/EB-760Wi)

Бұны интерактивті сенсорлы операциялар үшін саусақтарыңызды пайдалану үшін орнатыңыз.

---

## Ауыстыру бөлшектері

### Ауа сүзгісі ELPAF60

Пайдаланылған ауа сүзгілерін ауыстыру үшін пайдаланыңыз.

---

## Сымсыз байланыс үшін

### Сымсыз жергілікті желі модулі ELPAP11

Мұны компьютерден кескіндерді сымсыз байланыс арқылы проекциялау үшін пайдаланыңыз.

### Wireless Presentation System ELPWP10

Windows/Mac компьютерлеріне тікелей жалғау және кескіндерді сымсыз проекциялау кезінде пайдаланыңыз. Екі сымсыз таратқышты (ELPWT01) және бір сымсыз жергілікті желі модулін (ELPAP11) қамтиды.

### Сымсыз таратқыш ELPWT10

Сымсыз көрсетілім жүйесіне арналған қосымша сымсыз таратқыш.

---

## Басқа проекторлардағы үйлесімді керек-жарақтар

Келесі қосымша керек-жарақтар үйлесімді.

### Қондырғылар

Орнату тақтасы ELPMB53

Орнату тақтасы ELPMB46

Орнату тақтасы ELPMB43

Орнату тақтасы ELPMB28

Проекторды қабырғаға орнатқанда пайдаланыңыз.

Интерактивті мүмкіндікке арналған (EB-770Fi/EB-760Wi)

Интерактивті қалам ELPPN04A/B

Интерактивті қалам ELPPN03A/B

Проекциялау бетінде компьютер экранын басқарғанда пайдаланыңыз.

### Сыртқы құрылғылар

Құжат камерасы ELPDC20

Құжат камерасы ELPDC12

Құжат камерасы ELPDC11

Құжат камерасы ELPDC06


Кітаптар, ОНР құжаттары немесе слайдтар сияқты кескіндерді проекциялағанда пайдаланыңыз.

Қосылым және басқару блогы ELPCB02

Қосылым және басқару блогы ELPCB01

Проектор қабырғаға орнатылғанда немесе төбеге ілінгенде, проектормен қол астында жұмыс істеу үшін қашықтан басқару пультын орнатыңыз.

Проекцияланған кескін өлшемінің негізінде проектордың экраннан қаншалықты алшақ орналасқанын анықтау үшін кестені қараңыз.



- ① Проекциялау қашықтығы (см)
- ② Проектордан экранның жоғарғы жағына дейінгі қашықтық (қабырғаға немесе төбеге орнатқанда немесе тік орнатқанда) (см)
- ③ Проектордан экранның төменгі жағына дейінгі қашықтық (қабырғаға немесе төбеге орнатқанда немесе тік орнатқанда) (см)
- ④ Объективтің ортасынан проектордың артына дейінгі қашықтық (см)

## EB-775F/EB-770Fi/EB-770F

16:9 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
60"	132.8 × 74.7	32.5	11.5	86.3
65"	143.9 × 80.9	35.6	13.0	94.0
70"	155.0 × 87.2	38.8	14.5	101.7
75"	166.0 × 93.4	42.0	16.0	109.4
80"	177.1 × 99.6	45.1	17.5	117.1
90"	199.2 × 112.1	51.4	20.5	132.5
100"	221.4 × 124.5	57.7	23.5	148.0
120"	265.7 × 149.4	70.3	29.4	178.8
150"	332.1 × 186.8	89.3	38.3	225.1

4:3 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
49"	99.6 × 74.7	32.5	11.5	86.2
55"	111.8 × 83.8	37.1	13.7	97.5
60"	121.9 × 91.4	41.0	15.5	107.0
65"	132.1 × 99.1	44.8	17.4	116.4
70"	142.2 × 106.7	48.7	19.2	125.9
75"	152.4 × 114.3	52.5	21.0	135.3
80"	162.6 × 121.9	56.4	22.8	144.7
100"	203.2 × 152.4	71.8	30.1	182.5
123"	249.9 × 187.5	89.6	38.5	225.9

16:10 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
55"	118.5 × 74.0	32.1	11.4	85.4
60"	129.2 × 80.8	35.6	13.0	93.8
65"	140.0 × 87.5	39.0	14.6	102.1
70"	150.8 × 94.2	42.4	16.2	110.4
80"	172.3 × 107.7	49.2	19.4	127.1
90"	193.9 × 121.2	56.0	22.6	143.8
100"	215.4 × 134.6	62.8	25.9	160.5
120"	258.5 × 161.5	76.5	32.3	193.8
139"	299.4 × 187.1	89.4	38.4	225.5

21:9 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
60"	140.1 × 60.0	34.6	21.9	81.9
65"	151.8 × 65.0	37.9	24.2	89.3
70"	163.4 × 70.0	41.2	26.6	96.6
80"	186.8 × 80.0	47.9	31.3	111.3
90"	210.1 × 90.0	54.5	36.0	126.1
100"	233.5 × 100.1	61.2	40.7	140.8
120"	280.2 × 120.1	74.5	50.1	170.2
142"	331.5 × 142.1	89.1	60.5	202.5

### EB-760Wi/EB-760W

16:6 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
56"	133.2 × 49.9	32.6	24.1	74.0
60"	142.7 × 53.5	35.3	26.2	79.8
65"	154.6 × 58.0	38.7	29.0	86.9
70"	166.5 × 62.4	42.1	31.7	94.1
80"	190.3 × 71.3	48.9	37.1	108.5
90"	214.0 × 80.3	55.6	42.5	122.8
100"	237.8 × 89.2	62.4	48.0	137.1
120"	285.4 × 107.0	76.0	58.8	165.8

16:10 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
60"	129.2 × 80.8	33.9	10.5	91.3
70"	150.8 × 94.2	40.5	13.3	107.6
75"	161.5 × 101.0	43.7	14.7	115.7
80"	172.3 × 107.7	47.0	16.1	123.8
90"	193.9 × 121.2	53.5	18.9	140.1
100"	215.4 × 134.6	60.1	21.7	156.4
120"	258.5 × 161.5	73.1	27.3	188.9
150"	323.1 × 201.9	92.7	35.8	237.7

21:9 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
57"	133.1 × 57.0	32.6	20.5	77.5

4:3 экран өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
53"	107.7 × 80.8	33.9	10.5	91.3

4:3 экран Өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
60"	121.9 × 91.4	39.1	12.7	104.2
65"	132.1 × 99.1	42.8	14.3	113.4
70"	142.2 × 106.7	46.5	15.9	122.6
80"	162.6 × 121.9	53.9	19.1	141.0
90"	182.9 × 137.2	61.3	22.3	159.4
100"	203.2 × 152.4	68.7	25.4	177.8
120"	243.8 × 182.9	83.5	31.8	214.7
132"	268.2 × 201.2	92.4	35.6	236.8

16:9 экран Өлшемі		①	②	③
		Минимум (Wide)	Минимум (Wide)	Минимум (Wide)
58"	128.4 × 72.2	33.7	14.4	86.6
60"	132.8 × 74.7	35.0	15.1	89.8
65"	143.9 × 80.9	38.4	16.9	97.9
70"	155.0 × 87.2	41.7	18.7	105.9
80"	177.1 × 99.6	48.4	22.3	121.9
90"	199.2 × 112.1	55.2	25.9	137.9
100"	221.4 × 124.5	61.9	29.4	154.0
120"	265.7 × 149.4	75.3	36.6	186.0
146"	323.2 × 181.8	92.8	45.9	227.7

Үйлесімді дисплей форматының әрқайсысы үшін үйлесімді жаңарту жиіліктері мен ажыратымдылықтары туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін *Specifications* бөлімін қараңыз.

Өнім атауы	EB-775F/EB-770Fi/EB-770F/EB-760Wi/EB-760W
Өлшемдер	356 (Е) × 133 (Б) × 395 (Т) мм (көтерілген бөлікті қоспағанда)
СКД панельдің өлшемі	<b>EB-775F/EB-770Fi/EB-770F:</b> 0,62" <b>EB-760Wi/EB-760W:</b> 0,59"
Көрсету әдісі	Полисиликонды TFT белсенді матрицасы
Ажыратымдылық	<b>EB-775F/EB-770Fi/EB-770F:</b> 2 073 600 нүкте Full HD (1920 (Е) × 1080 (Б) нүкте) × 3 <b>EB-760Wi/EB-760W:</b> 1 024 000 нүкте WXGA (1280 (Е) × 800 (Б) нүктелер) × 3
Фокусты реттеу	Қолмен
Масштаб реттеуі	1,0 - 1,35 (Сандық масштабтау)
Жарық көзі	Лазер диоды
Жарық көзінің шығыс қуаты	97 Вт-қа дейін
Толқын ұзындығы	449 - 461 нм
Жарық көзінің жарамдылық мерзімі *	Light Source Mode: Normal немесе Quiet: шамамен 20 000 сағатқа дейін Light Source Mode: Extended: шамамен 30 000 сағатқа дейін
Макс. аудио шығыс	16 W
Динамик	1
Қуат көзі	100-240 В АТ±10% 50/60 Гц 2,8 - 1,3 А
Жұмыс режиміндегі қуат тұтынуы (100 - 120 В аудан)	Light Source Mode: Normal, Custom: 277 Вт Light Source Mode: Quiet, Extended: 208 Вт
Жұмыс режиміндегі қуат тұтынуы (220 - 240 В аудан)	Light Source Mode: Normal, Custom: 263 Вт Light Source Mode: Quiet, Extended: 199 Вт


Құту режимінде қуатты тұтыну	Байланыс қосулы: 2,0 Вт Байланысты өшіру: 0,5 Вт
Жұмыс биіктігі	Биіктік 0 - 3048 м дейін
Жұмыс температурасы (бір проектор орнатуды пайдалану кезінде) **	0 - 2286 м биіктігі: 0 - +40°C (Ылғалдылығы 20 - 80%, конденсатсыз) 2287 - 3048 м биіктігі: 0 - +35°C (Ылғалдылығы 20 - 80%, конденсатсыз)
Жұмыс температурасы (бірнеше проектор орнатуды пайдалану кезінде) **	0 - 2286 м биіктігі: 0 - +35°C (Ылғалдылығы 20 - 80%, конденсатсыз) 2287 - 3048 м биіктігі: 0 - +30°C (Ылғалдылығы 20 - 80%, конденсатсыз)
Сақтау температурасы	-10 - +60°C (Ылғалдылығы 10 - 90%, конденсатсыз)
Салмақ	<b>EB-775F/EB-770F/EB-760W:</b> Шамамен 5,9 кг <b>EB-770Fi/EB-760Wi:</b> Шамамен 6,0 кг

\* Жарық көзі жарықтығының бастапқы мәннің жартысына дейін азайғанға дейінгі болжалды уақыт. (Проектор ауа құрамындағы бөлшектерінің мөлшері 0,04-0,2мг/м3 мөлшерінен кем болатын атмосферада пайдаланылады деп есептеледі. Болжамды уақыт проекторды пайдалануға және жұмыс жағдайларына байланысты әртүрлі болады.)

\*\* Қоршаған орта температурасы артқанда, жарық көзінің жарықтығы автоматты түрде күңгірттенеді. (0-2286 м аралығындағы биіктікте шамамен 35°C, ал 2287-3048 м аралығындағы биіктікте шамамен 30°C; дегенмен, қоршаған ортаға байланысты өзгеруі мүмкін.)

Көрсеткіштер жапсырмасы проектордың астыңғы жағына бекітілген.

## Интерактивті мүмкіндіктерді пайдалану кезіндегі еңкейту бұрышы (EB-770Fi/EB-760Wi)



Проектордың орналасуына қарамай, егер проекторды 3°-тан көбірек еңкейтілген бұрышпен пайдалансаңыз, ол зақымдалуы және сәтсіз жағдайға әкелуі мүмкін.

## Интерактивті мүмкіндіктерді пайдаланбайтын кездегі еңкейту бұрышы

Интерактивті мүмкіндіктерді пайдалануды жоспарламаған болсаңыз немесе проекторды интерактивті мүмкіндіктер болмаса, проекторды әртүрлі бұрышқа орнатуға болады. Проекторды қалай орнатуға болатынын тік немесе көлденең шектеу жоқ.

### » Қатысты сілтемелер

- "Коннектор сипаттамалары" [р.319](#)

Computer2/Monitor Out порты	1	Шағын D-Sub15 істік (ұялы)
Video порты	1	RCA істік ұясы
HDMI порты	3	HDMI (аудиоға тек PCM қолдау көрсетеді)
Audio порттары	3	Стерео мини істік ұясы
Audio Out порты	1	Стерео мини істік ұясы
RS-232C порты	1	Мини D-Sub 9 істікті (аталық)
USB-A порты	2	USB қосқышы (A түрі)
USB-B порты	1	USB қосқышы (B түрі)
LAN порты	1	RJ-45

## EB-770Fi/EB-760Wi

Computer1 порты	1	Мини D-Sub15 істікті (аналық)
Computer2/Monitor Out порты	1	Шағын D-Sub15 істік (ұялы)
Video порты	1	RCA істік ұясы
HDMI порты	3	HDMI (аудиоға тек PCM қолдау көрсетеді)
Audio порттары	3	Стерео мини істік ұясы
Audio Out порты	1	Стерео мини істік ұясы
Міс порты	1	Стерео мини істік ұясы
RS-232C порты	1	Мини D-Sub 9 істікті (аталық)
SYNC порты	2	Стерео мини істік ұясы
TCH порты	1	Шағын DIN 8 істік
USB-A порты	2	USB қосқышы (A түрі)
USB-B порты	2	USB қосқышы (B түрі)
LAN порты	1	RJ-45

## Коннектор сипаттамалары

### EB-775F

Computer1 порты	1	Мини D-Sub15 істікті (аналық)
-----------------	---	-------------------------------




## EB-770F/EB-760W



Computer1 порты	1	Мини D-Sub15 істікті (аналық)
Computer2/Monitor Out порты	1	Шағын D-Sub15 істік (ұялы)
Video порты	1	RCA істік ұясы
HDMI порты	3	HDMI (аудиоға тек PCM қолдау көрсетеді)
Audio порттары	3	Стерео мини істік ұясы
Audio Out порты	1	Стерео мини істік ұясы
Mic порты	1	Стерео мини істік ұясы
RS-232C порты	1	Мини D-Sub 9 істікті (аталық)
USB-A порты	2	USB қосқышы (A түрі)
USB-B порты	1	USB қосқышы (B түрі)
LAN порты	1	RJ-45



- USB порттарының USB қолдайтын барлық құрылғыларда жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.
- USB-B порты USB 1.1 пішіміне қолдау көрсетпейді.



1 Проекциялау объективінің ортасы



- ② Проекциялау объективінің ортасынан төбеге орнату нүктелеріне дейінгі қашықтық

Бұл суреттердегі бірлік - мм.

Проектордың Epson USB Display бағдарламалық жасақтамасын пайдалану үшін, компьютеріңіз келесі талаптарға сәйкес болуы қажет.

Талап	Windows	Mac
Операциялық жүйе	Windows 8.1 <ul style="list-style-type: none"> <li>• Windows 8.1 (32 және 64 биттік)</li> <li>• Windows 8.1 Pro (32 және 64 биттік)</li> <li>• Windows 8.1 Enterprise (32 және 64 биттік)</li> </ul>	macOS <ul style="list-style-type: none"> <li>• 10.13.x (64 биттік)</li> <li>• 10.14.x (64 биттік)</li> <li>• 10.15.x (64 биттік)</li> <li>• 11.0.x (64 биттік)</li> <li>• 12.0.x (64 биттік)</li> </ul>
	Windows 10 <ul style="list-style-type: none"> <li>• Windows 10 Home (32 және 64 биттік)</li> <li>• Windows 10 Pro (32 және 64 биттік)</li> <li>• Windows 10 Enterprise (32 және 64 биттік)</li> </ul>	
	Windows 11 <ul style="list-style-type: none"> <li>• Windows 11 Home (64 биттік)</li> <li>• Windows 11 Pro (64 биттік)</li> <li>• Windows 11 Enterprise (64 биттік)</li> <li>• Windows 11 Education (64 биттік)</li> </ul>	
Орталық процессор	Intel Core2Duo немесе одан жылдам (Intel Core i3 немесе одан жылдамырақ ұсынылады)	Intel Core2Duo немесе одан жылдам (Intel Core i5 немесе одан жылдамырақ ұсынылады)
Жад	2 ГБ немесе одан артық (4 ГБ немесе одан көп ұсынылады)	
Қатты дисктегі бос орын	20 МБ немесе одан көп	
Дисплей	640 × 480 және 1920 × 1200 арасындағы ажыратымдылық 16 биттік түс немесе одан үлкенірек	

Mac компьютерінде интерактивті режимді қолдану үшін, Mac компьютерінде қарапайым интерактивті драйверін орнату қажет. Mac компьютері төмендегі бағдарламалық жасақтама жүйесінің талаптарына жауап беретінін тексеріңіз.










Бұл бағдарламалық жасақтаманы тек EB-770Fi/EB-760Wi үшін орнатуға болады.








Талап	Mac
Операциялық жүйе	macOS <ul style="list-style-type: none"><li>• 10.12.x (64 биттік)</li><li>• 10.13.x (64 биттік)</li><li>• 10.14.x (64 биттік)</li><li>• 10.15.x (64 биттік)</li><li>• 11.0.x (64 биттік)</li></ul>
Орталық процессор	Core2 Duo 1,2 ГГц немесе одан жылдамырақ (Core i5 немесе одан жылдамырақ ұсынылады)
Жады	2 ГБ немесе одан артық Ұсынылған: 4 Гбайт не одан артық
Қатты дисктегі бос орын	100 МБ немесе одан көп
Дисплей	XGA (1024 × 768) пішімінен төмен емес және WUXGA (1920 × 1200) пішімінен жоғары емес ажыратымдылықтар 16 биттік түс немесе одан үлкенірек

Сіздің проекторыңыз Epson Projector Content Manager бағдарламалық жасақтамасының келесі мүмкіндіктері мен опцияларын қолдайды.

Мүмкіндіктер/Опциялар		EB-775F/EB-770F
Бір уақытта ойнату		-
Ойнату тізімін проекторға желі арқылы сақтау		✓
<b>Settings &gt; Video Format</b>	Auto Select	✓
	AVI Format	✓
	MP4 Format	✓

Келесі кесте жабдыққа жапсырылған қауіпсіздік таңбаларының мағынасын тізімдейді.

No.	Таңба белгісі	Мақұлданған стандарттар	Сипаттама
1		IEC60417 No. 5007	"ҚОСУЛЫ" (қуат) Қуат көзіне жалғаулы екенін көрсету үшін.
2		IEC60417 No. 5008	"ӨШІРУЛІ" (қуат) Қуат көзінен ажыратылғанын көрсету үшін.
3		IEC60417 No. 5009	Күту Күту жағдайына әкелу үшін жабдықтың қай бөлігі қосулы екені арқылы қосқышты немесе қосқыш күйін анықтау үшін.
4		ISO7000 No. 0434B, IEC3864-B3.1	Абай болыңыз Өнімді пайдалану кезінде жалпы сақтандыруды анықтау үшін.
5		IEC60417 No. 5041	Абай болыңыз, ыстық бет Белгіленген элементтің ыстық болуы мүмкін екені және мұқият болу қажеттігін көрсету үшін.
6		IEC60417 No. 6042 ISO3864-B3.6	Абай болыңыз, ток соғу қаупі Жабдықтың ток соғу қаупі бар екенін анықтау үшін.
7		IEC60417 No. 5957	Тек бөлме ішінде қолдануға арналған Электр жабдықтың тек көбіне бөлме ішінде қолдануға арналғанын анықтау үшін.

No.	Таңба белгісі	Мақұлданған стандарттар	Сипаттама
8		IEC60417 No. 5926	Тұрақты қуат қосқышының кереғарлығы Тұрақты қуат қосқышының қосылуы мүмкін жабдық бөлігіндегі оң және теріс қосылымдарды (кереғарлық) анықтау үшін.
9		—	Но. 8 бірдей.
10		IEC60417 No. 5001B	Батарея, жалпы Батарея арқылы қуаттанатын жабдықта. Құрылғыны анықтау үшін, мысалы, батарея бөлімінің қақпағы немесе қосқыш терминалдары.
11		IEC60417 No. 5002	Ұяшықты орналастыру Батарея ұстағышын анықтау және ұяшық(тар)дың батарея ұстағышының ішінде орналасуын анықтау үшін.
12		—	Но. 11 бірдей.
13		IEC60417 No. 5019	Қорғағыш жер қосылымы Ақаулық немесе қорғағыш жер қосылымы электродының терминалы жағдайларында ток соғудан қорғайтын сыртқы өткізгішке қосылуға арналған кез келген терминалды анықтау үшін.
14		IEC60417 No. 5017	Жер Но. 13 белгісі талап етілмейтін жағдайларда жерге қосуға арналған терминалды анықтау үшін.

No.	Таңба белгісі	Мақұлданған стандарттар	Сипаттама
15		IEC60417 No. 5032	Айнымалы ток Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек айнымалы токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.
16		IEC60417 No. 5031	Тікелей ток Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек тікелей токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.
17		IEC60417 No. 5172	II класты жабдық Жабдықтың IEC 61140 стандартына сәйкес II класты жабдыққа арналған қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндігін анықтау үшін.
18		ISO 3864	Жалпы тыйым Тыйым салынған әрекеттер немесе операцияларды анықтау үшін.
19		ISO 3864	Жанасу тыйымы Жабдықтың белгілі бір бөлшектеріне жанасудан туындайтын жарақаттарды көрсету үшін.
20		—	Шам қосулы кезде оптикалық объектив ішіне ешқашан қарамаңыз.
21		—	Белгіленген элементте проекторға ештеңе қоюға болмайтындығын көрсету үшін.
22		ISO3864 IEC60825-1	Абай болыңыз, лазерлі сәулелендіру Жабдықтың лазерлі сәулелендіру бөлшегі бар екендігін көрсету үшін.

No.	Таңба белгісі	Мақұлданған стандарттар	Сипаттама
23		ISO 3864	Бөлшектеу тыйымы Жабдық бөлшектелген болса, ток соғу сияқты жарақат қауіпін көрсету үшін.
24		IEC60417 No. 5266	Күту, ішінара күту Құрылғының дайын күйінде екенін көрсетуге арналған.
25		ISO3864 IEC60417 No. 5057	Ескерту, жылжымалы бөлшектер Қорғау стандарттарына сәйкес жылжымалы бөлшектерден алшақ ұстану қажеттігін көрсетуге арналған.
26		IEC60417 No. 6056	Абай болыңыз (қозғалмалы желдеткіш қалақтары) Сақтық үшін қозғалмалы желдеткіш қалақтарынан алысырақ тұрыңыз.
27		IEC60417 No. 6043	Абай болыңыз (өткір бұрыштар) Ұстауға болмайтын өткір бұрыштарын көрсету үшін.
28		—	Проекциялау кезінде объективке қарауға тыйым салынғанын көрсету үшін.
29		ISO7010 No. W027 ISO 3864	Ескерту, Оптикалық сәулелену (ультракүлгін, көзге көрінетін сәуле, инфрақызыл сәулелер сияқты) Оптикалық сәулелену орнына жақын болғанда, көзіңізге және теріңізге зақым келуіне жол бермеңіз.
30		IEC60417 No. 5109	Тұрғын үй орнында пайдаланылмайды. Тұрғын үй орнында пайдалануға үйлесімсіз электр жабдығын анықтауға үшін.



Бұл проектор - лазерлерге арналған IEC/EN60825-1:2014 халықаралық стандартына сай келетін I-кластағы лазерлік өнім.

Проекторды пайдалану кезінде осы қауіпсіздік бойынша нұсқауларды орындаңыз.

## ⚠ Ескерту

- Проектордың корпусын ашпаңыз. Проекторда қуаты жоғары лазер бар.
- Бұл өнімнен қауіпті оптикалық радиация шығады. Жұмыс істеп тұрған жарық көзіне қарамаңыз. Көз зақымдалуы мүмкін.

## ⚠ Абай болыңыз

Проекторды жою барысында оны бөлшектемеңіз. Жергілікті немесе ұлттық заңдарға және ережелерге сәйкес алып тастаңыз.



Проектор лазерді жарық көзі ретінде пайдаланады. Лазердің сипаттамалары төмендегідей.

- Қоршаған ортаға байланысты, жарық көзінің жарықтығы нашарлауы мүмкін. Температура өте жоғары болғанда жарықтық қатты нашарлайды.
- Жарық көзінің жарықтығы қолданылған сайын нашарлай береді. Жарықтық параметрлерінде қолданыс уақыты мен жарықтықтағы нашарлау арасындағы қатынасты өзгерте аласыз.

## » Қатысты сілтемелер

- "Лазердің ескерту жапсырмалары" [p.328](#)

## Лазердің ескерту жапсырмалары


Лазердің ескерту жапсырмалары проекторға бекітіледі.

## Іші



## Жоғарғы жағы


Кез келген ашық жарықтық көзі сияқты, сәулеге тіке қарамаңыз, RG2 IEC/EN 62471-5:2015.



- Лазер шамы қосулы кезде проектор объективіне ешқашан қарамаңыз. Ол көзіңізді зақымдауы мүмкін, әсіресе балалар және үй жануарлары үшін қауіпті.
- Қашықтан басқару пультын қолданатын қашықтықта проекторды қосқан кезде, ешкімнің линзаларға қарамайтынын тексеріңіз.
- Кішкентай балалардың проекторды пайдалануына жол бермеңіз. Балаларды ересектер бақылап отыруы керек.
- Проекциялау кезінде объективке қарамаңыз. Сонымен қатар үлкейткіш әйнек немесе телескоп сияқты оптикалық құрылғылармен объективтің ішіне қарамаңыз. Бұл көзі қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін.

Лазерлік өнімдерге арналған FDA өнімділік стандарттарына сәйкес келеді, IEC 62471-5: 1.0 басылымында анықталған LIP 2-қауіп тобына сәйкес өнімдерден басқа. Қосымша ақпаратты 2019 жылы 8 маусымдағы № 57 Лазерлік ескертуін қараңыз.

## Астыңғы жағы



Бұл проектор – EN50689:2021 стандартына сай келетін тұтынушының 1-кластағы лазерлік өнімі.

Проекторда бекітілетін жапсырма елдерге және аймақтарға байланысты әртүрлі болады.

Бұл бөлімде осы нұсқаулықтың мәтінде түсіндірілмеген қиын терминдер қысқаша түсіндірілген. Мәліметтер алу үшін басқа сатылатын жарияланымдарды қараңыз.

AMX Device Discovery	AMX Device Discovery технологиясын AMX компаниясы мақсатты жабдық үшін AMX басқару жүйесінің жеңіл жұмысын қамтамасыз ету үшін ұсынған. Epson бұл протокол технологиясын жүзеге асырды және протокол функциясын қосуға арналған (ON) параметрді ұсынды. Толық ақпарат алу үшін AMX веб-сайтына кіріңіз. URL <a href="http://www.amx.com/">http://www.amx.com/</a>
Арақатынас	Кескіннің ұзындығы мен биіктігі арасындағы қатынас. HDTV экрандары сияқты 16:9 көлденеңтік қатынасы бар экрандар кең экрандар ретінде белгілі. SDTV және жалпы компьютер дисплейлерінің арақатынасы 4:3 болады.
Композиттік бейне	Бір кабель арқылы тасымалдау үшін бейне сигналын жарықтық құрамдасына және түс құрамдасына біріктіретін әдіс.
Контраст	Мәтінді және графиканы анығырақ көрсету немесе жұмсағырақ көрсету үшін кескіннің жарық және күңгірт аймақтарының салыстырмалы жарықтығын арттыруға немесе азайтуға болады. Кескіннің нақты осы сипатын реттеу контрастты реттеу деп аталады.
DHCP	Dynamic Host Configuration Protocol аббревиатурасы, бұл протокол желіге қосылған жабдыққа IP мекенжайды автоматты түрде тағайындайды.
Full HD	1920 (көлденең) × 1080 (тік) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
DICOM	Digital Imaging and Communications in Medicine аббревиатурасы болып табылады. Медициналық кескіндер үшін кескін стандарттары мен байланыстар протоколын анықтайтын халықаралық стандарт.
Шлюз мекенжайы	Бұл - желі бүркеніші бойынша бөлінген желі (ішкі желі) арқылы байланысуға арналған сервер (маршрутизатор).

HDCP	HDCP - High-bandwidth Digital Content Protection аббревиатурасы. Ол DVI және HDMI порттары арқылы жіберілетін сандық сигналдарды шифрлау арқылы заңсыз көшіруді болдырмайды және авторлық құқықтарды қорғайды. Осы проектордағы HDMI порты және HDCP қолдайтындықтан, ол HDCP технологиясы арқылы қорғалған сандық кескіндерді проекциялай алады. Бірақ, проектор HDCP шифрлауының жаңартылған немесе түзетілген нұсқаларының көмегімен қорғалған кескіндерді проекциялай алмауы мүмкін.
HDMI™	High Definition Multimedia Interface (Анықтығы жоғары мультимедиа интерфейсі) қысқартуы. HDMI™ — сандық тұтынушылық электроникаға және компьютерлерге арналған стандарт. Бұл — HD кескіндерін және көп арналы аудио сигналдарды сандық түрде тасымалдау стандарты. Сандық сигналды қыспау арқылы кескінді ең жоғары мүмкін сапамен тасымалдауға болады. Сондай-ақ, ол сандық сигнал үшін шифрлау функциясын қамтамасыз етеді.
HDTV	Келесі шарттарды орындайтын анықтығы жоғары жүйелерді білдіретін High-Definition Television аббревиатурасы: <ul style="list-style-type: none"> <li>• 720p немесе 1080i немесе үлкенірек тік мүмкіндік (p = прогрессивті, i = кезекті)</li> <li>• 16:9 экран пропорционалдық коэффициенті</li> </ul>
Инфрақұрылым режимі	Құрылғылар кіру нүктелері арқылы байланысатын сымсыз жергілікті желі қосылымы әдісі.
Кезектескен	Бір экранды жасау үшін қажет ақпаратты әрбір екінші жолды кескіннің жоғарғы жағынан бастап және төменге дейін жұмыс істеп жіберу арқылы тасымалдайды. Кескіндердің жыпылықтау ықтималдығы жоғарырақ, өйткені бір жақтау әр екінші жолда көрсетіледі.
IP мекенжайы	Желіге қосылған компьютерді білдіретін нөмір.

Прогрессивті	Бір жақтау үшін кескінді көрсетіп, бір уақытта бір экранда жасау үшін ақпаратты проекциялайды. Тіпті сканерлеу сызықтарының саны бірдей болса да, кескіндердегі жыпылықтаудың мөлшері азаяды, Өйткені ақпараттың көлемі кезектескен жүйемен салыстырғанда екі есе көбееді.
Жаңарту жиілігі	Дисплейдің жарық шығаратын элементі өте қысқа уақыт бойы бірдей жарықтықты және түсті сақтайды. Осыған байланысты кескін жарық шығаратын элементті жаңарту үшін секунд сайын көп рет сканерленуі мүмкін. Өр секундтағы жаңарту әрекеттерінің саны жаңарту жиілігі деп аталады және герц (Гц) түрінде көрсетіледі.
SDTV	Standard Definition Television аббревиатурасы. Ол HDTV анықтығы жоғары теледидарының шарттарын орындамайтын стандартты теледидар жүйелерін білдіреді.
SNMP	Simple Network Management Protocol аббревиатурасы. Бұл - TCP/IP желісіне қосылған маршрутизаторлар және компьютерлер сияқты құрылғыларды бақылауға және басқаруға арналған протокол.
sRGB	Бейне жабдық көрсететін түстерді компьютер операциялық жүйелері (ОЖ) және интернет оңай өңдей алатындай тұжырымдалған түс аралықтарының халықаралық стандарты. Егер қосылған көзде sRGB режимі бар болса, проекторды да, қосылған сигнал көзін де sRGB деп орнатыңыз.
SSID	SSID - сымсыз жергілікті желідегі басқа құрылғыға қосуға арналған идентификация дерегі. SSID бірдей құрылғылар арасында сымсыз байланыс орнатуға болады.
Ішкі желі бүркеніші	Бұл - IP мекенжайынан бөлінген желіде (ішкі желіде) желілік мекенжай үшін пайдаланылатын биттер санын анықтайтын сандық мән.
SVGA	800 (көлденең) × 600 (тік) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
SXGA	1280 (көлденең) × 1024 (тік) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.

Синхр.	Компьютерлерден шығарылатын сигналдардың белгілі бір жиілігі болады. Егер проектордың жиілігі осы жиілікке сәйкес болмаса, нәтижесіндегі кескіндердің сапасы жақсы болмайды. Осы сигналдардың фазаларын сәйкестендіру (сигналдағы шыңдардың және ойыстардың салыстырмалы орны) синхрондау деп аталады. Егер сигналдар синхрондалмаса, жыпылықтау, бұлдырау және көлденең кедергі орын алады.
Бақылау	Компьютерлерден шығарылатын сигналдардың белгілі бір жиілігі болады. Егер проектордың жиілігі осы жиілікке сәйкес болмаса, нәтижесіндегі кескіндердің сапасы жақсы болмайды. Осы сигналдардың жиілігін сәйкестендіру процесі (сигналдағы шыңдардың саны) бақылау деп аталады. Егер Tracking дұрыс орындалмаса, сигналда кең тік жолақтар пайда болады.
Кідіртудің IP мекенжайы	Бұл - SNMP протоколында қате туралы хабарландыру үшін пайдаланылатын мақсатты компьютердің IP мекенжайы.
VGA	640 (көлденең) × 480 (тік) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
XGA	1024 (көлденең) × 768 (тік) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
WXGA	1280 (көлденең) × 800 (тік) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
WUXGA	1920 (көлденең) × 1200 (тік) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.

Проекторыңыз туралы маңызды ескертпелерді осы бөлімдерден қараңыз.

» **Қатысты сілтемелер**

- "Indication of the manufacturer and the importer in accordance with requirements of EU directive" [p.332](#)
- "Indication of the manufacturer and the importer in accordance with requirements of United Kingdom directive" [p.332](#)
- "Пайдалану бойынша шектеулер" [p.332](#)
- "Операциялық жүйе сілтемелері" [p.332](#)
- "Сауда белгілері" [p.333](#)
- "Авторлық құқық мәлімдемесі" [p.333](#)
- "Авторлық құқық анықтамасы" [p.334](#)

## Indication of the manufacturer and the importer in accordance with requirements of EU directive

Manufacturer: SEIKO EPSON CORPORATION  
Address: 3-5, Owa 3-chome, Suwa-shi, Nagano-ken 392-8502 Japan  
Telephone: 81-266-52-3131  
<http://www.epson.com/>

Importer: EPSON EUROPE B.V.  
Address: Atlas Arena, Asia Building, Hoogoorddreef 5,1101 BA Amsterdam  
Zuidoost  
The Netherlands  
Telephone: 31-20-314-5000  
<http://www.epson.eu/>

## Indication of the manufacturer and the importer in accordance with requirements of United Kingdom directive

Manufacturer: SEIKO EPSON CORPORATION  
Address: 3-5, Owa 3-chome, Suwa-shi, Nagano-ken 392-8502 Japan  
Telephone: 81-266-52-3131  
<http://www.epson.com/>

Importer: Epson (UK) Ltd.  
Address: Westside, London Road, Hemel Hempstead, Hertfordshire, HP3 9TD,  
United Kingdom  
<http://www.epson.co.uk>

## Пайдалану бойынша шектеулер

Бұл өнім авиация, теміржол, теңіз, автокөлік және т.б.; апаттардың алдын алу құрылғылары; түрлі қауіпсіздік құрылғылары және т.б.; немесе функционалды/дәл құрылғылар және т.б. сияқты сенімділік/қауіпсіздіктің жоғары деңгейін талап ететін жағдайлар үшін пайдаланылғанда, қауіпсіздік пен жалпы жүйе сенімділігін сақтау үшін өнімді тек құрылымының сенімділігі мен артықтықтығын қарастырғаннан кейін пайдалану керек. Бұл өнім авиағарыштық жабдық, негізгі байланыс жабдығы, атом қуатын басқару жабдығы немесе тікелей дәрігерлік жәрдемге қатысты медициналық жабдық және т.б. сияқты сенімділік/қауіпсіздіктің аса жоғары деңгейін талап ететін салаларда арналмағандықтан, осы өнімді толығымен бағалағаннан кейін оның қолайлылығын талдаңыз.

## Операциялық жүйе сілтемелері

- Microsoft® Windows® 8.1 операциялық жүйесі

- Microsoft® Windows® 10 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows® 11 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows Server® 2012 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows Server® 2016 операциялық жүйесі

Бұл нұсқаулықта, жоғарыдағы операциялық жүйелер "Windows 8.1", "Windows 10" және "Windows 11" деп аталады. Бұған қоса, оларды атау үшін "Windows" жиынтық термині пайдаланылады.

- macOS 10.12.x
- macOS 10.13.x
- macOS 10.14.x
- macOS 10.15.x
- macOS 11.0.x
- macOS 12.0.x

Бұл нұсқаулықта жоғарыдағы операциялық жүйелер "macOS 10.12.x", "macOS 10.13.x", "macOS 10.14.x", "macOS 10.15.x", "macOS 11.0.x" және "macOS 12.0.x" деп аталады. Бұған қоса, оларды атау үшін "Mac" жиынтық термині пайдаланылады.

## Сауда белгілері

EPSON - тіркелген сауда белгісі, EXCEED YOUR VISION және олардың логотиптері Seiko Epson Corporation компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Mac және macOS — Apple Inc. компаниясының сауда белгілері.

Microsoft, Windows және Windows Server — Microsoft корпорациясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Wi-Fi®, WPA2®, WPA3® және Miracast® – Wi-Fi Alliance® сауда белгілері.

App Store — Apple Inc компаниясының қызмет көрсету белгісі.

Chrome, Chromebook және Google Play — Google LLC. компаниясының сауда белгілері.

HDMI, HDMI логотипі және High-Definition Multimedia Interface — HDMI Licensing Administrator, Inc. компаниясының сауда белгілері.



"QR Code" - DENSO WAVE INCORPORATED компаниясының тіркелген сауда белгісі.

PJLink сауда белгісі тіркеу үшін қолданылады және Жапония, Америка Құрама Штаттары және өзге де мемлекеттер мен аймақтарда тіркелген.

Foxit PDF SDK Copyright ©2011, Foxit Software Company  
www.foxitsoftware.com, All rights reserved.

Crestron®, Crestron Connected®, Crestron Fusion®, Crestron RoomView® және Crestron XiO Cloud® — Crestron Electronics, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгілері.

Art-Net™ Designed by and Copyright Artistic Licence Holdings Ltd.

Ubuntu және Canonical – Canonical Ltd компаниясының тіркелген сауда белгілері.

Intel® - АҚШ-тағы және/немесе басқа елдердегі Intel Corporation компаниясының сауда белгісі.

Eneloop® — Panasonic Group компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Мұнда пайдаланылған басқа өнім атаулары да тек идентификациялау мақсатында берілген және тиісті иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson осы белгілерге деген кез келген және барлық құқықтардан бас тартады.

## Авторлық құқық мәлімдемесі

Барлық құқықтары қорғалған. Бұл жарияланымның ешбір бөлігін Seiko Epson Corporation компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз көшірмелеуге, іздеу жүйесінде сақтауға немесе ешбір пішінде не ешбір жолмен, электрондық, механикалық, фотокөшіру, жазу не басқаша таратуға болмайды. Мұнда қамтылған ақпараттың қолданылуына байланысты ешқандай патенттік жауапкершілік қарастырылмаған. Сондай-ақ мұнда қамтылған ақпараттың қолданылу нәтижесінен пайда болған зақымдар үшін ешқандай жауапкершілік қарастырылмаған.

Seiko Epson Corporation компаниясы мен оның филиалдары келесі жағдайлардың нәтижесінде сатып алушы не үшінші тараптар тап болған зақымдар, шығындар не ұсталымдар үшін осы өнімнің сатып алушысы не үшінші тараптарға жауап бермейді: жазатайым оқиға, қате пайдалану немесе осы өнімді теріс пайдалану немесе осы өнімді рұқсатсыз өзгерту, жөндеу не түрлендіру немесе (АҚШ қоспағанда) Seiko Epson Corporation басқару және техникалық қызмет көрсету нұсқауларын бұлжытпай орындамау.

Seiko Epson Corporation компаниясы түпнұсқалы Epson өнімдерінен немесе Seiko Epson Corporation компаниясы мақұлдаған Epson өнімдері ретінде белгіленгендерден басқа кез келген опциялар не кез келген тұтынылатын өнімдердің қолданылуынан пайда болған ешқандай зақымдар мен мәселелер үшін жауапкершілігін көтермейді.

Бұл нұсқаулық ескертусіз өзгертілуі не жаңартылуы мүмкін.

Бұл нұсқаулықтағы суреттер мен нақты проектор арасында айырмашылық болуы мүмкін.

---

## Авторлық құқық анықтамасы

Бұл ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

© 2023 Seiko Epson Corporation

2023.1 414347900KK